

## КІРІСПЕ

Еліміз егемендік алғалы Елбасы Н.Ә.Назарбаев тарихи-мәдени мұраларды жинау, зерттеу, сақтау ісіне айрықша көңіл бөлумен келеді. Тіпті, соңғы жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көптеген ғылыми экспедициялар жасалып, ел ішінен ұмытыла бастаған дәстүрлі ән, күйлер жинақталды. Олар ғылыми айналымға түсіп, нотаға түсіріліп, этнографиялық жинақтарға енгізілді. Бұрын-соңды қазақ елінің тарихында болмаған мұндай ауқымды бағдарлама одан әрі қарай ғылыми бағытта да жалғасын табуда.

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихы бар музыкалық қазынасының терең бір арнасы – ән өнері. Бұл өнер заманалардың қатал сын-дауылдарынан мүдірместен өтіп, өзінің сан қырлы көркемдік сипатымен сақталынып, көшпелілердің биік руханияты мен мәдениетінің сарқылмас бұлағына айналды. Қазақ әндері о баста ауызекі түрде шығып, тарап, өз тыңдаушыларының жүрегіне биік орнығып, әр заманда сұрыпталып, сан түрлі бояуларымен, міне ХХІ ғасырға да жетіп отыр.

Қазақ әндерінің сондайлық әдемілігі, әуезділігі туралы көптеген орыс және шетел зерттеушілері өз еңбектерінде айтып кеткен. Солардың бірі А.Е.Алекторов (1816-1918) 1893 жылы шыққан «Астраханский вестник» журналында былай дейді: «Байырғы әндер бір рудан екінші руға жайылып, уақыт өткен сайын жаңғыра шындалып отырады, қырғыздар (қазақтар) өздерінің халық әндерін, ол әндерді айтатын әншілерін мейлінше жақсы көреді, былайша айтқанда, әрбір қырғызды әнші деуге болады» [1,52]. Данышпан Абай адам баласының туғаннан жамбасы жерге тигенше өмірі әнмен байланысты екендігін: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, – өлеңмен жер қойнына кірер денен» – деп келтіреді. [2]. Қазақ халқының ән өнері бүгінгі таңда ұрпақ алдында өз жемісін беруде.

Кейбір кер заманда қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік оқиғалар халық әндерінің тағдырына да кері әсер еткені анық. Мәселен, кешегі қызыл империяның ызғары қазақтың ән өнеріне өзінің сұсты көлеңкесін түсіріп кетті. Өйткені, қаншама әндер авторларының аты-жөнін ашық айтуға болмағандықтан, олардың көшпелі халық әндері қатарына барып қосылған болса, енді біразы әлі де иесін таппай жүр. Сондай-ақ, кейбір әндердің әуендері ұқсас болып келгенімен, ән мәтінінде алшақтық байқалады. Енді бірсыпыра әндер қоғамдық-әлеуметтік игі өзгерістердің әсерінен заңды иелерін тауып та жатыр.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Қазақтың әншілік өнері еліміздің жағрафиялық орналасуына байланысты бірнеше мектептерге бөлінеді. Олар – Батыс, Арқа және Жетісу әншілік мектептері. Батыс әншілік мектебінің іргетасын қалаған Мұхит сал, оның жалғастырушылары Ауқат, Қиса, Аманғали, Қайып, Ғарекендер болса, Арқадағы әншілік – Ақан сері, Біржан сал, Сегіз сері, Жаяу Мұса, Мәди, ұзын тізбегі оншақты әнші-сазгерлердің есімдерімен байланысты.

Жетісу жері де әнші-композиторларға кенде емес. Олардың алды Кенен

Әзірбайұлы, Қапез Байғабылұлы, Пішан Жәлмендеұлы, Сәдіқожа Мошанұлы, Сауытбектер болса, кейінгі әншілік өнер Қарға, Әсімхан, Дәнештермен жалғасқан. Солардың бірегейі, Жетісу әншілік мектебіне ту тіккен әнші, ақын, сазгер Кенен Әзірбайұлының өмірі мен шығармашылығы жіті зерттеуді қажет етеді.

Ұсынылып отырған ғылыми жұмысымызда Кеңес дәуірінде тиым салынып келген немесе кештеу зерттеле бастаған ХІХ ғасырда ақындық, әншілік, сазгерлік өнердің ірі өкілдерінің бірі саналған және дәстүрлі айтыс өнерінің ақтаңгері атанған Кенен Әзірбайұлының (1884-1976) шығармашылық музыкалық мұрасы зерттеледі.

Кенен Әзірбайұлының барлық музыкалық шығармашылығын алғаш рет тұтастай толық қарап, оның музыкалық ерекшеліктерін анықтау.

Кенен Әзірбайұлының музыкалық шығармашылығын түбегейлі зерттеп, атап айтқанда, әндерінің ерекшеліктерін, маңыздылығын тереңірек зерделеу қажет. Жоғарыда айтылған мәселелердің негізінде қазақ музыка өнері тарихында арнайы ғылыми зерттеу арналмаған Кенен Әзірбайұлының музыкалық шығармашылығын тұтас көркем құбылыс ретінде зерделеп шығу тақырыптың өзектілігін дәлелдейді.

**Зерттеу нысаны** – Жетісу өңірі дәстүрлі ән өнерінің көрнекті өкілі, әрі негізін қалаушы Кенен Әзірбайұлының әншілік шығармашылығы.

**Зерттеу пәні** - Кенен Әзірбайұлының әншілік шығармашылығының қалыптасуы және Кенен әндерінің тарихы, оқу орындарына әндерін үйрету әдістемесі.

**Зерттеу болжамы:** Егер жоғары оқу орындарында Жетісу әншілік мектебінің ірі өкілі Кенен әндерін үйретудің әдіс-тәсілдерінің нақты әдістемелік негізі жасалып оқытылса, студенттердің шығармашылық іс-әрекеттері жүйелі түрде дамып, мамандыққа деген қызығушылығы арта түсер еді.

**Зерттеу жұмысының мақсаты** – ХІХ ғасырда өмір сүрген ақын, әнші, сазгер Кенен Әзірбайұлының музыкалық әндерін жинақтау, оның шығармашылығын қазақ өнер тарихы аспектісінде дәуірлік сипаттарын айқындау және тақырыптық, көркемдік тіліне талдау жасау арқылы тұтастай музыкалық тұрғыдан баға беру болып табылады.

Негізгі мақсатты орындау үшін осы диссертациялық жұмыста төмендегідей **міндеттер** қойылды:

1. Кенен Әзірбайұлы өмір сүрген дәуірдің қоғамдық саяси-әлеуметтік сипатын саралай отыра, оның жекелей ғұмырнамасы мен шығармашылығына баға беріледі;
2. Әнші туралы музыкалық-тарихи мағлұматтарды, архивтік деректерді, жеке адамдардың мұрағаттарын жинастырып, оларды жан-жақты сараптау жұмыстары жүргізіледі;
3. Әншілік, ақындық өнерін игерудегі, жетілдірудегі суырып салма шеберлігі мен әнші ретінде кәсіпқойлық деңгейіне музыкалық тұрғыдан сипаттама беріп, шығармаларына ғылыми жүйелік негізде

жан-жақты талдау нәтижесінде сазгер әндерінің тұтас музыкалық көркем тіл ерекшеліктері айқындалды. Әншінің ХІХ ғасырдағы Жетісу әншілік өнерінің қалыптасуына қосқан үлесі көрсетіледі;

4. Жетісу ән дәстүрі және Кенен әндерінің дербес стилі оқыту бағдарламаларындағы күзиреттілікті арттыруға және әннің аймақтық айрықша қасиеттерін сақтауда елеулі орындаушылық тәсілдері жан-жақты ғылыми сарапталады.

#### **Жетекші идея:**

Кенен шығармашылығын терең зерттеу, әндерінің тарихын жинақтау, Кенен әндерінің көркемдік тілін анықтап, репертуарын игертудің әдіс-тәсілдерін жетілдіру ғылыми-педагогикалық тұрғыдан маңызды мәселе. Себебі, Кенен әндерін игертудің әдіс-тәсілдері жүйелендіруді, нақтылауды қажет етеді.

#### **Зерттеу жұмысының ғылыми әдістемесі:**

Өнертанушылардың Кенен шығармашылығы хақындағы еңбектерге теориялық талдау; ғалымдардың домбырамен ән, ән-жыр өнері бағытындағы зерттеу еңбектерін теориялық талдау; белгілі орындаушылардың үн-бейне жазылымдарын тыңдау арқылы әнші-жыршылардың орындаушылық шеберліктеріне сараптама жасау. Зерттеу барысында белгілі музыка зерттеушілер А. Байгаскина, А. Темірбекова, С. Елеманова, И. Қожабеков, А. Бердібай, А. Мұқанова тағы басқа жетекші ғалымдардың зерттеу нәтижелері қолданады. Диссертациялық еңбекте тарихи-хронологиялық, салыстырмалы-теориялық және жүйелі, кешенді зерттеу әдістері қолданылды.

**Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейі.** Ұлттық өнертану, музыкатану ғылымында Кенен Әзірбайұлының өмірі мен шығармашылығы ғылыми тұрғыда арнайы зерттелген емес. Кенен мұрасы хақында тек әдебиетшілер - М. Әуезов [3], С. Мұқанов [4], Е. Ысмайылов [5], А. Жұбанов [6] және халық ақыны Ж. Жабаев құнды пікірлер айтты. Ал С. Бегалин [7], С. Бақбергенов [8], С. Сейітов [9], Т. Сыдықов [10], Ә. Тәжібаев [11], Н. Төреқұлов [12], М. Жолдасбеков [13], С. Негимов [14], Т. Кененова [15], А. Өтеннің [16], т. б. мақалалар мен естеліктер жазды. Әр жылдарда жазылған музыка зерттеуші-ғалымдар жалпы қазақтың дәстүрлі әніне қатысты ғылыми зерттеу мақалалары мен публицистикалық еңбектер, сонымен бірге Жетісу аймағының музыкалық дәстүрімен музыкалық фольклоры, ХХ ғасырдың басындағы хал-ахуалы А.Жұбановтың [6], Б.Ерзаковичтың [17], А.Темірбекованың [18], Ә.Нұғманованың [20], З.Қоспақовтың [21], С.Елеманованың [22], А.Бердібайдың [23], Ә.Сабиранованың [24], А.Мұқанованың [25], Б.Бәбіжанның [27] еңбектерінде кездеседі.

1984 жылы Н.Төреқұлов пен Б.Әзірбаевтың құрастыруымен «Кенен Әзірбаев» атты екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы [28], 1984 жылы шыққан Б.Қыдырбекова құрастырған «Шырқа даусым» әндер жинағы [29], 2000 жылы Кенен Әзірбаевтың өзінің атымен «Аңыздар сыры» жинағы [30], 2001 жылы «Екі Кенен тумайды» естеліктер жинағы [31], 2003 жылы Е.Қосбармақовтың құрастыруымен «Көпшілік, тыңда әнімді» 2004 жылы

ақынның 120 жылдық мерейтойына арналған Б.Кененұлының құрастыруымен «Әке рухымен сырласу» атты ақын туралы естеліктер мен мақалалар [32], 1998 жылы Т. Кененқызының авторлығымен «Кенен ата» естелік-эссесі [33], 2009 жылы жарық көрген Төрткен Кененқызының құрастыруымен «Дүлділ еді, бұлбұл еді Кенекең» атты естеліктер мен мақалалар жинағы [34], 2013 жылы Төрткен Кененқызының құрастыруымен «Қосылған қоңыр қазға ән мен үнім» әндер жинағы [35], 2008 жылы шыққан Е.Қосбармақовтың құрастыруымен шыққан «Көпшілік тыңда, әнімді» жинағы [36], 2008 жылы Е.Қосбармақовтың құрастыруымен шыққан «Алатау алабында» әндер жинағы [37], 2017 жылы Ш. Даржанованың құрастыруымен шыққан «Алатау әуендері» [38] әндер жинағы топтастырылып, кітап болып жарық көрді. Осы жарияланымдар бізге зерттеу материалы болды. Осының негізінде диссертациялық зерттеу барысында Кенен Әзірбайұлы жайлы тұтас әрі жүйелі көзқарас қалыптастыру міндеті тұрды.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.** XIX ғасырда қалыптасқан қазақтың кәсіби әншілік өнеріне, соның ішінде, Жетісу әншілік мектебінің қалыптасуына зор үлес қосқан Кенен Әзірбайұлы музыкалық шығармаларының алғаш рет толықтай жинақталып зерттелуінің өзі тақырыптың ғылыми сипатын көрсетеді.

Ақын мұраларын зерттеу барысында диссертациялық жұмыстың жаңалықты тұстары төмендегі мәселелерден көрінеді. **Тұңғыш рет:**

1. Кенен Әзірбайұлы шығармашылығы жайлы ғылыми жарияланымдар, баспасөз беттеріндегі өмірбаяндық деректер, Жамбыл, Балуан Шолақтың қалыптасқан рухани-мәдени орта ретінде Кенен шығармашылығының көркемдік талап пен талғамға әсері жайлы тұжырымдалған байламдар жасау арқылы дәлелденді;
2. Кененнің музыкалық-этнографиялық жинақтарындағы шашыранды мұрасы жинақталып, әндерінің тарихы бір еңбекте тоғысты; Жүйелі қарастырылған Кенен әндері тұңғыш музыкатану әдістемесімен ғылыми сарапталды;
3. Композитордың әндері кешенді талданып қарастырылды. Нәтижесінде Кенен әндері қазақтың дәстүрлі ән өнеріндегі айрықша орны бар көркем құбылыс ретінде бағаланады;
4. Кенен Әзірбайұлының әндері оқу орындарында оқытылуда күрделілігі сарапталып, студенттерге үйрету әдістемесі жасалынды.

**Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:**

1. Кенен Әзірбайұлы мұрасын Жетісу дәстүрінің кең тарихи аясында қарастыру оның дәстүрлі ән мәдениетіндегі дербес орнын айқындауға мүмкіндік берді. Ол әнші-композитордың XIX ғасырдың ауызша дамыған кәсіпқой ән өнері мен урбанизацияланған XX ғасыр жазбаша өнердің әсерлерінің үйлесімін құрайтындығын аша түсті. Осы үдерістер сазгер әндерінің тақырыптық желі, ән мен өлең сабақтастығы, ырғақ пен құрылым деңгейлерінде жүзеге асады;

2. Кенен Әзірбайұлының әндерін кезеңдестіру нәтижесінде сазгердің әншілік шығармашылығының музыкалық-тілдің ерекшеліктерінің жүйесі қазақтың кәсіби-халық әндерінен дәстүрлі құралдарынан алшақтап, өзге музыкалық мәдениеттердің бірқатар стилистикалық сипаттарын пішінін қабылдай бастағандығын көрсетті;

3. Кәсіпқой әншіге қойылатын қатаң талаптарды сипаттау, әсіресе аспап сүйемелін жетілдіре білу, суырып салма шеберлікті ұштау, аспаптық қайырымдарды меңгеру, аспаппен дауысты үйлестіре білу, тыныс алу сәттерін ұтымды пайдалану, дыбыс бояуына мән бере отырып, демді үнемдеу тәсілдері, әннің табиғатын аша мағынасын түсіну, сахна мәдениетін меңгеру жолында репертуарын жасақтау мәселелері талқылану арқылы осы маңызды дағдыларды оқушыларда қалыптастыру жолдары жеке педагогикалық тәжірибеден туындаған өз әдістемемнің инновациялары тұңғыш рет сарапталды;

**Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы.** Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен ғылыми тұжырымдардың, қорытынды пікірлердің практикалық мәні үлкен. Ғылыми нәтижелерді қазақ музыкасының тарихына, қазақ ән өнері өкілдеріне қатысты зерттеу жүргізгенде, музыкалық жоғары оқу орындары, музыка факультеттерінің қазақ бөлімдерінде, өнер университеттерінде қазақ музыка әдебиеті мен тарихын, орындаушылық өнер тарихын өту барысында, арнаулы курстар мен семинарларда, сондай-ақ гимназия, лицей, музыка пәнін, халық әні мамандығын тереңдетіп оқытатын мектептерде пайдалануға болады.

#### **Магистрлік диссертация қорытындыларының жариялануы**

Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша мынадай мақалалар жарық көрді:

1. Қазақтың кәсіби әншілік өнерінің қалыптасуы және орындаушылық ерекшеліктері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Өнертану сериясы 3(46) 2017 – Астана 2017. 24- бб;

2. Кенен, Кенен дейді ғой елдің бәрі // «Қазіргі заманғы музыкалық өнер мен білім беру саласындағы интеграциялық үдерістер» атты Халықаралық ғылыми – тәжірибиелік конференциясының материалдары. – Алматы, 2017. 97-102 бб;

3. Ән кемеңгері – Кенен // «Бастау» студенттік фильмдер мен киномектептердің VI Халық аралық кинофестивалі «Кино, телевизия және жаңа медиа: тілі, технологиялары, модельдері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.– Алматы, 2016. 193-196 бб;

4. Кененнің жұлдызы // Қазақ КСР-нің Халық әртісі Гүлжиһан Ғалиеваның өмірі мен қайталанбас мол рухани мұрасын дәріптеуге арналған «Қазақ эстрада өнері және кәсіптік білім саласындағы жаңа технологиялар» атты V-ші республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары // – Алматы, 2017. 96-102 бб;

5. Жетісу ән дәстүрінің негізін қалаушы Кенен Әзірбаев шығармашылығының қалыптасуы және зерттелуі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Өнер сериясы 3(58) 2018 – Астана, 2018. 267-270 бб.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен және қорытындыдан тұрады. Соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымша берілді. **Кіріспеде** тақырыптың өзектілігі, зерттелу деңгейі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, ұсынылатын тұжырымдар, зерттеу нысаны мен дерек көздері, теориялық-тәжірибелік маңызы, сарапталуы мен құрылымы жөнінде негізгі мәліметтер берілген.

Диссертациялық жұмыс үш бөлімнен тұрады. **Бірінші бөлім «Жетісу әншілік мектебі және Кенен Әзірбайұлы шығармашылығы»** деп аталады. Бұл бөлім Жетісу әншілік мектебінің қалыптасуы және дамуы және Кенен Әзірбайұлының шығармашылық жолының Жетісу әншілік мектебінің негізін қалаушы ретінде қарастырылады. **Екінші бөлім «Кенен Әзірбайұлы ән мектебінің айрықша көркем тілі»** деп аталады. Бұл бөлімде Кенен әндерінің тақырыптық топтарына тоқталып, композитордың қолтаңбасын құрайтын ырғақ, ладтық жүйе, және құрылымдары талданады. Үшінші бөлім «Кенен әндерін оқу орындарында үйрету мәселелері» деп аталып әндерінің тарихына және Кенен әндерін оқу орындарында үйрету әдістемесі талқыланады.

# 1 ЖЕТІСУ ӘНШІЛІК МЕКТЕБІ ЖӘНЕ КЕНЕН ӨЗІРБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

## 1.1 Жетісу әншілік мектебінің дамуындағы алғышарттар

Қазақтың әншілік өнері еліміздің жағрафиялық орналасуына байланысты бірнеше мектептерге бөлінеді. Дәстүрлі әннің Батыс, Арқа және Жетісу әншілік мектептері деп аталады. Соңғы кезде ғалымдар және орындаушылар тарапынан Алтай-Тарбағатай және Сыр өңірі әншілік мектептерін де жоғарыда аты аталған мектептердің қатарында аталуы тиіс деген ұсыныстар айтып жүр. Бұл, әсілі, қазақ жерінің кеңейіп, ұмытылғаны жаңғырып, қайта қолға алынуымен байланысты болса керек. Сыр және Алтай-Тарбағатай әндері бұл күнде үлкен сахналарда да, ел ішінде де жиі орындалып, таспаларға жазылып, жақсы насихатталып жүр.

Батыс әншілік мектебінің іргетасын қалаған Мұхит сал, оның жалғастырушылары Ауқат, Қиса, Аманғали, Қайып, Ғарекендер болса, Арқадағы әншілік - Ақан сері, Біржан сал, Сегіз сері, Жаяу Мұса, Мәди, ұзын тізбегі он шақты әнші-композиторлардың есімдерімен байланысты. Ал Жетісудағы әншілік мектептің қалыптасуына себепші болған, дінгегіне ту тіккен - ән дүлдiлі Кенекең деп айтсақ қателеспейміз. Зерттеуші-ғалым Мырзатай Жолдасбеков өзінің „Токсан толғау” атты еңбегінде Жетісуда Кененнен де бұрын әншілердің болғандығын жазады [13, 39]. Ғалымның пайымдауынша, олар ХІХ ғасырдың басында өмір сүрген

Ақан, Біржандардың замандастары Дәурен сал, Тәкен сал деген сал серілердің жұрнағы, әнші-сазгерлер. Жетісуда да әншілік мектеп бірталай әнші-композиторлар тудырған. Олардың алды Қапез, Пішан, Сәдіқожа, Сауытбектер болса, кейінгі әншілік өнер Қарға, Әсімхан, Дәнештермен жалғасқан [28].

„Екейде елу бақсы, сексен ақын” деген ел ішіне тарап кеткен өлең сөздеріне сүйенсек, Жетісу жерінде ақындық мектептің ерте қалыптасқанына көз жеткізуге болады. Әу баста Қабан, Майкөт, Сарыбайлардан басталған ақындық дәстүр өз жалғасын Сүйінбай, Жамбыл, Кенендерден ақындық дәстүр өз жалғасын тапты.

Қазақтың музыкалық өнері ХХ ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап зерттеле бастағаны белгілі. А. Жұбанов, А. Затаевич, Б. Сарыбаев, М. Ахметова, З. Қоспақов т. б. зерттеушілеріміздің еңбектері ұлттық мұрамызды тануда музыкатану саласына қосылған үлкен үлес екені даусыз. Өкінішке орай, зерттеушілердің еңбектерінің қай-қайсысын ашып қарасақ та, Жетісу өңірінің әншілік-жыршылық өнері жайында мардымды зерттеулер жоқтың қасы екенін көруге болады. Бар деген зерттеулердің өзі Жетісудың дәстүрлі ән мектебі Жамбыл, Кененмен басталып, Дәнешпен шектелгенін көреміз. Жетісудың әсіресе, Қытаймен шекаралас жатқан Хантәңірі баурайында қаймағы бұзылмаған ұлттық музыка үлгілері тасада қалды. Жетісу өңірінің дер кезінде зерттелмей, жарыққа шықпай қалуының тарихи, әлеуметтік

себептері болғанын кейінгі зерттеушілеріміз айтып жүр. Мысалы, осы өңірдің көптеген әнші-күйші, ақын-жыршылары Саурық, Тазабек, Әліпбай, Қожекелер патшалық Ресей 1860 жылдары қазақ жерін тұтастай иелігіне алғанда, мұндай әділетсіздікке қарсы шыққандар екендігі кейінгі зерттеулерде айтылып жүр [39]. Тарихи дерек көздеріне сүйенер болсақ:

1881 жылы Қытай мен Ресей арасындағы келісім бойынша екі елдің шекарасы белгіленді де, көшіп-қонып жүрген қазақ еріксіз екіге бөлінді. Шекараның арғы бетінде қалған қазақтардың мәдениеті, өнері, тұрмыс-салты бергі бетпен байланыссыз, өз бетімен қалды[39].

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісте атылғандардың, асылғандардың, шабылған, қуылғандардың ішінде де дарынды тұлғалардың болғаны, олармен бірге киелі өнер бұтағының кеткені де сөзсіз[39].

1917 жылы Патша тақтан құлады, еркіндік орнады делінді. Бірақ бұл еркіндік қазақ даласына бұрынғыдан да көп қиындық алып келді. Артынша азамат соғысы басталды. Одан кейін ұжымдастыру ісі қолға алынды. Елдің бар малын тартып алып, оларды итжеккенге айдады. Әсіресе, бұл Жетісу жерінде қатты жүрді. Елге тұтқа болар азаматтар із-түссіз кетті. Олардың ішінде өнер адамдары көп еді[39].

1932 жылғы аштық, 1937 жылғы Сталиндік-Голошеккиндік репрессия, 1941-1945 жылғы соғыста елдің өнерпаз азаматтарының өмірден ерте кетуіне себепші болды[39].

Осындай тарихи оқиғалардың құрбандарының ішінде Шалтабай Алпарұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Қожеке Назарұлы, Көдек Байшығанұлы, Әшім Дүңшеұлы, Рыскелді Сауданұлы, Қапез Байғабылұлы т.б. өнер саңлақтары бар еді.

1956-1962 жылдар арасында шекара ашылып еріксіз елден бөлініп қалған жұрт атамекенге қайта орала бастады. Атамекенін аңсап келгендер өз жерінде өгейдің күйін кешуге мәжбүр болды. Көшіп келгендердің өзіне де, өнеріне де «артта қалған» деген көзқарас пайда болды. Сол «жат жерден келген», «жабайылау» қазақтар көнеден келе жатқан күйшілік, әншілік, жыршылық өнердің сан түрін ала келген еді. Кеңес өкіметі оларды көре тұра көрмегенсіді. Небір дарындылар өнері еленбеген соң домбыра орнына, таяқ ұстап қой соңына түсті. Сөйтіп, бұл өңірдің өнері тұншыққан күйде жинаусыз, зерттеусіз, жарияланбай қалды. Алматыдан 200-300 шақырым жерде тұрған бұл өңірге бірде-бір фольклорлық экспедиция бармаған екен. Тіпті қазақ өнерінің мұраларын зерттеген А. В. Затаевич, Б. Ерзакович, А. Жұбановтардың да назарынан тыс қалған.

Қалай дегенмен де, Жетісу өңірінің тарихынан, өнер зерттеушілерінің зерттеулерінен бұл өңірден қазақ даласына атағы тараған көптеген әнші, жыршылардың, күйшілердің есімдері аталады. XIX ғасырда Жетісудың әншілік, жыршылық өнері ерекше дамыды.

Жетісудың Хантәңірі баурайынан шыққан өнер өкілдерінің көш басын Құланаян Құлманбеттен бастаймыз. **Құланаян Құлмамбет** - ақынның өмірі мен шығармалары жөнінде М. Әуезов [3], С. Мұқанов [4], Е. Ысмайылов [5],



Н. Төрөқұлов [12], М. Жолдасбеков [13], т. б. ғалымдар зерттеулер жазды. Құлмамбеттің туындылары ҚР Ұлттық Ғылым Академиясы Орталық ғылым кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар қорында [40], Әдебиет және өнер институтының Қолжазба орталықтарында сақтаулы. А.Әбдуәли, М.Әбуғазының 2008 жалы «Атамұра» баспасынан шыққан «Жетісу ақындарының жыр сарындары» атты кітабында ол туралы мынандай деректер берілген: «Құланаян Құлманбет-1826 жылы қазіргі Алматы облысы, Райымбек ауданы, Күрметі ауылында дүниеге келіп, 1906ж. қазіргі Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Түрген ауылында қайтыс болған. Құланаян Құлманбет – айтыс ақыны, жыршы. Жетісуда Сүйінбайдан бастаған айтыс мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Албан ішіндегі Қызылбөрік руының Құланаян атасынан шыққан, Құлмамбеттің Құланаян атануы да содан» [41]. Құлмамбет жас кезінен өлең-жырға құмар болып өскен. Құлмамбетті өз заманында Жетісу өңірінен шыққан ақын, әнші, жыршылыр ақыннан өнеге алып, ұстаз тұтқан. Кемеліне келген шағында Түбек, Жанак, Бақтыбай, Тезек, Майкөт, Уәзипа қыз, Жамбыл тәрізді айтыс майталмандарымен, қырғыздың Қаламқас, Тұрсынай қыздарымен айтысқан. Құлмамбет “Мың бір түн”, “Қыз Жібек”, “Рақымжанның зары”, “Мұңлық-Зарлық”, “Туғанбай мен Қоңырбай”, т.б. дастандарды жырлаған [40].

XIX- ғасырдың орта шенінде (шамамен 1830-1900ж) өмір сүрген Жетісудың ақын, әнші, күйшісі- **Шалтабай Алпарұлы**. Ол Хантәңірі баурайындағы Қарқара өңірінде өмір сүрген. Ұлы жүз Албан ішіндегі Құрман руынан. Шалтабайдың өмірі [41]. патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы күресімен байланысты. Қарқара өңірінде болған бірнеше көтеріліске қатысып, сондай әрекеті үшін Сібірге айдалған. Ол әйгілі жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» кітабына арқау болған бас кейіпкер Ұзақтың әкесі Саурық батырдың бірге туған інісі. Ол ақындығы мен күйшілігімен тек Жетісу жеріне ғана емес көрші қырғыз еліне де танымал болған деседі [41]. Оның күні бүгінге дейін әні мен күйін көне көз қариялар тамсана айтып жеткізген. Жетісудың дүлдүл күйшісі Қожеке Назарұлы да Шалтабайды қадыр тұтып, сыйлаған. Сібірге айдалып бара жатқанда оған арнап күй де шертуі тегін емес. Әншілік пен күйшілікті өзіне өмірлік серік еткен Шалтабайдың мұрасы бүгінге дейін жоғалмауы да оның елге танымалдығынан болса керек-ті. Композитордың бізге жеткен көлемді шығармасының бірі- «Менің атым — Шалтабай» [41].

Хантәңірі баурайының тағы бір өнер саңлағы – **Сәдіқожа Мошанұлы**. Сәдіқожаның өмір сүрген уақыты туралы деректер Ж. Кәрменов құрастырған 1990 жылы «Өнер» баспасынан шыққан «Халық әндері мен халық композиторларының әндері» атты жинағында 1917-1946 ж, Молдасан Шәпиеттің «Сары бидай әні қалай туған» [42] мақаласында 1916-1933ж, С.Медеубеков, Б.Мүптеккевтің «Жетісу әуендері» [41] атты жинағында 1917-1946 жылдары өмір сүрген дейді. Ал Сәдіқожа Мошанұлының туған жері қазіргі Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Кетпен тауының етегінде дүниеге келген, өмірінің көп бөлігі ҚХР Іле аймағында өткен дейді. Сәдіқожаның ерте

танылмай ұмытылуында бірнеше себептер бар. Біріншіден, оның арғы бетке өтіп кетуі болса, екінші себебі, оның жастай өмірден өтіп, қысқа ғұмыр кешуі. Сәдіқожа Мошанұлының бізге «Сары бидай», «Еркем-ай», «Ақ қаз едің дариға-ай», «Ахау айым», «Ахау қалаулы-ай» атты әндері белгілі. Сәдіқожа әндері қысқа қайырымды, диапазон көлемі кең емес, қара өлең формасын келетін әндер. Әндері таза лирикалық әуенді, ғашықтық, сүйіспеншілік тақырыбындағы әндер [78]

Жетісудың Үшқоңыр жайлауын жайлаған дәстүрлі әнші-жыршыларының көп басын **Қабан жыраудан** бастаймыз. Қабан жырау туралы деректерде:

Қабан жырау (шын аты Қабылиса) шамамен 1733 жылы дүниеге келіп, 1824 жылы қайтыс болған. Қабан – ақын, жырау ұлы жүздегі Жалайыр руының Мырза тармағынан шыққан. Қабан өз кезінің ірі ақыны, ол он бес жасынан бастап айтысқа түскен. Ақындығымен қоса, ағалары Ескелді, Балпық сияқты сөз бастаған шешен, ел бастаған көсем, қол бастаған батыр болған деседі. Жетісу өңірінің Сүйінбай Аронұлы, Бақтыбай Жолбарысұлы, Қ.Жапсарбайұлы, т.б. ақындары оны ұстаз тұтқан. Өз айтқанынан қайтпайтын ержүрек, батыр да қайсар болғандықтан “Қабан” атаныпты. Жыраулық поэзияның түп қазығы ақыл-нақыл екені елге аян. Қабан жыраудың да шығармашылық туындылары көбінесе жақсылық пен жамандықтың ара-жігін ашуға, саралауға құрылған. Қабан жыраудың бізге жеткен шығармалары — Тұмаршамен және Тауман қызбен (Арқадағы) айтыстары. Сондай-ақ, "Бәрің-дағы тыңдаңдар", "Ырыс алды — ынтымақ", "Арғымақ жабы көрінер", "Тамшыдан теңіз молайып", "Барлы, барлы, барлы тау", "Жер ойпаңы білінбес", "Қарынбай" (хисса), т.б. шығармалары бар. 1993 жылы оның ел аузында сақталған өлең-толғаулары Төлен Қаупынбайұлының құрастыруымен «Қабан жырау» деген кітап жарық көрген. Бүгінгі күнге Қабан жыраудың өлең, терме толғау, өсиеттері жеткенімен, әуендерінен бір ғана сарыны сақталған[43].

Жетісудағы жыршылық дәстүр дамуының биік белеске көтерілуі **Сүйінбай Аронұлы** есімімен тығыз байланысты. Аронұлы Сүйінбай (1815-1898) - қазақтың әйгілі ақыны, айтыс өнерінің майталман жүйрігі. Ол қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданына қарасты Қарақыстақ елді мекенінде туып өскен. Осы өңірден топырақ бұйырған. Шыққан тегі - Ұлы жүз Шапырашты тайпасының ішіндегі Екей руы. Сүйінбай ел ішінің сөз өнерін әспеттеген ұлы дәстүрге жастайынан құмар болып, өзінің бойындағы ақындық дарынын ерте ұштап, төңірегіне ерте танылады. Ел аузында айтылатын:

"Екейде елу бақсы, сексен ақын,

Жаратып мінеді екен ерттеп атын.

Қобызға домбырасы үнін қосып,

Гулейді жын қаққандай кешке жақын" - деген өлең сол ортаның ән-күй мен өлең-жырды айрықша дәстүр еткенін аңғартқан.

Сүйінбайдың әкесі Арон да әншілік-ақындық өнерге жақын адам болған екен. Атасы Күсеп елге аты жайылған ақын-жыршы, қобызшы, ел

ішіне кең тараған «Өтеген батыр» жырының авторы [43].

Сүйінбайдың бізге бірнеше айтыстары, өсиет термелері жеткен. Өкінішке орай, XIX ғасырда қазақ жерінде нота жазуы болмағандықтан, Сүйінбай жырларының мелодиялық, музыкалық өзгешеліктерімен тікелей танысу мүмкіндігі аздау. Қазіргі күні Сүйінбайдың шығармаларының кейбірі автордың өз әуенімен орындалса, кейбір әуені ұмыт болған шығармаларына әнші-жыршылар өз жандарынан шығарған мақам-саздарға қосылып орындалуда.

**Майкөт Сандыбайұлы** -1824-1902 жылдары өмір сүрген. Туып өскен жері қазіргі Сарысу ауданындағы Шабакты өзенінің бойы, Бестоғай алабы. Сыр бойына, Жетісуға, Сарыарқаға аты шыққан ақын-жыршы болған. Майкөт өз заманының Құлыншақ, Майлықожа, Сүйінбай, Бақтыбай, Түбек, Мәделікожа, Бөлтірік, Құлмамбет, Қазанғап т.б. секілді ақындармен айтысқа түскен. Майкөт өте білімді, адуынды ақын болған екен. Жамбыл «Қаздай қалқып ерінбей, Өлең тердім жасымнан, Майкөт ақын, Құлмамбет, Орын берді қасынан», -деп Майкөттi үлгі тұтқан. Әулиеатаға әдейі іздеп барып, Майкөттен «Көрұғлы» дастанын үйренген. Майкөт қазақ қаһармандарын, солардың ішінде Өтеген батырды да жырға қосқан. Бұл күнге ақын-жыршының «Сарыбайдың асында Майкөттің Жетісу жақсыларына берген сәлемі» жыр нұсқасының әуені мен сөзі халық ақыны Әсімхан Қосбасаровтың орындауында бізге жетті[43].

**Жамбыл Жабаев** (1846-1945) – Шу өзені бойындағы Жамбыл тауы етегінде туылған. Жамбылдың өсіп өнген топырағында ән-күй, ақындық-жыраулық өнер айрықша биікке көтерілген. М.Әуезовтың «қазақ халқында ерекше дамыған айтыс өнері XIX ғасырдан бергі жерде өзге жерлерде саябырсып, Жетісу, Оңтүстік өлкелерінде шоғырлана бастайды» деуінде үлкен тарихи себеп бар. Біріншіден, Қазақстанның өзге өңірлерін шарпыған отаршылдық ел ішінің дәстүрлі қалпына өктемдігін жүргізіп үлгергенде, Жетісу алқабы кіреберісте еді. Екіншіден, бұл өңірдің ертеден тамырын тереңге жайған өнерпаздық дәстүрі шын мәнінде XIX ғасырдан бергі жерде айрықша биік өреге көтеріліп еді. Осы кезеңде Жетісуға сонау Арқадан ұлы Абайдың келуі, Біржан, Шашубай, Балуан Шолақ сияқта әнші ақындардың келуі, Таластан Жалайыр Түбектің келуі, Оңтүстіктен Майлықожаның келуі, Атыраудан Құрманғазының келуі сөз жоқ, ең алдымен олардың алыстан жаңғырығы жеткен ұлы өнер мектебіне деген ұмтылыстарына байланысты еді. Осындай өнер бесігінде тербеліп өскен Жамбылдың ақындық дарыны жас кезінен таныла бастады [43].

Жамбыл жас кезінен Сүйінбайды ұстаз тұтып, оның алдына барып өз өнерін сынатып батасын алады. Жамбыл Сүйінбайдан ең алдымен импровизаторлық өнерді – ойлаған жерден сөз тауып, өлеңді жылдам шығарғыштықты, шешендік пен тапқырлықты үйренеді. Кейін Жамбылдың: Менің пірім Сүйінбай,  
Сөз сөйлемен сыйынбай  
Сырлы сұлу сөздері

Маған тартқан сыйындай.

Сүйінбай деп сөйлесем

Жыр келеді бұрқырап-

Қара дауыл құйындай – деп бастайтыны да сондықтан екен.

Арада ғасырдан аса уақыт өтсе де жырлары ауыздан-ауызға тарап, ұмытылып бара жатқан аталы сөздері сөнген шаладай қайтадан маздап, қызыл шоққа айналып жатқан жиырмасыншы ғасырдың дүлдүл ақындарының бірі - шулық қыл қобызды -**Бармақ Мықанбайұлы** [43]

Бармақ Мықанбайұлының - «Өмір соқпақтары», «Төрт түлік мал», «Кәрілік туралы», «Дәулетияр мырзаға», «Қасым датқаға», т. б., өлеңдері мен термелері, «Бармақ пен Жанат қыз», «Бармақ пен Кенжеқожа» атты айтыстары бар. Шығармалары: «Қыл қобызды Бармақ» деген атпен 1993 жылы жарық көрген. Осы жинақтарда оның өмірі туралы былай делінген:

Бармақ Мықанбайұлы (1866-1937), қазіргі Жамбыл облысы, Шу ауданында дүниеге келген. Әйгілі сал-сері Балуан Шолақпен аталас. Қаршадайынан жетім қалып, кедейшіліктің теперішін көп көрсе де жасымай, жігерін жани түскен Бармақ, ақындық өнердің арқасында Жетісу, төменгі Сыр бойын көп аралаған. Жасынан Сүйінбай, Мәйкөт, Майлықожа, Құлыншақ, Бақтыбай сынды ақындардың жырларын тыңдап, жаттап өскен оның, шындықты бетке айтатын турашылдығы атағын төрт Дулатқа кең жаяды[43].

Жамбыл Бармақ ақынның ақындық өнерін жоғары бағалаған. Оның «Қамқа-қанжар ақын, Кенен -әнші ақын, Есдәулет – қара жорға ақын, Бармақ-әңгімешіл ақын, - деуі осыған айғақ бола алады.» Бармақ, сол кездегі кедей-кепшіктің тұрмысын, орын алған әділетсіздікті жырына өзек етеді.

«Шымырдың мен ақыны атым Бармақ,

Жеткіздім білгенімнің бәрін сарнап.

Байлардың бірін мақтап, бірін даптап,

Өркімнің өлең айттым бойына арнап» - деп, жырлаған ақын 1937 жылы сталиндік қудалаудың құрбаны болып, 1942 жылы айдауда жүріп, қайтыс болады. Жазықсыз жала жабылып, туған жердің топырағы бұйырмаған от ауызды, орақ тілді ақынның бүгінде қабірі де белгісіз [43].

Бармақтың бізге жеткен жеткен айтыстары, өлеңдері жинақталған мен әуен мақамдары жетпеген. Бізге жеткені «Мәті Дәурен» әні ғана болып отыр. Оның шығармаларының бізге жетпеуінің себептері жоғарыда айтылғандарға ұқсас тағдыр екендегі белгілі [43].

Өз заманында «Қанжар ақын» атанған, Жетісу өңірінің желмая, дүлдүл әнші-ақындарының бірі **Қалқа Жапсарбайұлы**. Қалқа Жапсарбайұлы 1886 жылы Жетісу өңірінің Мұқыры ауылында кедей отбасында дүниеге келген. Қалқа өлең-жырдың бұлағы бұлқынып, өзендері өрнек құрған Жетісудың төрінде, жырдың дәуірлеп тұрған шағында туған [38]. Бұл кезде Жетісу ән мен жырдың бесігінде болатын. Ол ақындардың атасы атанған Қабан жырау, жыр дүлдүлі Бақтыбай, саңлақ Сара, орақ тілді Мәулімбай, Қыдырәлі, Сүйінбай ақын, Жамбыл жыраудан тағылым алған. Сол бір бағзы заманда оза

шапқан айтыс ақындары Кенен, Қуат, Иманжан, Үмбетәлі және тағы басқа замандастарымен бірге бапталып, қыран дауысымен, сазды әуенімен ерекшеленген Қалқа Жапсарбайұлының есімі қазақ ауыз әдебиетінде алтын әріптермен жазылып қалды [41].

Жас күнінен-ақ бойын кернеген әншілік, ақындық жолына түсе бастаған. Ол - өз өмірінде жиырмаға жуық ақындармен айтысып, айтыс абыройын асқақтата көтерген өрен жүйрік. «Жамбыл бастаған басқа да халық ақындары тәрізді Қалқа Жапсарбайұлының өз ақындық жолы халқымыздың өмір жолымен біте қайнасады, біте өсіп толысады. Жамбыл мен Қалқаның ғажап ұқсас тағдыры халық тағдарымен сабақтасады», — деп жазған 1986 жылы «Жетісудың дүлдүл ақыны» атты мақаласында филология ғылымының докторы Мырзатай Жолдасбеков.

**Пішән Жәлмендеұлы** (1884-1921) - әнші, ақын. Пішән Жәлмендеұлы қазіргі Алматы облысы, Қаратал ауданы Байшегір ауылында туған. Ақын, әнші, күйшілігімен қатар, ел басқару ісіне де белсене араласып, 18 жасында болыс болған. Пішән – күллі қазаққа ортақ, танымал тұлға. Заманында керемет әндерді дүниеге әкелген талант иесі саяси қуғын-сүргін құрбаны болып 1921 жылы жазықсыз атылып кетті. Ол күллі қазаққа әншілігімен күйшілігімен, ел басқару ісімен белгілі болған [41]. Бүгінде оның абақтыға айдалып бара жатқанда артында қалған жан-жары Ғайшаға арнап шығарған әні және «Дүние,шіркін» деген әні сақталған. Пішән Жәлмендеұлының «Ғайшаға» әнін осы күнге жеткізген әнші-ақын Әсімхан Қосбасаров. Оның «Дүние, шіркін» әнін бізге жеткізуші Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Өтеміс ауылында тұрған Сыпа Сапарбаев есімді қария екен. Ол өткен ғасырдың 20-шы жылдары Шымкенттің «Көл» базары маңындағы абақтыда қарауыл болып жұмыс істеген. Сонда Пішән серімен кездескен екен. Ол кісі: «Пішән Жәлмендеұлы (Жалманбетұлы) адамгершілігі биік, ер мінезді, ақылды, шешен, шыншыл адам еді. Ол абақтыда жатса да әлсіздерге қол ұшын беріп, кісілік танытып жүретін. Сол жылдары түрмеде жатқан адамда есеп болмайтын. Күнде абақтыға ондаған адам түсіп, бірнеше кісі атылып жататын. Абақтыда құндыз бөрік киген қазақтың небір бай-манаптарын көрдім. Олардың артынан келген нандарын, құрттарын және бауырсақтарын түрме бастығы жоқ кезде күнге қақтап, кептіріп беретін едім. Кейде олармен тілдесіп, әңгімелесетін кездерім де болды» – деп еске алады [41].

**Сауытбек Ұсаұлы** (1870, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Қосқұдық мекені - 1932, сонда) - ақын, «Ашаның алты салы» халық өнерпаздарының бірі ретінде мәлім болған. Оның «Ақбөпе - Сауытбек» дастаны ел аузында сақталған. «Сақпанбайға», «Садыр биге», «Нәметқұлға» деген арнау өлеңдері белгілі. Мырзабай, Балқыбек ақындармен, Майса қызбен, інісі Сыбанбекпен айтыстары бар. Белгілі зерттеуші А.В.Затаевич Сауытбектен өз әндерін және бірқатар халық әндерін жазып алған».

Сауытбек Ұсаұлы - айтыс өнерінің өрен жүйрігі. Дастан «Ақбөпе - Сауытбек» емес, Сауытбектің «Ақбөпе» дастаны деп аталады. Белгілі ғалымдар Біржан сал мен Сара Тастанбекқызының, Мұсабек (молда Мұса)

Байзақұлы мен Манат Бекбергенқызының айтыстарымен деңгейлес. Саукеңнің сол кездегі ел ағалары Тұрар Рысқұлов пен Сәкен Сейфуллинге жан күйзелісін айтып жазған күңіренген өлеңдері, Құрманбек Жандарбеков, Ғарифолла Құрманғалиев әуелетіп шырқаған «Ақбөпе» әні Сауытбек шығармаларының ішіндегі көлемділері [44].

Жамбыл жарықтық: «Қайран Саукеңнің «Ақбөпесі», деп ыңылдап айтып отырады екен. Ән мен жырдың кені Кенен атамыз Сауытбектің әндерін жақсы біліп, орындаған [41].

Жалпы Жетісу жері, бұрынғы 19 облыстың төртеуін қамтиды. Ал қазіргі атаумен бұл өлкеге Алматы, Жамбыл, Шымкент облыстары кіреді. 1984 жылы шыққан Қазақ ССР-ның қысқаша энциклопедиясында бұл аймақтың орналасуы жайында былай жазылған: „Жетісу Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігі мен Қырғыз ССР-ның солтүстік бөлігін қамтитын тарихи аймақ. Ол жеті өзенмен шектеліп қоймайды. Жетісу – Алакөл көлінен бастап, Тарбағатай тауының сілемдеріне дейінгі, Талас жазығынан Қаратаудың етегіне дейінгі, Балхаш көлінен бастап Тянь-Шань, Кетпентау және Іле Алатауының жоталарына дейінгі аралықты қамтиды. Құрамына Лепсі, Басқан, Сарқан, Ақсу, Бүйен, Қаратал, Көксу өзендерінің қатарына Іле, Аягөз өзендерін де қосады” [39].

**Қысқа тарихи шолуымызды түйіндей келе** Жетісу өңірінің әншілік-күйшілік, жыршылық-ақындық өнері, көрнекті өкілдері соңғы жиырма жылда көптеп зерттеле бастады. Жетісуда дәстүрлі ән өнері ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қана қалыптаса бастаған. Оған дейін бұл өңірде жыр-терме, айтыс дамып келген. Алайда Жетісу өңірінің дәстүрлі ән өнерін зерттеп жүрген Сағатбек Медеубеков: “Ән өнері оған дейін де болған. Бірақ бізге жеткені сол ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қана”, – дей келе, ғалым бұл дәстүрдің үзілмегенін айтады [41]. Жетісу ән дәстүрі бұл күнде дамып, музыкалық арнайы оқу орындарында оқытылып, репертуары кеңейген мектеп. Жоғарыда аты аталған Жетісу әншілік мектебінің белгілі өкілдері туралы бірнеше зерттеу дипломдық, магистрлық жұмыстар жазылды. Болашақта да бұл композиторлар туралы, жалпы Жетісу әншілік мектебі туралы да зерттеу жұмыстары жазыла берері анық.

## **1.2 Кенен Әзірбайұлының шығармашылық болмысының қалыптасуы**

Жетісу өңірінің дәстүрлі музыкасының көрнекті өкілдерінің ішіндегі ең көп зерттелген, ең көп әндері жеткен, осы өңірдің дәстүрлі ән мектебінде ерекше орын алатыны – әнші-ақын, композитор, жыршы **Кенен Әзірбайұлы**.

Кенен Әзірбайұлы – қазақ өнеріндегі сал-серілік және айтыскерлік дәстүрлерді үзбей, ХХ ғасырдың 70-жылдарына дейін жеткізген өнерпаз. Әкесі Әзірбай, шешесі Ұлдар да әнші, домбырашы болған. Әр жырды әуелі ата анасынан үйренген Кенен 11 жасынан домбыраға қосылып, өз жанынан өлең, ән шығара бастаған. «Ри, қойым», «Бозторғай», «Көкшолақ», «Бұлбұл»,

«Он алтыншы жыл», «Қайран елім», «Аттан» әндерін шығарып, «Әли батыр», «Қырғызбай» дастандарын жырлаған. Қазақ, қырғыз арасындағы белгілі жиындарға қатысып, айтысқа түскен, ән сайысына араласқан. Мемлекет қайраткерлері Ораз Жандосов, Жұбаныш Бәрібаев, Тоқаш Бокин, тағы басқалармен таныс-біліс болған. Ұлы Отан соғысы жылдарында мәдени-үгіт бригадасын құрып, ел аралап, халқымыздан шыққан батыр ұл-қыздарымыздың ерлігін, жеңісін жырлады. «Біз жеңеміз», «Сүйгенім-ай, күйгенім-ай», «Төрт батыр» сияқты көптеген өлең, жырлар шығарды. 50-70 жылдары бейбіт өмірді, республика табыстарын, замандастарын бейнелейтін өлең, терме, толғау дастандары туды. 100 – ден аса шығарып, оның өлеңін жазды. Оның әншілік, сазгерлік болашағына әнші-жыршылардың, домбырашы-күйшілердің әсері зор болды. Әсіресе, Жамбыл, Сарыбас, Балуан Шолақ, Шашубай сынды белгілі әнші-ақын, композиторлардан үлгі-өнеге алған. Ақын-композитордың «Бозторғай», «Көкшолақ», «Базар-Назар», тағы басқа әндері халық сүйіп айтатын мәңгілік рухани қазынаға айналған [30].

Кенен Әзірбайұлы сондай-ақ Қарағанды кеншілерінің, Балқаш мыс қортушыларының, Шымкент қорғасыншыларының, Каспий балықшыларының, Түрксіб темір жол құрылысшыларының арасында болып, сол алып құрылыстардың жетістіктерін шабытпен жырлаған. Композитордың ән шығармашылығының негізгі тақырыбы - ел өмірі. Ол ел өміріндегі маңызды оқиғалар мен тарихи кезеңдерге әрқашан құлақ түріп, оған өз үлесін қосып отырды. Кенен Әзірбайұлының композиторлығы жайында Қазақстан өнер зерттеушілері Ахмет Жұбанов, Борис Ерзакович еңбектер жазды [6], [17].

Кенен Әзірбайұлы айтыс жанрына ерте араласып, Шалипа, Ләтипа, Кенеқожа, Әбдіғали, Бопипа, Есдәулет, Қалқа ақындармен айтысқан. Ол қазақ халқының айтыс өнерінің насихатшысы, осы өнерді кейінгі ұрпаққа жеткізуші тәлімгер-ұстаз да бола білді [26]. Дастан жанрын жастайынан жырлаған. «Шөпке барғанда», «Құдалар», «Әли батыр», «Қырғызбай», «Кенебай-Кербез», «Бұрынғы өткен батырлар», «Жалғыз қаз», «Жамбыл - жыр» атты толғау, дастандары бар [4]. Бұл шығармалары - ақынның эпикалық дәстүрге құрылған көркем дүниелері.

Кенен Әзірбайұлы халқымыздың ауыз әдебиеті нұсқаларын есінде мол сақтаған, оның айтуынан жазып алынған фольклорлық мұралар Қазақстан Ғылым академиясы Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар орталығында сақтаулы [16].

Ол - жыр алыбы Жамбылмен жарты ғасырдай бірге жүріп, жаңа дәуірді асқақтата жырлаған замана жырауы. Бұған екі жүзден астам өлең, арнау, толғаулары айғақ. Бұл туындылары әлденше рет жинақ болып жарияланды.

К. Әзірбайұлының орындаушылық шеберлігі Жетісу әншілік дәстүрінің таза үлгісі деп танымыз. Кененнің бойынан Жетісу әншілік дәстүріне тән қасиет толық табылады. Кенен шебер әнші ретінде өз даусының мүмкіндігін толық меңгерген. Біз мұны оның репертуарындағы ән-жырларынан көреміз. Жетісу өңірінің әншілік дәстүрінің көрнекті өкілі Кенен Әзірбайұлы шеберлігін талдай отырып, бұл өңірдің өзіне тән әншілік дәстүрі, өзіндік

музыкалық интонациясы бар, басқаларды қайталамайтын, тарихи тамыры тереңде жатқан әншілік дәстүрі қазақ музыка мәдениетінде өзінің лайықты орнын алған өнер дәстүрі деп білеміз.

Заманымыздың жалынды жаршысы, атақты ақын, тамаша әнші, домбырашы, дарынды халық композиторы Кенен Әзірбайұлы (1884-1976) шығармашылығының құлашы кең, сан салалы. «Кәсібім жастайымнан ән мен өлең» дегеніндей, бір ғасырға жуық уақытқа созылған жемісті еңбегінің арқасында ол ел құрметіне бөленіп, өнер қайраткері дәрежесіне көтерілді. Әнші анасы мен ақын әкесінің әсер-ықпалынан Кенен жасынан қолына домбыра ұстап, өнерге әуестенді. Ер жете келе ауылдағы той-думанның сәні болған ақын, жыршылардың, бал бармақты күйшілердің қатысуымен өткен өнегелі жиындарды жібермейді [21].

Өнерпаздың алғашқы ұстаздарының бірі Жетісу өңіріне аты әйгілі болған Сарыбас ақын көрінеді.

Мен өзім інісі едім Сарыбастың,  
Он жаста ел тойына араластым,  
Өлерде мені Сарыбас шақырып ап,  
Тапсырды аманат деп домбырасын,

деп жыр төгуі де сондықтан болар [21]. Осылайша, ән айта жүріп өзінің әншілік шеберлігін шыңдайды. Оның көкірегінен қашанда ән мен өлең қатар өрбіп отырады. Атағы үш жүзге мәлім болған Балуан Шолақ, Шашубай тәрізді өнер саңлақтарымен жүздесіп, олардың неше алуан әншілік сырларына қанады.

Келгенде Алатауға Балуан Шолақ,  
Аралап біздің елге болған қонақ.  
Үлгісін ән салудың содан алдым,  
Ән айтуға мен бұрын болдым олақ,-

деуінің өзі осы айтылғандарды қуаттайды [21]. Ендігі уақытта Жамбылмен бірге ел аралап, серілік құру дәурені талантты жастың өмірінде өшпестей із қалдырады. Поэзия алыбының жан-жақты ықпалы болашақ талант тағдырының қалыптасуында шешуші рөл атқарды. Кенен сондай-ақ, Жетісудың ақын-әншілері Сарыбас, Сүйінбай, Сауытбек, Дәурен сал, Бармақ ақын, Арқаға әннің туын тіккен Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса және басқа да өнер иелерінің шығармаларын жете игереді. Сөйтіп, білген-түйгендері мол, әр нәрседен хабардар, зерек жан өзі туып-өскен ортаның аумағында ғана қалып қоймай, түрлі музыкалық дәстүрлерді бойына еркін сіңіреді [21].

Кенен 1884 жылы Жамбыл облысының Қордай ауданына қарасты Мәтібұлақ деген жерде кедей малшының отбасында дүниеге келеді. Он жасында қолына домбыра алып әншілікпен айналысады. Кененнің табиғатынан туа біткен таланты мен кең диапазонды үні оны тез арада-ақ халыққа танымал етеді [6].

Көп қырлы әнші Жетісу өлкесінің ойнақы да назды әндері мен күйлерін, Арқаның асқақ әндерін де әсем орындаумен қосатуысқан қырғыз халқының ән-жырларын сүйіп айтып, қазақ жұртына таныстырады. Ол өз жанынан ән-



өлең шығарып айтуға да талаптанады. Сондай тырнақалды туындыларының бірі - «Ри, қойым» әні еді. Әнде бай есігінде жүрген өзінің ауыр халін баяндайды [31].

1902 жылы қырғыз манабы Шабданға ас беруге көрші жатқан қазақ еліне де сауын айтылып, ат тұяғы жететін жерлерден сыйлы адамдар шақырылады. Асқа Жамбыл бастаған өнерпаздармен бірге 18 жастағы Кенен де келеді. Әнші-күйшілер өнер сайысына түседі. Кезек Кененге де жетеді. Ә дегенде аузына сөз түсе қоймай, қысылып қалған әнші бойын тез жинап алып биік үнмен басталатын бір әнді шырқай жөнеледі. Еті қызып алған жас жігіт бірінен соң бірін шығарып, әндерді төкпелетеді-ай кеп:

Жас бала, жаңа талап мен бір қойшы,

Туғалы мұндай жиын көрмеп едім,-

деп [30], өзінің ысылмаған, тәжірибесіздігін де ескерте кетеді. Отырған жұрт әншінің әдемі дауысына, әсем әуеніне үлкен қошемет көрсетеді. Қазақ-қырғыз бас қосқан осы жиында Жамбылмен қоса Кенен де жүлде алып қайтады.

Кенен өзінің белгілі «Көпшілік, тыңда әнімді» дейтін туындысын осы Шабданның асына барған сапарында шығарады. Осы оқиғадан кейін Кенен бай малын бағудан бас тартып, әншілік, ақындық жолға түседі. Кенен ежелден ауылы аралас, малы құралас жатқан қырғыз халқының атышулы өнерпаздары Тоқтағұл, Қалмырза, одан бері Тоғолоқ молдо Оспанқұл, Әлімқұл және басқалармен достық қатынаста болды. Сондықтан да Кененнің кейбір әндерінде қырғыз музыкасы элементтерінің бой көрсететініне таңдануға болмайды [21]. Міне, туысқан екі халықтың музыкалық байланысының түп тамыры осылайша дамиды. Кенен дарынды әнші, жыршы ретінде қазақтың халық әндерімен бірге қырғыз бен өзбек музыкасын да жақсы біледі. «Қобыланды», «Көрұғлы», «Манас» сияқты ұзақ жырлар мен өзі шығарған «Әли батыр» дастанын, жүздеген музыкалық толғауларды, терме саздарын халыққа таратқан да өзі болатын [21, 110].

Енді Кенен өмірінің жаңа кезеңі басталады. Туған елінің сыйлы қонағы болып, ауыл-ауылды аралап, халық өмірімен тереңірек танысады, оның қайғысы мен қуанышына араласады. Өзінің әнші, ақындық, композиторлық қабілетін өрістетеді.

К. Әзірбайұлының музыкалық мұрасының жиналу тарихы музыка зерттеуші, этнограф А.Затаевичтің қызметімен байланысты [46]. Ол өзінің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағына Ораз Жандосовтың орындауынан жазып алған Жетісу өңірінің бір топ әндерін енгізді. Ораз Кененнен естіген едім деп, солардың қатарында «Сарыбас» әнін де нотаға түсіртеді.

Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі А.Жұбанов түрлі зерттеулерінде әнші-композитор жайында салиқалы пікірлер қалдырды. Кененнің шығармаларын жазып алып, хорға, оркестрге түсірген композиторлар Е.Брусилковский, С.Шабельский, Л.Хамиди, Б.Ерзаковичтің де еңбектерін атап өткен лазым [29].

Бұдан кейінгі мезгілде әншінің музыкалық мұрасын хатқа түсіріп жинақтап, насихаттауға елеулі еңбек сіңірген белгілі музыка қайраткері, өнертану ғылымының докторы, профессор Б.Г.Ерзакович. Кенен шығармалары оның «Кененнің әндері», «Қазақстанның халық әндері», «Қазақстанның советтік халық әндері», «Өмірімнің әндері», «Қазақ халқының ән мәдениеті» [17] атты кітаптарында ноталық жазбасымен және ғылыми түсініктерімен жарық көрді. Кенен әндерінің және күйлерінің бір тобы 1977 жылы «Бозторғай» деген атпен жеке кітап болып шықты. Алғы сөзінің авторы - Б. Г. Ерзакович, құрастырып, түсініктерін жазғандар - Т.Кененова мен А.Серікбаева [15]. Бұл еңбектің құнды жағы ретінде шығармалардың шыққан мезгілдеріне орай хронологиялық тәртіппен беріліп, шығу тарихына, оқиғасына байланысты түсініктермен қамтылуын айтар едік. Мұнда бұрын еш жерде жарық көрмеген біраз әндер мен күйлердің нотасы алғаш рет жарияланды. Кененнің әндері халық арасында түрлі варианттармен айтылып келеді. Әндердің музыкалық жағы ғана емес, сондай-ақ өлеңдері де түрлі өзгерістермен орындалып жүр. Бұл автордың өз шығармаларына мезгіл-мезгіл қайта оралып, кейбір өзгертулер енгізуінен болса керек. Және кей әншілердің орындау мәнері мен шеберліктеріне қарай әннің музыкалық бояу, нақыштарымен бірге өлеңдері де түрліше реңкке ие болып, өзгеріске ұшырауда. Әсіресе, ән қайырмасындағы өлең мәтіндерінің өзгертіліп айтылуы жиі кездеседі. Кенен әндеріне «халықтікі» деген де айдар тағылып жүр. Мұндай жағдай Кенен музыка мұрасының, шындығында да, халықтық сипат алып өрістегенін көрсетсе керек.

Халық композиторының әндері мазмұны тұрғысынан жанрлық жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Қысқа-қысқа қайырылатын терме сарынынан бастап кең тынысты созылмалы әндері де өз алдына бір төбе. Оларды идеялық мәнділігі тақырыптық байлығы бойынша бірнеше топқа бөліп қарауға болады. «Жүйрік дүбірде қызады» демекші, Кенен ән-өлеңдерін халық бас қосқан үлкен жиын-тойларда шығарады екен. Шығармаларын ел аралап жүріп айтып, насихаттап отырған. Кененнің 1920 жылдарға дейінгі шығарған әндерінің біразы ұмытылып қалды.

Әнші-композитордың алғашқы кезеңдегі туындыларының қамтыған тақырыбы, негізінен, автордың жеке басы төңірегінде өрбіп, қапас заманның мұңы мен зары, жоқшылықтан көрген қорлығы мен зорлығы тілге тиек етіледі. Осы тұста «Ри, қойым», «Бозторғай», «Көпшілік, тыңда әнімді», «Түйе тыныс», «Тік шырқау», «Ойжайлау», «Қызыл қайнар», «Мөртай сұлу» тәрізді әндері дүниеге келеді. Олардың әрқайсысының шығу тарихы бар [19].

Байдың малын бағып, ішсе – асқа, кесе киімге жарымай жүрген Кенен ауыр халін әнге қосып, мұңын аспандағы бозторғайға шағады. Осыдан келіп әншінің көпке таныс «Бозторғайы» дүниеге келеді. Ән созылып айтылатын сипатта өрістеп, бара-бара зарлы үнге ұласады. Соңына таман «Ги-ги-ги-ға» басқан тұста бастапқыдағыдай өмірден түңілу сарыны бәсеңсіп, бір жақсылықтың жарығы көрінгендей, ән өктем сөзбен өршелене аяқталады.

Бозторғай Қазан төңкерісіне дейінгі дәуірдегі қойшылар әнінің озық үлгісі іспеттес [35].

Кенен 15-17 жасында шыққанда атақты «Көкшолақ» әнін шығарады. Мұның тарихы қызық. Бір күні көрші болыстағы Бибол дейтін адам қызын ұзататын тойға ел шақырғанын естіп, Кенен бағып жүрген қойын жолдасына тапсырады да, Көкшолақ атымен қалың топқа қосылып кете барады. Көкшолақтай аты бар жұпыны Кененді олқысынған қыздардың ішінен біреуі өлеңмен тиіседі:

Әй, Кенен, тойға барар сәнің бар ма?  
Қызбенен айтысатын өңің бар ма?  
Желігіп Көкшолақпен көтерілген,  
Қолыңда мұнан басқа малың бар ма?  
Қызбенен ерегісер күйің бар ма?  
Бойыңда адам елер сыйың бар ма?  
Кеуденді өрге айдайсың, сорлы кедей,  
Басқа да кедейліктен мінің бар ма? -

деп [35] сайқымазақ етсе керек. Сонда бұған мойымаған Кенен: «Малға кедей болғаныммен, жаным бай, жүрегім ән, жырға толы. Ерді кебенек ішінде танып болар» деп, әнмен жауап береді:

Мінгенім астымдағы қызыл шолақ,  
Қыз байғұс өкесіне аз күн қонақ.  
Әй, қыздар, кедейсінбей өлеңді айт,  
Тұсыңа келіп қалдым құдашалап.  
Мен өзім Алатаудың ителгісі,  
Қойшының қызға жақын икемдісі.  
Кедейсің деп кемітпе, байдың қызы,  
Келіп отыр құрбыңның сүйкенгісі.

Сөйтіп, ән бірден елге тарап, Кенен есімін бүкіл Жетісу төңірегіне паш етеді. «Көкшолақ» - әуендік құрылысы жағынан терме сарынына келетін ыза, әрі, юморға толы шығарма.

Кенен лирикалық сазға толы ән-өлеңдері арқылы туған жердің әсем табиғат көрінісін бейнелеуге талаптанады. Әсіресе «Ойжайлау», «Қызыл қайнар» тәрізді әндер халық шығармашылығымен астарласып жатқан интонациялық, әуендік байлығымен көз тартады [15].

1910 жылдары дүниеге келген «Ойжайлау» әні уақыт озған сайын жаңа туғандай құлпырып айтылады [35]. Әннің әуені өзгермегенімен де, өлеңі неше түрлі құбылып, бірнеше нұсқалармен айтылып жүр. Бұл әнші-орындаушылардың қызметімен байланысты болса керек. Ән мәтіндері кезінде ән, өлең жинақтарында, кітаптарда жарық көргені белгілі.

Ойжайлау, шөбің шүйгін, суың дәрі,  
Болады халқыменен ақын сәні.  
Берейін әнге шырқап ортаңызда,  
Жиналған елі-жұртым, жас пен көрі.

Ар жағында жүз құбылған қайырмасының өлеңі бір төбе. Солай бола тұрса да, әншілеріміз ән сөздерін бұрмалап айтуға құмар. Радио, телеарналарда, концерт залдарында сол ән «Ертістің арғы жағы Семей ме екен?» деп басталып айтылатынына қайран қаласың [21].

Егер авторы белгісіз, халық әні болса бір жөн, ал енді шығарған адамның арамыздан кеткеніне көп уақыт болмай жатып, оның сөздерін ұмытуымыз - әніміздің тағдырына немқұрайлы қарағандықтың белгісі. Бұл әншінің орындаушылық мәдениетінің төмендігін, ұлттық орындаушылық дәстүрімізді жете білмейтіндігін көрсетеді. Мұндай мысалдар бірлі-жарым емес, көптеп кездесетіні қынжылтады. Бұл әнші қызметімен байланысты ғой деп ойлаймыз. Әншінің міндеті әнді нота бойынша орындап қана шығу емес. Ол бірінші кезекте әннің авторы кім, қай кезде шығарылғанын анықтай отырып, шығарманың мазмұны мен ой-мақсатына, орындалу екіпініне, музыкалық сипаты мен өлең мәтінінің сәйкестігіне назар аударуы керек. Міне, осыларды жан-жақты анықтап алғаннан кейін ғана әнді орындауға кірісуге болады. Мәселен, «Жиырма бес» әнін орындағанда өтіп кеткен жастық шақ, өмір белестері көз алдына елестеуі керек. Олай болса, бұл ән мұңға толы сарында орындалуы керек қой. Әрбір әнді орындағанда осындай сан сырларына үңіле қарау - орындаушылардың басты міндеті болуы абзал [33].

Кенен өзінен бұрынғы халық әншілері тәрізді, ұстаздары Сарыбас, Жамбыл, арғысы Сүйінбай және басқаларға тән қасиет - әні мен өлеңін домбыраның сүйемелімен шығарады. Сол себепті де Кенен домбырасын жан серігі деп санайды: Енді халық композиторының «Домбыра» атты әні туады:

Домбыра, тастамаймын қайда барсам,  
Жаныма жан жолдасым, байлап алсам.  
Тізгінсіз ат мінгендей көрінемін,  
Жараспас домбырасыз әнге салсам.

Келесі кезеңде автор жоғарыда атап өткендей жеке бастың шеңберінен шығып, әлеуметтік-қоғамдық маңызы бар оқиғаларға үн қосуға кіріседі. Солардың бірі - 1916 жылдың дүбірлі оқиғасы еді. Ұлт-азаттық көтерілістің басшылары Бекболат Әшекеев, Әли Нұрқожаұлы, осылармен бірге Кенен де патша өкіметіне қазақтардан әскер бермеуді жақтап, ән-өлең арқылы үгіт-насихат жұмыстарын қызу жүргізеді. Өйткені өзі сияқты қара жаяулардың арасында Кененнің атақ-абыройы жоғары болғаны даусыз. Қазақ жігіттері патшаның жазалаушы отрядтарына қарсы тұрып, қарсыластық білдіреді. Олармен бірге Кенен де талай-талай қырқыстардың куәсі болады, қуғын-сүргінді басынан кешіреді, біраз уақыт қырғыз елін паналайды. Осындай ел басына күн туған заманда әнші қолына қару алып та, домбырасымен де күреседі. Сондай аласапыранда туған «Аттан», «Қайран елім қайда?», «Бұлбұлға» және басқа шығармаларын халыққа ұсынады [21].

Кенен 1921 жылдары Жетісу ақындарының слетіне арнап «Шаңқ етпе», ауылды колхоздастыру науқанымен байланысты «Балдай бол», «Колхоз әні»,

стахандық қозғалысты қолдайтынын білдіріп «Жас екпін», содан кейінгі уақытта «Оразжан» дейтін туындыларын шығарады [30].

Кенекеңнің композиторлық шығармашылығында ерекше орын алатын ән «Базар-Назар». Жоқтау сарынында шығарылған бұл ән естіген жанның сай-сүйегін сырқырататын әсерлігімен ерекшеленеді. Әннің шығуы жайында Кененнің қызы Төрткеннің әңгімесіне назар аударайық: «1929 жылы Кенен арнаулы тапсырмамен көршілес қырғыз жерін аралап жүргенде, үйдегі Базар, Назар деген үйелмелі-сүйелмелі екі бірдей ұлы қайтыс болады. Бұлардың алдында да Зұлхия, Қырғызбай, Тұрсын, Тұрар деген ұл-қыздарынан айрылып запыс болған ақын жанына, әсіресе мына Базар, Назар өлімі қатты батады. Егде тартып, ел ағасы болған шағында кездескен бұл қайғыдан ақын көпке дейін арыла алмайды.

Көктемнің тамаша бір күнінде ақын іштегі шерін таратпақ болып ауыл қасындағы кішігірім бір төбеге шығып, айнала төңірекке көз салады. Қозылақты жамыратып кешкі қора-жай, отын-су қамында жүрген ауыл адамдарының қарекетін көріп, кешкі ауыл көрінісін тамашалайды. Осы заматта лақтарын іздеп, ана қойға бір, мына қойға бір жүгіріп, дамылсыз маңырап жүрген ақ ешкіге көзі түседі. Бұл көрініс қамкөңіл ақын жүрегін тағы да елжіретіп жібереді. Ақынның көзіне жас, көңіліне ән келеді. Базары мен Назарын жоқтап, зарлап отырған ақын төңірегіне ауылдастары түгел жиналады. Кенен ұзақ уақыт зарлап, жиналғандардың сай-сүйегін сырқыратады, талайлардың көңілін босатады. Халық көңілінен шыққан бұл ән ел арасына тез тарайды. Әннің кейде «Ақ ешкі» деп аталуы да осыдан» [33].

1936 жыл - әнші өміріндегі қуанышты күндердің бірі болады. Ол Мәскеуде өткен қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігіне қатысады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында да Кенен халықты жігерлендіретін патриоттық сезімдегі әндерді дүниеге әкелді. Бұл уақыттағы «Күйгенім-ай, сүйгенім-ай», «Шолпанқұлға», «Шынарым-сыңарым», «Сағындым-ау, Жаппарбек», «Ел қуанышы», «Жеңіс жылғы шаттық ән», «Біздің Отан жеңеді» атты әндерінің қай-қайсысында да тылда қалып, әке орнына әке, шеше орнына шеше болған, барлық ауыртпалықты ер адамдай арқалаған ардақты аналардың мұңы мен зары бейнеленген [33].

Соғыс жеңіспен бітіп, күйзелген шаруашылықты қалпына келтіріп жатқан еңбек адамдарының ерлік істері де композитор назарынан тыс қалмайды. Кенен жаңа қарқынмен өрлей бастаған экономикамызбен мәдениетіміздегі жетістіктерді тілге тиек етіп, жырға қосады. «Батыр Москва», «Бейбітшілік ұраны», «Қос жұлдызды батыр», «Туған жер», «Жайнады тыңым, жайнады», «Келінжан» және басқа әндерімен халық ақыны өміріміздегі барлық күрделі оқиғаларға дер кезінде үнін қосып, идеологиялық майданның қақ ортасында жүріп, белсенділік көрсетті [31].

Елуінші жылдары әнші-композитордың тың игерушілерге арналған «Жайнады тыңым, жайнады» әні өмірге келді [31]. Ән сазы мен өлең мазмұны шебер қабысып жатыр. Белгілі әнші, Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының

лауреаты Нұрғали Нүсіпжанов «Отырар сазы» оркестрінің сүйемелдеуімен орындайтын бұл шығарма жоғары дәрежедегі көркем бейнеге айналып, тындаушыларын үлкен ләззатқа бөлейді. Ән өзінің әдемі әуен, сазымен, мазмұнды өлеңімен жүректі баурап алады. «Жайнады тыңым, жайнады» әні - тың эпопеясына арналған шығармалардың ішіндегі шоқтығы биік туынды. Бұл - фольклорлық сипатта ғана емес, қазақ сазгерлерінің осы заманғы озық туындыларына тән ырғақтық-интонациялық мәнерлік құралдарын бойына сіңіре білген.

1959 жылы әйгілі әншінің туғанына 75 жыл толу мерекесін Республика жұртшылығы кеңінен тойлайды. Бұл күні Кенен бойына қайрат, жігерін жинап, шабыттана ән шырқайды. Осындай зор қуаныш, толғаныстың үстінде «Жетпіс бес» атты жаңа туынды өмірге келеді [15]:

Бағалады партия алып еске,  
Қос орденді қадады кәрі төске.  
Ардақты елді аралап, ән салып жүріп,  
Жеткенімді білмеппін жетпіс беске.

Кенен атаның 1960 жылы ұлының үйлену тойында дүниеге келген «Келінжан» әні аз уақыт өтпей-ақ бүкіл Қордай жастары тойларының беташар әніне айналып кетті [31]. Қазір бұл ән Республика көлеміне кеңінен танымал. Әннің өлеңі де қарапайым, тындаушылардың есінде тез жатталып калатын халықтық музыка, дәстүрімен тығыз байланысты болып келеді:

Құтты болсын, келінім, аяғыңнан,  
Осы еді ғой күткенім баяғыдан.  
Мал-мүлкіңе ие бол арнап жиған,  
Өсекшілдің сақ болғын саяғынан,-

деп басталатын ән - осы күнгі жастарға үлгі-өнеге боларлық дәрежедегі туынды. «Ғашық болып қосылып, ертеңгі күн, кеңселерге сүйресіп күлкі боп жүр» деген жолдарда әрбір жасқа қатысты ақыл-кеңес жатыр емес пе?

Кенен Әзірбайұлы әнші, жыршы, ақындығымен қатар **домбырашы-күйшілігімен де белгілі** болды. Халық композиторы Байсеркенің «Көш тоқтатқанын», Баубектің «Шертпесін», Майлықожаның «Майдасын» келістіре орындаған. Сондай-ақ, өзі де бірнеше күй шығарды. Атап айтқанда, «Құлақ күйі», «Қызыл әскерге», «Алып қара құс», «Сарбарпы», «Ботаң қалды», «Қарқара-ау» тәрізді күйлері бар. Әнші-композитор шығармашылығының тағы бір саласы - **айтыстары** десек, олардың музыкалық сүйемелі де қызықты, арнайы зерттеуді қажет етеді. Мәселен, «**Кененнің Шәлипамен айтысы**», «**Кененнің Ләтипамен айтысы**», «**Кененнің Бопинамен айтысы**» негізінде сөз жарыстыру болғанымен, алайда олардың әуендік жақтарының өлең мазмұнын ашудағы рөлі күшті. Ақынның өзі әнші болған жағдайда айтыс әуендері ерекше мәнді де сәнді көрінетіні сондықтан. Олай болса, Кененнің айтыс әуендері де мол музыкалық қазына саналады.

Ғасырға жуық ғұмыр кешкен Кенен өзі өмір сүрген замандағы әйгілі «маусым жарлығы», сонымен сабақтас 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы, одан соңғы Қазан төңкерісі, ұжымдастыру науқаны, халық дәулетінің жаппай

тәркіленуі, халықты қынадай қырып кеткен ашаршылық, репрессия, соғыс, одан кейінгі тың игеру мен екпінді құрылыстар салу барысындағы желбуаз ұраншылдық сияқты халық тағдырына түбегейлі өзгеріс енгізген тарихи оқиғалардың бел ортасында болды. Жай сырттай бақылаушы емес, сол тарихи оқиғаларға Кенен сергек араласып, өзінің азаматтық позициясын бойындағы буырқанған дарыны арқылы айғақтап отырды. Бұл ретте, Кененнің әнші, ақын, жырау, күйші ретіндегі алуан арналы шығармаларын өзі өмір сүрген заманының жанды шежіресі деуге болады. Ол өз ғұмырында жүзден аса ән шығарып, оның өлеңін де өзі туындатып, бұған қоса асқан шеберлікпен өзі орындаған біртуар дарын иесі. Сондай-ақ, екі жүздей лирикалық, дидактикалық арнаулар мен толғаулардың авторы [30]. Оның репертуарында ондаған эпикалық жыр-дастан болған. Сол жыр-дастандарды таңды-таңға ұрып жырлап, тыңдаушысының құлақ құрышын қандырып, халықтың рухани ұйтқысы болған тұлға. Ол ән мен жырдың кені атанған Жетісудың ғана емес, исі қазақтың әншілік-күйшілік, ақындық-жыршылық, сал-серілік дәстүрін терең игерген өнер тарланы. Кененнің дарын тегеуріні қазақтың ән өнерін әуендік интонациялық жағынан байытып, әннің түр-тұлғасын жаңа биіктерге көтеріп, тақырып аясына тарихи-әлеуметтік тың мазмұн дарытып, соны өрістерге алып шықты. Оның «Бозторғай», «Көкшолақ», «Бұлбұлға», сияқты әндері әуендік толымды жаңалықтарына қоса, бітім-құрылысы мен тақырыбы тұрғысынан да өзіндік төл сипатымен дараланады. Бұл әндердің қай-қайсысының да астарында уақыт тынысына қоса, ең алдымен Кененнің өзінің тарихи түйсік-зердесі, жалтағы жоқ болмысы аңғарылады. Мәселен, 16-шы жылғы толқудан көп бұрын дүниеге келген «Бұлбұлға» өлеңінде бұлбұлмен мұндаса отырып, «Қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр» деген сөзді айту үшін ыза-кекке қоса, сол кездегі іріп-шіріген саяси ахуалды түсінетін көреген зерде керек қой. Немесе, күндей күркіреген Отан соғысының алғашқы күндерінде-ақ Алатаудың ақиық қыранындай саңқылдап, «Біздің Отан жеңеді» деп жар салуы – ерге лайық жалтақсыз сенімнің, ақынға лайық оптимизмнің, ақылгөйге лайық көрегендіктің айғағы болса керек

Жетпіске келген шағында ол он жеті жасқа толған үлкен ұлы Көркемжанды шақырып алып: «Менің қатарларым немере сүйіп, шөбере көріп жатыр. Қанша жасарым бар. Оқу қашпас, әуелі үйлен», деп оны үйлендірген екен. Келін болып қаланың 16 жасар қызы түседі. Ауыл болмысын көрмеген, тілі орысша шыққан қызды көріп, Кенен келінінің ертеңгі күнін ойлап, уайымдайды. Беташар кезінде бет ашатын жігіттің иығына шапан жауып: «Жолыңды маған бер», деп қолына домбыра алады. Жиылған жұрт қарт ақынның бұл қылығын көріп, қатты таңқалады. Сол кезде ол: «Әрі беташар, әрі батам, әрі келінге айтар өсиетім болсын», деп жырын төгеді. Өткен күндерін еске түсіріп, алғашқы қуанышын қаншалықты аңсағанын айтып «Келінжан» әнін дүниеге осылай әкелген екен [15]. Сексенге қараған шағында «Сексенге» деп өлең шығарады. Өлеңінде: «Толдым биыл сексенге, Тай үйретем тепсеңге. Екі Кенен тумайды, Алатауға

ексең де», - деп жырлайды [31]. Осылай Кенен ақын қорытынды сөзін айтып кеткен. Бір заманда Кенендей алып қайта туыла ма, жоқ па, белгісіз. Алайда, ел жадында ол халық ақыны болып мәңгілікке қала береді.

Жалпы, Кенекеннің тұлғасын ақындық, әншілік, сазгерлік қырларынан қарастыруға болады. Сал-серілерге тән осы қасиеттердің барлығы да Кенекеннің бойынан табылған. Оны ел ішінде замана жыршысы” деп атап кеткен, себебі, ол халықтың мұң-мұқтажын, замана лебін өнер тілінде сөйлете білген ұлы талант иесі. Оның жан-жақты өнері туралы ұлы ғалым Мұхтар Әуезов былай деп жазған екен: „Кенеке, мен сізді әнші ғана ма деуші едім, осыған дейін анық танымаған екенмін. Сіз күміс көмей әншілігіңіздің үстіне, әрі ғұлама жырау, әрі әбжіл шешен, байтақ шежіре екенсіз. Халқымыздың аяулы өнерін шет жұртқа жеткізген талантыңызға бас иемін”- деген екен [47]. Мұнда жазушы Кенекеннің жан жақтылығын, және де оның қазақ пен қырғыз ортасында өнер дәнекері болғандығын айтты.

Кенекен ақындық пен жыршылықта өзіне Сүйінбай мен Жамбылды ұстаз тұтқан. Оның айналасындағы жекпе-жекке шығып жүрген замандастары, көрші қырғыз еліндегі «төкме» (суырып салма ақын) ақын-құрдастары – оның сол кезеңде ақын болып қалыптасуына үлкен септігін тигізді.

Жоғарыда Кенекенді Жетісу әншілік мектебін қалыптастырушыларының бірі және бірегейі дедік. Бұл туралы зерттеуші, ғалым Ақселеу Сейдімбек былай дейді: «Қасиетті Жетісу топырағынан небір дүлдiл ақын, бұлбұл әнші, жезтаңдай жыраулар шығып баққан ғой. Солардың ішінде әйгілі Сүйінбай, Жамбыл сияқты ақиық ақындармен терезесі тең, керегесі көктес жан – осы Кенен Әзірбаев» [34, 209]. Бұл пікірге көзі ашық, көкірегі ояу кезкелген адамның келісетіні сөзсіз. Себебі, бұл өңірдің арғы-бергі тарихында әншіліктен Кененнің алдына шыққан ешкім жоқ. Салыстырмалы түрде қарастырсақ, кәсіби деңгейі жағынан Кенекеннің шығармашылығы Батыстағы Мұхит салдың да, Арқадағы Ақан, Біржандардың да өнерлеріне төтеп бере алады, яғни артық болмаса кем түспейтіні анық. Қазақтың ән өнерінде бір-екі әндермен атағы жер жарған әншілер де аз емес, Арқаның әншілік мектебінде олардың есімі Қанапия, Жарылғапберді, Шашубай, Ғазиздармен байланысты. Ал, Жетісу жеріндегі Сауытбек, Сәдіқожа, Қапез, Пішән өнерлері алдыңғы әншілердің шығармашылықтарымен пара-пар келеді.

Әншілік дәстүрдің негізі қаланбаған Жетісу жерінде, XIX ғасырдың аяғында Кененнің туылып әнші боп қалыптасуы - табиғаттың құпия құбылысы деп айтпасақ шара жоқ. Әсте, бұл бір Алланың сыры шығар. Өзінің 92 жас жасаған ғұмырында Кенекен 120-дан астам ән, 11 күй шығарған [22]. Жалпы Жетісудың әншілік мектебі туралы әр кезеңдерде көптеген ғалымдар құнды да, даулы пікірлер айтқан. Солардың бірі қазақтың әншілік өнерін жетік зерттеген профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты Саида Елеманова былай дейді: «Жетісу өлкесінде композиторлар көп болғанға ұқсайды, бірақ бұл өңірдің әншілік мектебі Арқаның әншілік



мектебіне қарағанда кейін дамыған. Сол кездегі Жетісу композиторларының шарықтауы XX ғасырдың басындағы зобалаңға тап болып, көбісінің өмірлері тағдыр тәлкегіне байланысты үзіліп, шығармашылықтарын дамытуға мүмкіншілік болмаған. Кененді де 1916 жылғы қасірет айналып өтпеген, бірақ ол қырғыз елін паналап, жау оғынан аман қалған. Оның ең жемісті жылдары - революцияға дейінгі жылдар. Көп зерттеушілер Кененді Арқа әншілік дәстүрін жалғастырушы деп қарайды, ол дұрыс емес. Оның 13 жасында шығарған „Бозторғай” деген әнін жоғарғы деңгейдегі классикалық ән деп қарастыруға болады. Және де ол бұл әнді Арқа әншілерін кездестірмей тұрып шығарған. Осы әнді Кенекеннің жастау кезінде орындаған лентасы фонотекада сақталған [22]. Сол лентаны тыңдап, оның жас кезіндегі жоғарғы даусының бояуы қаншалықты әдемі болғанын білуге болады. Әншілер оны „жоғарғы форманта” дейді. Ал енді оның „Базар-Назар” деген әніндегі „уф-эй, уф-эй” деген орындаушылық әдістері қазақтың еш бір әнінде кездеспейді, ғылымда оны дыбысқа еліктеу дейді. Жалпы Кенен шығармашылығы осы күнге дейін өз деңгейінде зерттелмеген.» - деп әнші, композитор, ақын шығармашылығына жоғары баға береді [22,54].

Зерттеушінің бұл сөздерінің жаны бар десе болады. Себебі осы күнге дейін өнертану ғылымында осындай үлкен тұлғаның шығармашылығына бірде-бір мардымды ғылыми жұмыс арналмаған. Нақтырақ айтсақ, Кенен шығармашылығының музыкасы зерттелген кандидаттық немесе докторлық жұмыстар жоқ. Зерттеу мақалалардың өзі саусақпен санарлықтай: 1975 жылы Кенекеннің көзі тірісінде академик Ахмет Жұбанов өзінің „Замана бұлбұлдары” атты монографиясында сазгердің шығармашылығына көлемді очерк арнаған болатын [6, 275]. Араға біраз жыл салып 1996 жылы зерттеуші-ғалым Зейнұр Қоспақов өзінің „Сыр тартсақ тарихынан әншіліктің” атты ғылыми еңбегінде оқырмандарға Кенекеннің өмірі мен шығармашылығына байланысты жаңа деректер ұсынды [21,110]. Кенен әндерін нотаға түсіріп жинақ етіп шығаруда зерттеушілер Асқан Серікбаева және Борис Ерзаковичтың еңбектері зор болды. Б.Ерзаковичтың бастамасымен 1955 жылы «Кененнің әндері» деген атпен әндер жинағы шықты. Кенен әндерін қасында жүріп толық меңгерген, әрбір иірім, сөзге дейін нақты білетін қызы Төрткен Кененова еді. Кенекен дүниеден өткен соң, оның барлық ән-күйлерін жинақтап, нота сауатын білетін музыка зерттеушісі Асқан Серікбаеваның көмегімен 1977 жылы «Бозторғай» деген атпен жаңа жинақ шығарады [15]. Осы күнге дейін Кенен Әзірбайұлының әндері бірнеше рет жинақталып қайта басылып шықты.

1984 жылы композитордың 100 жылдық тойына арналған Жамбыл облыстық „Еңбек туы” газетіндегі құнды мақалалар мен естеліктер жарияланды. Атап айтсақ, ондағы Кенекеннің қызы Төрткен Кененованың, композитор Нұрғиса Тлендиевтың естеліктері – зерттеу мақалаларынан артық болмаса кем емес. Сонымен қатар әншінің көзін көрген, араласқан және сол кездегі Красногор ауданының тұрғындары өз естеліктерінде ғылыми ортаға жаңалық болатындай көптеген деректер келтірген. Мәселен сол ауданның

тұрғыны Қ.Қойтаев өзінің „Әннің тууы” атты мақаласында Кененнің „Бұлбұлға” деген әнінің шығу тарихын баян етеді. Әрине, бұл әннің 1916 жылы Кенекеннің қырғыз елін паналап жүргенде туғаны туралы ертеректе жазылған, бірақ мақала авторы бұрын соңды естілмеген нақты деректерге сүйеніп жазған: „Жолдастарының ақылын құп алған ақын бір түнде қырғыз еліне өтіп кетеді. Онда Ыстықата деген жерде Әбіш Көбеев деген ақжарқын, меймандос шаруаның үйін паналайды» [47]. Міне бұл дерек сол кезде алғашқы рет жарияланды. Ал сол газеттегі Нұрғиса Тілендиевтың мақаласы тұтасымен ғылыми еңбек десе болады. Ондағы жүйе, ой, мақсат толығымен ашылған. Бұл мақаланың авторы Кенекеннің күйшілігінің, композиторлығының, әншілігінің, ақындығының қайдан келгендігін ашықтап, көңіл толарлықтай деректер келтіреді. Енді сол мақаланың түйінді ойларын келтірейік. Мақала авторы өзін толғандырып жүрген Кенекеннің әншілігі қайдан дарыған деген сауалға былай деп жауап береді: «...Кененнің ән өнеріндегі алғашқы ұстазы, өзі айтқандай, сүйікті анасы Ұлдар шешейден бастап, сол өзі өскен сауықшыл халық ортасы, сезімтал түйсігі үнемі сыбырлап сыр ақтарып тұратын сол өзі өскен табиғат аясы деуіміз керек. Шын талант – табиғат перзенті. Ал, табиғат - өнердің таусылмас кені» – дейді автор [47]. Кенен есейген кезде Арқаның ақиық әншісі Балуан Шолақтың өз туған жеріне келіп (Балуан Шолақ 1864 жылы Шу өңірінде, Хан тауының етегінде дүниеге келген) [6], Жетісу жерін аралап Кененмен жүздескен сәтін, Нұрағаң «бұлқынған бұлақтың көзін ашқандай болды» деп суреттейді. Сөйтіп, композитор Арқа ардагерлерінің әні Жетісуға Балуан Шолақ арқылы және оның зерек шәкірті Кенен арқылы жетті деп пайымдайды және Кененнің сол сәтте шығарған «Балуан Шолақпен кездескенде» атты өлеңін келтіреді:

«Көзіңнің қырын салшы, Балуан аға,  
Даңқыңыз талай елге барған, аға  
Бала едім жаңа талап ақын-әнші,  
Әніңді үйренетін алуан, аға».

Кенекен өзінің өнерін қайдан дарығаны туралы өзінің «Менің ұстаздарым» атты өлеңінде анық айтады. Мұны да мақала авторы ой елегінен өткізіп, орынды келтірген:

«Анам Ұлдар әнші екен, әкем де ақын,  
Ұстазым Сарыбас ақын дүрілдеген  
Шашубай мен Шолақтың әнін естіп,  
Мен де сондай болсам деп дірілдегем»

Композитордың бұл өлеңі жоғарыда келтірілген пайымдау, жорамалдарға нақты дәлел [48].

Н.Тілендиевтың сол мақаласындағы композитордың күйшілік өнер және Байсерке туралы толғанысы, газеттің сол нөміріндегі Төрткен апамыздың «Атамның жеті күйі» атты мақаласы – Кенекеннің күйшілігін халыққа жаңа қырынан танытқан.

Жалпы, әншілік өнерде және музыкатану ғылымында Кенен

шығармашылығындағы «Бозторғай», «Көкшолақ», «Домбыра», «Ри, қойым» сияқты әндер күрделі әндер қатарына жатса да, халыққа кең тарап ертеден орындалып келеді. Ал, композитордың «Жаңа заң», «Көпшілік, тыңда әнімді», «Бал құйылды даладан» деген сияқты әндері бүгінге таңда Төрткен апамыздың орындауымен, үйретуімен жетіп отыр. Кенен әндерінің ішінде Жетісу өңірінің қара өлеңдерімен және қырғыз әндерімен сарындас әндер өте көп. Олай болуы да заңды құбылыс. Әнші Кенен бүкіл өмір тарихын қырғыз халқымен және өнерімен сабақтастырған тұлға. Композитордың әндерінде жыр сарындарының жиі кездесуі де заңды. Себебі, Кенекен Сарыбасты ұстазым деп, жарты ғасырға жуық Жамбылмен байланыста болған. Кенен әндерінің музыкалық құрылысын зерттеген ғалым Әлия Мұқанова Кенекенді шын мәнісінде кәсіби сазгер екендігін, және оның шығармашылығына жоғары баға беріп, былай дейді: «Как народно-профессиональный композитор он создал песни, необыкновенные по своей сложности, виртуозности и красоте» [25, 4]. Шын мәнісінде Кенен әндері қаншалықты көп болса, соншалықты әуенге де бай.

Бұл күнде Кенен әндерін орындап, насихаттап жүрген әншілердің ішінен Рамазан Стамғазиев, Шолпан Даржанова, Ардақ Балажанова, Ерболат Шалдыбеков, Тілеулес Құрманғалиев, Жазгүл Даңылбаева, Бейбіт Мұсаевтарды ерекше атап айтсақ болады. Композитордың әншілігі де, ақындағы да бүкіл Қазақ жеріне әлдеқашан кең тарап жайылып кеткен. Демек, Кенекеннің мектебі кең қанат жайды десек болады. Ендігі кезек мұраны өз деңгейінде дәріптеуде, Кенен шығармашылығының стильдік ерекшелігін анықтауда. Бұл жұмыс біздің болашаққа қойған мақсаттарымыздың бірі.

Қорыта келгенде әнші-ақынның «Таралған ел ішіне әнім қалсын» деп, бір кезде армандаған тілегі толығымен жүзеге асты. Шындығында да, халқымыздың қалаулы ұлы - артына өлмес мұра қалдырған Кенен сал, Кенен серінің игі дәстүрін жалғастыратын өнерлі ізбасарларының орындауында оның асыл қазынасы уақыт өткен сайын жаңарып, жарқырай бермек.

Бұл тарауда Кенен әндерінің шығу тарихы оның өмір белестерімен сабақтастыра баяндалды. Композитор шығармашылығының қалыптасу кезеңдеріне орай топтастырылып жүйеленді. Зерттеудің материалдары өлкетанушылардың ақпарат құралдарындағы мәліметтерімен қатар, негізінен филологиялық және мұрағаттық деректерге сүйенілді. Өз алдына аса құнды дереккөзі – Төрткен Кененқызының бізге ауызша әңгімеде айтқан естеліктері құрайды. Демек, осы тарауда сазгер Жетісу өңірі ән дәстүрінің кесек тұлғасы ретінде және кең тарихи аяда қарастырылды.

## 2 КЕНЕН ӘЗІРБАЙҰЛЫ ӘН МЕКТЕБІНІҢ АЙРЫҚША КӨРКЕМ ТІЛІ

### 2.1 Кенен әндерінің құрылымдық топтары

Әрбір композитордың өзіндік, әндерінің стилдік ерекшелігі болады. Оны анықтау үшін сол композитордың бірнеше әндерін талдау қажет. Бұл тарауда біз кейбір кәсіби әнші-композиторлардың әндерін талдап әндердің композициялық құрылысын, яғни формасын, әуендік дамуын анықтамақпыз.

Зерттеуші-ғалым С.А.Елеманова өзінің «О генезисе, эволюции и стиле казахской традиционной песенной культуры» деген мақаласында: «Изучение любых музыковедческих вопросов, в конечном счете, сводится к тому, чтобы понять, как родилось то или иное музыкальное явление (генезис), что с ним происходило (эволюция), что оно выражает и какую неповторимую и особенную форму (семантика и стилистика) оно приобрело» [49]. - дейді. Ғалымның пайымдауынша зерттеу нысанасына алынған әрбір жанрдың даму барысында қалыптасуы, өзгеруі нақты айшықталуы керек. Сол себепті осы тараудың негізгі мақсаты дәстүрлі әннің зерттелу тарихнамасына тоқтала отырып, кәсіби әндердің көркемдік жүйесіндегі Кенен әндерінің орны мен айрықша қолтаңбасын анықтау болмақ.

Қазақ халқының кәсіби әншілік өнерінің алғашқы орындаушылары туралы орыс зерттеушісі М.В.Готовицкий былай деген: «Қазақ өнерін айтып таратушылардың ішінде кәсіпқой (профессионал) әншілер болады. Олар ел өміріндегі елеулі оқиғаларда жарқылдай көрінеді, сонысына сай ерекше сый-құрметке бөленеді» [50,71]. Демек қазақтың кәсіби әншілік өнері қалыптасу кезеңінен бастап фольклордан және басқа да өнерлерден ерекшеленетін болған. Халқымыздың кәсіби әншілік өнерінің белгілі тұлғалары –Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Кенен тағы басқа әнші-сазгерлер қалыптастырған дәстүрлі кәсіби әншілік өнеріміз осы күнде кең етек жайып, дамып келеді. Кең байтақ даламыздың қай өңіріне барсаңыз да ел арасында өзіндік орны бар бұл әндер халықтың жоғары бағалап, қастерлеп, сақтап, сүйіп орындайтын әндері. Зерттеушілер көп қалам тартпаған, қазақ әншілік өнерінің іргетасы кәсіби халық әндері және халық сазгерлері әндерінің стильдік ерекшелігі, дәстүрлі әншілік өнердің қалыптасуы, дамуы және мамандарды даярлау мәселесі ұсынып отырған жұмысымыздың негізі болып табылады.

Қазақтың кәсіби әншілік өнері Қазақстанда XIX ғасырдың басында қалыптасып, ғасыр ортасында шарықтау шыңына көтерілді. Өзінің қалыптасу кезеңінен бастап кәсіби әншілік өнер еліміздің жағрафиялық орналасуына байланысты бірнеше мектептерге бөлінеді. Ғалым-зерттеуші Ақселеу Сейдімбековтың пайымдауынша кәсіби әншілік өнер бес мектепке бөлінеді: Арқа, Жетісу, Шығыс-Түркістан, Сыр бойы, Батыс. Бұл мектептердің әрқайсысы өзіндік музыкалық-стильдік, орындаушылық өнерімен ерекшеленеді [51]. Алайда, қазіргі кезде дәстүрлі ән мамандығын оқытатын

жоғары оқу орындарында осы мектептердің үшеуі ғана бекітіліп, оқытылады – ол Арқа, Батыс, Жетісу әншілік мектептері, қалған екеуі сол мектептердің репертуарына еніп, бірге оқытылады. Арқа, Жетісу әншілік мектептері ақындық дәстүрдің негізінде, ал Батыс әншілік дәстүрі жыршылықтың негізінде қалыптасты.

Бұл мектептердің қай-қайсысы да сол өңірге жақын кәсіби ақындық немесе жыраулық институттардың қосындысынан пайда болған. Соның нәтижесінде жартылай жырдың мақамдарына, жартылай кара өлеңдерге, халық әндеріне ұқсас әндер туындап „кәсіби ән” деген өз еншісін алып кеткен. Кәсіби әншілік өнердің қалыптасуы жөнінде музыка зерттеуші-ғалым С.Елеманова «Казашское традиционное песенное искусство» атты еңбегінде жазған болатын [52].

XIX ғасырда өмір сүрген барлық кәсіби әншілер синкретті өнер иелері. Олар тек ән айтып қана қоймай, сол әннің сөзін шығарған ақын, әуенін шығарған композитор да болған. Зерттеуші Т.К.Джумалиева әнші-ақындардың бұл өнері туралы былай дейді: «Бір адамның басына түскен мұндай ақындық, әншілік, орындаушылық қасиеттер жалпы адамзаттық өнер тарихында өте сирек кездесетін құбылыс» [53, 90]. Синкреттік өнер - қазақтың кәсіби әншілерінің бірден-бір ерекшеліктері деп нық айтуға болады.

Кәсіби әндерді шығару және орындау тек қана кәсіби әнші-композиторлардың, ақындардың еншісінде болған. Ән міндетті түрде аспап сүйемелімен орындалатын. Қазақтың кәсіби әнші-композиторлары әнді домбыра, сырнай, қылқобыздың сүйемелдеуімен айтқан. Аспаптық сүйемел – кәсіби әншілік өнердің ажырамас, маңызды бөлігі. Кәсіби әншілік өнер халық шығармашылығынан, әдет-ұрып, салт-дәстүр әндерінен ең әуелі осы аспаптық сүйемелімен ерекшеленеді. Бұл мәселені Б.Қарақұлов, Д.Амирова сияқты музыка зерттеушілер өз еңбектерінде қозғаған [54], [55].

Кәсіби әндер халық шығармашылығынан, сондай-ақ, орындау мәнерімен және орындау сапасымен ерекшеленеді. Кәсіби әнді орындаушы міндетті түрде жақсы дауыс иесі, ұстаз алдын көрген, және ерекше қабілетті жан болу керек. Кәсіби әншілердің әдемі дауысы – дала мектебінде қалыптасқан ерекше «вокалдың» нәтижесі. Ел ішінде әдемі дауыс иелерін — «демі зор әнші», «алты қырдан дауысын асырған әнші», «күміс-көмей, жезтаңдай», «көмейіне бұлбұл ұя салған» деп атап жатады [56, 20]. Бұл халықтық атауларды ән өнерінің алғашқы зерттеушілерінің бірі Мәриям Мұқатайқызы Ахметова әншілік өнерге арналған еңбегінде атап кеткен.

Дәстүрлі әншілердің кәсіби ән орындау кезінде дыбыстардың бай палитрасы, нәзік нюанстары, әр түрлі дыбыстық тембрлер, артикуляциялық техника қолданады. Бұл туралы нақтырақ музыка зерттеуші Д. Амированың «О казахском народно-профессиональном песенном исполнительстве» атты қолжазба еңбегінде жазылған [57].

Осы жерде «кәсіби әнші» деген ұғымға тоқтала кеткен жөн. Жалпы дәстүрлі қазақ музыкасындағы кәсібилік мәселесін қозғап, осы тақырыпта 1981 жылы кандидаттық диссертация жазған қазақстандық ғалым Саида Елеманова болатын [58]. Ғылыми жұмысында ол кәсіби музыканттың қабілетін, бейімділігін, әлеуметтік жағдайын жан-жақты қарастырады.

Расында да, қазақтың кәсіби ән өнері тарихында әншілік, ақындығымен қоса сиқыршылық, палуандық та дарыны болған, цирк өнерінің жанрларын меңгерген әншілер аз болмаған. Бұл қатарда біз ел алдында әншілігінен де басқа өнер көрсеткен Ағашаяқ, Шашубай, Балуан Шолақ сынды әншілерді атай аламыз. Жалпы, ХІХ ғасырда, қазақтың кәсіби әншілік өнерінің басы-қасында болған әншілер – синкретті өнер иелері болған. Олар тек әнші ғана емес, ақындық, композиторлық, басқа да өнерлері болған әмбебап әртістер еді. Уақыт өте келе, әншілер бойындағы өнер тарам-тарамға бөлініп, бір адамның бойынан тек бір өнердің түрі ғана табылатын болған. Яғни, адамдар бір ғана өнердің түрін меңгеріп, соны ғана дамытқан. ХХ ғасырдың орта шенінде, қазақ жеріне жазба дәстүрдің келуімен бірге – «әнші», «ақын», «композитор», деген жеке-жеке атаулар, мамандықтар пайда болды. Бұрынғы синкретті өнер иелері ел ішінен сирек кездесетін жағдайға жетті. Әйтседе, бұл үрдіс мүлдем жойылып кетті деуге болмайды. Бұл өнер кейбір қазіргі дәстүрлі әншілердің бойынан да байқалып жүр, және болашақта жалғасын табары сөзсіз.

Ауызша-кәсіби әнді ақындық дәстүрде әншінің әуелетіп бастаған сөзімен айтады. Оның үстіне, - ақынның ашық дауысы мен оның әуезіндегі семантика музыкалық ерекшеліктің баюы мен дамуына жол ашпақ, мұны зерттеуші-ғалым С.Елеманова қысқартып АӘИ деп атайды [59]. Жоғарғы тонға бекіген бұл құрылым ладомелодикалық, ырғақты және орындаушылық құрал бола алады [ашық динамика, дауыс шығарудың ерекше тәсілі].

Бұл тәсіл Кенен әндерінде жиі кездеседі. Мысалы «Бозторғай», «Туған жер», «Сексенге», «Бастау», «Гигигай», «Үрия-ай, диние-ай» т.б.

Ақындық дәстүр – ауызша-кәсіби әннің бірден бір бастауы емес. Кәсіби ән өнерінің негізгі қайнар көзі, көшбасшысы болып халықтық ән жанры «қара өлеңнің» бар екенін айта кету ләзім. Ол қара өлеңнің ырғағы мен, интонациялық құралын, өлең көлемі мен қалыбын ғана емес, осы жанрдың тұрмыстық дәстүрін, тақырыбы мен мазмұнын да өзіне сіңірген [52].

Кәсіби әншілерге және ауызша-кәсіби әнді шығарушыларға қазақ қоғамында сал-сері деген ат берген. Жетісу жеріндегі кәсіби композитор, сал-серілік жолдың жалғастырушысы осы Кенен Әзірбайұлы.

Кенен әндерін әншілер орындағанда айтылу мәнерінен, дауыстың өрнек нақыштарынан осы Жетісу өңірінің өзіне тән өзгешелігі байқалып тұрады. Сонымен қатар көршілес қырғыз елінің әншілік мәнеріне тән кейбір элементтер де елес беріп қалады. Бұл әрине мәдени байланыстың ықпалынан туған табиғи құбылыс. Кенен Әзірбайұлының орындаушылық шеберлігі Жетісу әншілік дәстүрінің таза үлгісі деуге болады.

Кенен шебер әнші ретінде өз дауысының мүмкіндігін толық меңгерген.

Жетісу өңірінің әншілік дәстүрінің көрнекті өкілі Кенен Әзірбайұлы шеберлігін талдай отырып, бұл өңірдің өзіне тән әншілік дәстүрі, өзіндік музыкалық интонациясы бар, басқаларды қайталамайтын, тарихи тамыры тереңде жатқан әншілік дәстүрі қазақ музыка мәдениетінде өзінің лайықты орнын алған өнер дәстүрі деп білеміз. Бұл дәстүр өзінің өнердегі дара, жеке келбетімен қазақ әншілік мәдениетінің көкжиегін кеңейтіп, байыта түсетін халық игілігі, халықтың рухани қазынасы.

Кенен әндері тақырыптық, мазмұндық аясынан да, жанрлық тұрғыдан да әртүрлі. Мысалы оның әндерінің ішінде формасы жағынан аса күрделі де («Бозторғай», «Көкшолақ», «Тік шырқау»), және халық әні тәрізді қарапайым да әндер бар («Қордай», «Жетпіс бес», «Туған жер» «Нұрлы жаз», «Келінжан» т.б.). Кенен әндерінің басым көпшілігі – мажорлы тональдықта, қысқа қайырымы бар, қайталанған жартышумақ формасында болып келеді. Минорлы тональдықта айтылатын Кенен әндерінің бірі «Бұлбұл». Бұл әннің композициялық құрылысы қара өлеңнің 3+8 деген түрінің негізінде қалыптасқан. Шумақтағы әуен қайырмада басқа поэтикалық текстімен дәлме-дәл қайталанады. Шумақ және қайырма текстінде кездесетін «шіркін-ай» сөзі одағай сөз емес, текст ішіндегі сөз. Мұндағы кәсібилікті көрсетіп тұрған әннің бесінші сатыдан басталуы, және ырғақтық ерекшелік. Бірінші жолындағы әуен созылыңқы болса, екінші тармағында автор әуенді жеделдетіп жібереді. Мұндай тәсілді шебер сазгерлер ғана қолдана білген:

## Бұлбұл

Кенен Әзірбаев  
Ор. Автор

Асықпай сағынышпен

Ей бұл-бұла сен де бұл-бұл, мен де бұл-бұл. Қаң-ғырт-қан е-кеу-міз-ді, шір-кін-ай пат-ша құр-ғыр,  
е - еу Ай-ры-лып, ел мен жұрт-тан а жүр-ге-нім-де, Бұл-бұл-жан ұ шып кет-пей,  
қа-сым-да сай-ра да тұр, е - су. А-ла-тау аң-са-дым-ау са-мал ле - бін,  
Қор-дай-дың көк-се - дім - ау шір-кін-ай қо-ңыр же-лін, е - - еу

Әншілік дәстүрдің негізі қаланбаған Жетісу жерінде, XIX ғасырдың аяғында Кененнің туылып әнші боп қалыптасуы – табиғаттың құпия құбылысы деп айтпасақ шара жоқ. Жалпы Жетісудың әншілік мектебі туралы әр кезеңдерде көптеген ғалымдар құнды да, даулы пікірлер айтқан.

Кененнің кәсіби деңгейдегі әндерінің ішіндегі аса бір күрделісі шешек ауруына шалдығып, сол аурудың құрбаны болып, бала кезінде шетінеп кеткен балаларына арнаған «Базар-Назар» деген әні. Әннің композициялық

құрылысы – екі бөлімді қайырмасы бар, қайталанған жартышумақ формасы. Мұндай формадағы әндер қазақ әндерінің ішінде көп емес. Кененнің бұл әнде одағай сөз және одағай буындарды ерекше қолануы таң қалдырады. Шумақтағы бірінші және үшінші жолының соңында «ой, дүние-ай» одағай сөзін қолданса, екінші және төртінші тармақтарының соңын «ох-хой, ох-хой» деген бірнеше рет қайталанатын, әуен жолы қайырым есебіндегі одағай сөздермен толықтырады. Әннің құрылысын төмендегідей суреттесе болады:

7+4 +ой, дүние-ай

7+4+ ох-хой, ох-хой.... :// қ-сы: 4+4

4+4

4+ ой, дүние-ай. ://

Мұндай құрылыстағы әндерді бүкіл қазақ әндерінің ішінде кездестіру қиын. Сол себепті Кененді осы бір әннің құрылысымен танысып-ақ, жоғары деңгейдегі кәсіби композитор деп анық айта аламыз.

## БАЗАРЫМ-АЙ, НАЗАРЫМ-АЙ

орындаған Кенен Әзірбаев

Орташа, зарлы

Зар-ла-на-сын ак еш-к(і)ау, ы-ла-ғы-на, ой дүни(с)-ай.

Ем-ше-гің-мен с - міз-ген шы-ра-ғы-на. ох-хой-а. а - - -

а - - - - а - - - - ау. Кел-се-кеу-міз

ко-сы-лып зар-ла-на-йық. Же-тер-м(е)-кен тө-нір-дің кш-ла-ғы-на.

Жал-ған дүни(с)-ай. Сал-дың күй-г(е)ай. Кө-кі-ре-гім-нен ү-зі-ліп түс-т(і)ау.

Е - кі түй-м(с)ай. ох - хой - а а - - -

Қайырмасы:

а - ай. Ба - за - рым - ай. На - за - рым - ай Қу ше - шек - тен

бол - д(ы)ау се - нің а - жа - лың - ай, ох - хо, ох - хо, ох - хо, ох - хо,

ох - хо, ай. үф-фу, үф-фу, үф-фу, үф-фу, үф-фу, үф-фу, үф-фу, ай.

Кененнің тек қана Жетісу өңірінің ғана емес, бүкіл қазақтың кәсіби ән өнерінің ішіндегі аса талантты, шебер сазгер екенін дәлелдейтін тағы бір ән, ол автордың 12 жасында, жетімдіктің зардабын шегіп, қой бағып жүргенде шығарған әні «Бозторғай» әні. Кененнің заманында өмір сүрген, замандас болған қазақтың барлық композиторларының әнін саралап алғанда мұндай формадағы әндер саусақпен санарлық қана. Әр тармақты жаңа әуенмен



өрнектеу, екі бөлімді көлемді қайырма жасау (екінші қайырмасы «гигигигай, гиги-гөк», «уф-эй, уф-эй» деген тек алексикалық сөздерден құралған, алексикалық сөздердің мұндай түрі тек Кенен шығармашылығында ғана кездеседі), ақындық әуендік иірімнен бастау - кәсібиліктен хабары жоқ, 12 жасар бала шығарды дегенге адам сенуі қиын, дегенмен де бұл ақиқат. Қазақтың кәсіби ән өнерінде 12 жасында мұндай күрделі формадағы ән шығару – Кененнен бұрын да, кейінгі заманда да, қазақ жерінде қайталанбаған құбылыс.

Шумақ формасын төмендегідей келтіруге болады: A 7+оу+4+оу  
 B 7+4+оу  
 C 7+4  
 D 7+4+ үри-ай.....

## БОЗТОРҒАЙ

орындаған Кенен Әзірбайұлы

Орташа, кең тыныспен

Боз-тор-ғай шы-рыл-дай-сың о - оу жер-ге түс-пей, оу.  
 Мен жүр-мін кеш-ке де-йін та-мақ іш-пей, оу, Ат кы-лып ақ та-яқ-ты  
 қол - га ұс-тап. Сан - да - лып қой со - нын - да а - зар кеш-ке -  
 и - а - - - а - - - - ау, о - о - ой,  
 Боз - тор - ғай! Шы - рыл - дай - сың шір - кін - ай.  
 Құ - ты - лар күн бар м(а)е - кен, Қой жа - ю - дан  
 бір күн, а - а - - ай, үй, и-ги-ги-ги-ги-ги,  
 и - ги - ги - ги - ги - ги - ги, ги - ги - ги - ги - ги - ги, ги - ги - ги - ги - ги - ги,  
 ги - ги. оу, и - ги - гай. а - а - а - а - - - - ау.

Бұдан кейін де Кенен шығармашылығында мұндай формадағы әндер өз жалғасын тапты. Мәселен, «Алатау алабында», «Гигигай», «Біздің Отан жеңеді» т.б.

Мұндай күрделі әндері шығара білген композиторға әрине «қара өлең» формасындағы әндерді шығару аса қиын емес екені белгілі. «Қара өлең – өзінің аты айтып тұрғандай, қарапайым формадағы ән» [60, 10]. Мұндай формадағы әндер Кенен шығармашылығында өте көп. Олардың ішінде қайырмасы бар, тіпті қысқа ғана қайырымы бар әндер де кездеседі. Бұл қатарға «Ри, қойым», «Мөртай сұлу», «Жетпіс бес», «Нұрлы жаз» т.б. әндерді атауға болады.

## ЖЕТПІС БЕС

орындаған Кенен Әзірбайұлы

Жүрдек, көңілді



Ба - га - ла - ды пар - ти - я, а - лып сс - к(с) - ау.  
Кос ор - ден - ді ка - ла - ды кө - рі төс - ке ай.  
Ар - дақ - т(ы)ел - ді а - ра - лап ән сап жү - ріп, Жет - ке - нім - ді  
біл - меп - пін жет - піс бес - ке ай. Сай - ра ті - лім,  
шыр - ка ү - нім, О - тан ү - шін сай - рай бср. ал - май ты - ным, ай.

Кәсіби мектеп қалыптастыра білген Жетісу өлкесінің композиторы – Кенен Әзірбайұлы шығармашылығы терең музыкалық зерттеуді қажет етеді. Кенен әндерінің басым көпшілігі мажорлы ладта шығарылған. Диапазондары кең, тақырыптары ауқымды әндер. Әсіресе Кенен Әзірбайұлы шығармаларындағы тақырыптар сол кездегі халықтың тыныс-тіршілігін көрсетіп тұрғандай. Кенен әндерінің тағы бір ерекшелігі – онда табиғатқа арналған әндер көп. Ән мәтіндерінде осы өлкенің жер-су аттары жиі кездеседі. Сондай-ақ, айтыстың үзіндісі болып әнге ұласып кеткен әндер бар, мысалы «Көкшолақ» сияқты т.б. Жалпы алғанда, Кенен әндерінің өзіндік көркемдік ерекшелігі бар.

*Жетісу өлкесі Кенен әндерін талдап, жан-ақты саралау барысында, Жетісу әндерінің мынандай ерекшеліктерді атап айтуға болады:*

1) Кенен әндерінің өлең құрылымы төрт жолды, жеті-сегіз буынды, кейде он бір буынды болып кездеседі;

2) Кенен әндеріне табиғи мажор мен гармониялық минор және пентатоникалық лад тән;

3) Кененнің қара өлең формасындағы әндерінің диапазоны октава интервалынан аспайды;

4) Кененнің күрделі формадағы әндерінің диапазоны октава, ундецима және бір жарым октава ауқымында да кездеседі;

5) Кенен әндерінің сүйемелі көбінесе біркелкі қазыспен тартылады, кейбір авторлық әндерде шертпе қазыс пайдаланады;

6) Кенен әндерінің сүйемелінде, сол қолда, төменгі регистрде кварта интервалы жиі пайдаланады.

7) Кененнің әндерінде АӘИ жиі көрініс тапқан.

Бұл тарауда біз Кенен әндерін үш түрге бөліп қарастырдық. Бірінші бөлімге – әуендері қарапайым, қысқа қайырымдары бар, диапазоны үлкен емес қара өлең формасындағы әндерді жатқыздық, екінші бөлімге – кәсіби, күрделі формадағы, үлкен қайырмасы бар, диапазоны октавадан асатын, лексикалық сөздері бар көлемді әндерді жатқыздық. Үшінші бөлімге речитацияға жақын, терме стиліндегі әндерді жатқыздық:

№	Қара өлең формасындағы әндер	Күрделі формадағы әндер	Аралас формадағы әндер (речитациялық)
1.	«Жайсаң»	«Алатау алабында»	«Аттаныңдар»
2.	«Жеңіс жылғы шаттық ән»	«Анама-ай»	«Біздің Отан жеңеді»
3.	«Жеңіс тойы»	«Айға ұшқан ақиық»	«Домбыра»
4.	«Көктем мерекесі»	«Әнім қалсын»	«Жас кезеңдері»
5.	«Қордай»	«Бастау»	«Жамбыл жыр»
6.	«Қызыл қайнар»	«Балдай бол»	«Жамбылға көңіл айту»
7.	«Мектеп балаларына»	«Базарым-ай, Назарым-ай»	«Жамбылдың баласын жоқтауы»
8.	«Нұрлы жаз»	«Бал құйылды даладан»	«Жұбанышқа»
9.	«Өтеді-ау жалған»	«Балаларға»	«Зұлқияның әні»
10.	«Сағындым, Жапарбек»	«Бақытты жастар»	«Кейбіреу»
11.	«Сүйгенім ай, күйгенім- ай»	«Бозторғай»	«Қалады-ау»

12.		«Бұлбұлға»	«Қытай халқына»
13.		«Бес қуаныш»	«Қыдырбек, Сағындым»
14.		«Гигигай»	«Мәскеуде адасқанда»
15.		«Ел қуанышы»	«Сексенге»
16.		«Елімнің ерке жастары»	«Ишам-ай»
17.		«Еңбекші елім»	
18.		«Еркебайға»	
19.		«Жалғыз қайным»	
20.		«Жас екпін»	
21.		«Жаңа заң»	
22.		«Жаса Қазақстан»	
23.		«Жас малшылар әні»	
24.		«Жайнады тыңым, жайнады»	
25.		«Жетпіс бес»	
26.		«Келінжан»	
27.		«Көкшолақ»	
28.		«Көпшілік тыңда әнімді»	
29.		«Күләшқа»	
30.		«Қайран жастық»	
31.		«Қазақстан аймағы»	
32.		«Қайран ел қайда»	
33.		«Қайран, Шөкем»	
34.		«Қос жұлдызды батыр»	
35.		«Мен сүйемін халқымды»	
36.		«Мөртай сұлу»	
37.		«Ойжайлау»	
38.		«Оразжан»	

39.		«Өтеді-ау, өмір»	
40.		«Ри, қойым»	
41.		«Сүйген жарға»	
42.		«Сынаптай сырғақ дүние»	
43.		«Төрткенім-ай»	
44.		«Тік шырқау»	
45.		«Үрияй-дүние-ай»	
46.		«Шырқа даусым»	

Жетісу өңірінің ән дәстүрі өзінің стилін қалыптастырған мектеп. Оның ішінде Кенен әуендері өте бай, әрі жан-жақты. Онда адамның көңіл күйінің (қуаныш, сүйініш, мұң, күлкі, сықак, ыза, қарғыс, алғыс, т.б.) барлық түрлерін бейнелеуге мүмкіндік беретін музыкалық рең (компоненттер), бояулардың алуан түрі табылады. Әйтсе де, Кенен әуендерінің өзіне тән өзгешеліктері – ол ең алдымен көбіне ырғақ жағынан (метрический) тұрақты болып келеді.

Жалпы Кенен әндері көбіне сазды, мағыналы, есте сақтауға жеңіл, түрлі өлшемді, айтуға жеңіл болып келеді. Кенен әндері әуездің есте тез сақталатын болғандықтан, кез-келген адам тез үйреніп ала алады. Сондықтан Кенен әндерін еліміздің әрбір түпкірінен естуге болады. Басқа өңірлердегідей Жетісудың көп сазгерлері әлі түбегейлі зерттеле қойған жоқ. Сондықтан, мына шағын зерттеуіміз Кенен әндеріне берген алғашқы музыкалық сипаттамамыз. Болашақта осы ірі салалардың әрқайсысы жеке зерттеуді қажет ететіні сөзсіз.

## **2.2 Кенен әндеріне тән жеке қолтаңбалық жүйе**

Кенен Әзірбайұлының шығармашылығы Дина Нүрпейісова мен Жамбыл Жабаевтың шығармашылықтары сияқты қазақтың дәстүрлі музыка мәдениетінің негізін қалайды. Ол өзінің маңыздылығы жағынан жазба дәстүрге жататын үздік кәсіби композиторлардың шығармашылығына да тіпті жаңа дәуір жағдайында теңестірілген болатын. Еуропалық музыкалық білім алған композиторлармен қатар Кенен мен Дина Композиторлар Одағының мүшесі болған, Жамбыл сияқты түрлі слеттер мен онкүндіктерге бекер қатыспаған. Алайда, олардың шығармашылығын зерттеу деңгейі іс жүзінде әртүрлі деңгейде болып шыққан. Осылайша, Жамбылдың музыкалық мұрасы қазақ музыкасының тарихы курсының аясынан сырт қалады. Динаның мұрасы толығымен қазақтың ХІХ ғасырдағы дәстүрлі музыкасын зерттеуге байланысты ғана

қарастырылған. Ал, Кененнің шығармашылығына келер болсақ, жағдай мұнда одан әрі күрделеніп кеткен. Қазақ музыкасының тарихы курсында көбінесе Кенен шығармашылығының дәстүрлі музыкант ретінде бастапқы кезеңі қарастырылған. Ал оның шығармашылығының «кеңестік кезеңі» үстірт қана сөз болып келді. Өйткені, Кенен XIX ғасырда туған, ал өмірінің басым бөлігі келесі ғасырда өткен.

Осы тараудың **басты мақсаты** – Кененнің XIX ғасырдағы кәсіби халық ән дәстүрі контекстіндегі өзіндік стилін, оның кеңес кезеңіндегі қалай өзгеріске ұшырағанын анықтап сипаттау. Бұл мақсатқа жету үшін осы бөлімде біз таңдаулы елу әннің құрылымы, бейне, лад сияқты құрамдарына мұқият талдау жасаймыз. кейін жеке топтарға біріктіреміз. Сонымен қатар аталған кезеңдерге жататын әнді өзара салыстырып, ортақ белгілерді табуға тырысамыз. Бұған қоса композитордың жеке стиліндегі болған өзгерістерді, олардың Қазақстан мәдениетінің кеңестік кезеңіне қатысты сипатын анықтауды көздейміз.

Кененнің шығармашылығы көлемі жағынан ерекше. Олардың басым бөлігін әндер құрайды. Оларды шығаруға Кененнің шамамен 80 жыл бойы өмірі кеткен. Олар Республикадағы тарихи-саяси жағдайға бейімделген қазақ музыкалық мәдениетінің көрінісі.

Композитор шығармашылығының **бастапқы кезеңі** XIX-XX ғасырлардың тоғысына келеді. Әрі ауызекі-жазба әншілік өнердің белгілі бір сипаттары және Кененнің өз стилімен біте қайнасты. Дегенмен, айтулы өнерпаздың бай мұрасының басым бөлігі «кеңес кезінде» өмірге келіп, ол қоғамдағы мәдениет аясында болып жатқан бүкіл өзгерістерді барынша көрсете білді. Жетісу өңірінің әншілік мектебі бұрыннан-ақ өзінің ақын-жыршыларымен кең танымал. Осы аяда олар өзара араласып, өзара бір-біріне әсер етіп жатты. Е.Рахмадиевтың айтуынша, «Кенен өзінің шығармашылығында халықтық-кәсіби ән, ақындық өнер, эпикалық өнердің сипаттарын біріктіре білді. Ол халық өмірінде болып жатқан қанда да бір оқиғаны байқап, ой қорытып, оған белсенді түрде қатысып, көзқарасын білдіріп отырған. Дегенмен, Кененнің шығармашылығы Жаяу Мұса сияқты тікелей әлеуметтік сипатта болмаған. Халықтық-кәсіби композитор болғандықтан, оның әндері құрылымы, әуені мен суырып салушылық мәнеріне қарай өте күрделі шығармалар қатарына жатады» [61,5].

92 жыл ішінде Кенен шамамен 120-ға тарта ән, 11 күй шығарған [29,8]. Ал басқа дереккөздер шығармалар санын 200 деп көрсетеді олардың басым бөлігі кеңес кезеңінде жазылған [22,55]. Сондықтан да, Кенен **шығармашылығы шартты түрде екі кезеңге бөлінеді: 1917 жылға дейін және 1917 жылдан кейін. Кенен шығармашылығын осындай екі кезеңге бөліп қарастыру зерттеуші А.Мұқанованың еңбегіне негізделген [25].** Бір қызығы, екі кезеңдегі әндер де тақырыбы мен музыкалық-тілдік ерекшеліктер жағынан алуан түрлі. Бізге жеткен мұраның ауқымы мен алуан түрлілігі оларға толыққанды талдау жасап, солар арқылы стилистикалық жалпылама деңгейіне шығуға мүмкіндік

берді.

Қазақтың кәсіби әншілік мектебінің өкілдері - сал-серілердің әндерінің аясы кең болып келеді: лирикалық ғашықтық әндер, табиғат туралы әндер, өмірбаяндық сипаттағы әндер, жақынынан айырылу тақырыбындағы әндер, наразылық сипаттағы әндер, және т.б. **Кенен шығармашылығының бірінші кезеңіне** жататын әндердің көбісінің тақырыбы дәстүрлі тақырыптар ауқымынан шыға бермейді. Оның шығармашылығындағы тақырыптар мыналар:

1. **Арнау әндері** («Бозторғай», «Көкшолақ», «Еркебайға», «Анама-ай», «Оразжан», «Төрткенім-ай»);
2. **Табиғат туралы әндері** («Ойжайлау», «Туған жер», «Қордай»);
3. **Қоштасу әндері** («Қалады-ау», «Сынаптай сырғақ дүние»);

Кенен шығармашылығындағы арнау әндердің болуы оның ақындар тобына жататындығын айғақтайды. Өйткені өз-өзіне қарата ән айту сал-серілерге қарағанда ақындық шығармашылыққа тән сипат. «Бозторғай», «Көкшолақ», әндерінде Кенен тұрмыс тауқыметін көрген момын кедейдің өмірін сипаттайды. А.Жұбанов Кененді көз көргендер ол жетім бақташы баланың өмірі туралы әнін салғанда, тыңдаған жұрттың көзінен жас тамып, тіпті егіліп жылағандары да болған деп келтіреді. [6, 275]. Ал, «Ри, қойым» әнінде кедей өмірінің тіпті қиын сипатын көруге болады. Ал, «Көкшолақ» әні бұл – тағдырға мойымай қалжыңдай, күле білген жанның әні десе болады. Онда әзілден арылмаған кедей жігіттің базардан сатып алған арық-тұрық шабан атын қамшылай салған әнінің астарында тұрмыстың тауқыметі жатыр.

*Поэтикалық тұрғыдан алғанда бұл әндердің өлеңдік негізі дәстүрлі өлең өлшемінен шет шықпайды.* Дегенмен, жалпы ортақ жерлері Кенен әндерінде аз кездеседі. Әсіресе Кененнің өзіндік өлең құраудағы стереотипы «Көпшілік, тыңда әнімді» деген автопортрет әнінде толыққанды көрініс тапқан. Онда Мәдидің «Қаракесек», Біржан салдың «Біржан» әндерімен үндес келетін **өзін-өзі таныстыру сарыны** байқалады. Әдетте қара өлеңдерде кездесетін поэтикалық клишені енгізу «Тік шырқау» әнінде аңғарылады:

«Жаман жақсы болмайды бекер мақтап,  
Оңай емес жаманға өнер таппақ...- ».

Егер *бірінші топтағы шығармаларда «ортақ тұстары» сирек кездесетін құбылыс болса, ал табиғат туралы әндерде олар жиірек қолданғанын байқаймыз. Туған жерін, оның тамылжыған көркем табиғатын суреттеуде Кенен Отан дегенде қазақ ақындарының тілге оралатын теңеулер мен сөз орамдары мен тіркестерін («Ойжайлау», «Қызылқайнар») қолданады.* Туған жерге деген махаббаттың көрініс тапқан тұсы «Қайран елім қайда?» әнінде. Алайда кір жуып кіндік кескен жеріне деген іңкәр сезімге қоштасар сәттің жақындауы кедергі болады. Әнде елінен ұзап бара жатқан адамның мұңы сезіледі. Қайырмадағы «қайран елім қайда?» деген сөз салттық «жоқтау» әндегі зармен үндес

келеді.

**Алғашқы кезең шығармашылығына жататын әндердің құрылымдық сипаты** жауызша-кәсіби әншілік өнер талаптарына толығымен сай келеді. 1894-1916 жылдары шығарылған әндерге тән сипаттар:

1. **Ақынға тән әуендік иірімнің болуы** (С.Елеманова енгізген ұғым) [52]. Оның құрылымы мен талаптары әртүрлі болып келеді. «Бозторғай» әнінде ақынның әуендік формуласы алғашқы өлең жолының бірінші жеті буынында шоғырланып, ладтың жоғарғы үшінші сатысын бекітеді. «Бұлбұлға» әнінде бірінші жолдың бірінші бунағын алып жатыр, әрі бесіншіден жоғарғы сатыдан квартамен жоғарғы бірінші сатыға шарықтайды. Ал, «Көпшілік, тыңда әнімді» және «Қайран елім қайда» әндерінде АӘИ (ақындық әуен формуласы) көлемі жағынан ауқымды болып келеді. Ол «Көпшілік, тыңда әнімді» әнінде бесінші сатыда тұрақтап, ал «Қайран елім қайда?» әнінде бесінші сатыда аялдап, жетінші сатыға барып тоқтайды. Ал, «Тік шырқау» әнінде АӘИ алтыншы сатыда созылады. Осылайша, классикалық халықтық-кәсіби әнде АӘИ жоғарғы бірінші сатыда тұрақтаса, Кенен әндерінде кіріспедегі бастама айқай бірінші ғана емес, сонымен қатар, үшінші, бесінші, алтыншы сатыларды да жанап өтеді.

2. **Әуендердің кең диапазоны** - «А, қыздар» әнінде кіші септимадан «Бозторғайда» үлкен секста арқылы октаваға дейін жетеді. Сазгердің әуеніне көп жағдайда - октава, октава арқылы кварта, октава арқылы үлкен секунда әуен амбитусы тән.

3. **Әуен мен өлеңнің асинхронды сабақтасуы музыка мен мәтіннің күрделенуін көрсетеді.** Кененнің алғашқы кезеңге жататын әндерінде ол кіріспе бөлім мен шумақтың ортасында кездеседі («Қызылқайнар», Қайран ел қайда?), «Көкшолақ»). «Бұлбұлға» әнінде асинхронды тәсіл - қайырманьң бірінші өлең жолының бірінші мен екінші бунақтар арасында кездеседі. Ал халықтық кәсіби әншілік шығармашылыққа тән шумақ ішіндегі асинхрондылық Кененнің алғашқы шығармашылық кезеңіне тән емес. «Көкшолақта» асинхрондылық - шумақ пен қайырманьң идеялық тұрғыда байланыстыратын фактор ретінде пайда болған. Жігіттің астындағы атын асықтырып айтқан сөздері ары қарай қайырмада да «Олай жүрші, Көкшолақ, былай жүрші Көкшолақ...» деп, жалғасын тапқан. Ал «Қайран ел қайда?» әнінде асинхрондылық - автордың әннің басты идеясы- «Туған жерім менің, қайдасың?» деген сұраққа екпін түсіріп айтқысы келгендіктен пайда болған «Қайран ел, қайда» деп үш рет қайталайды. Өйткені шығармадағы төменгі бірінші саты дәл соған барып тіреледі. «Тік шырқау» әніндегі асинхрондыққа келсек. Оның шумақ бөлігі терме тәрізді болып келеді. Өлеңдегі соңғы бунақтарға келесі жолдардың алғашқы бунақтары ұласып кетеді. Көп жағдайда мұндай құбылыстар термелердің әуендік құрылымында кездеседі. Онда поэтикалық жолдың әрбір бірінші бунағына келетін төртінші сатыда тұрақтау байқалады.



Күрделі халықтық кәсіби әнге тән ырғақпен қоса («Ри, қойым», «Бозторғай», «Көкшолақ» (шумақ), «Көпшілік, тыңда әнімді», «Бұлбұлға») сазгер әндерінде қарапайым, ақындар термесінен келе жатқан бір ғана ырғақты интонацияға негізделген әндер де бар («Тік шырқау», «Ойжайлау» (қайырма), т.б.).

**Кенен шығармаларының басым көпшілігінде қара өлең мен кәсіби халық әндерге тән 11 буындық өлшемде шығарылған** (біз қарастырған 12 әннің арасында тек «Құрдасыма» әнінің мәтіні 7-8 буындық өлшемде болып келеді). Негізінен ол буындарды бөлудің төмендегідей үлгісіне негізделген:

1. 7+4 (А.Байгаскина бойынша бірінші тип);
2. 3+4+4 (А.Байгаскина бойынша үшінші тип);
3. 11 (А.Байгаскина бойынша екінші тип) [62, 62-68].

«Ри,қойым» - 7+4

«Көкшолақ» - 3+4+4

«Бозторғай» - 7+4

«Көпшілік, тыңда әнімді» - 3+4+4

«А,қыздар» - 7+4

«Ойжайлау» - 7+4

«Қызыл қайнар» - 7+4

«Қайран ел қайда?» - 3+4+4 және т.б.

«Бозторғай», «Көкшолақ», «Ойжайлау» сияқты әндерде 11 буынды өлшем үшін сирек кездесетін 3+8 типті бөліну кездеседі. Мұны Кененнің «Бозторғай» әнінде екінші жолдың екінші және үшінші бунақтарына екпін түсіруімен түсіндіруге болады. Олар мағыналық жақтан маңызды: «Мен жүрмін кешке дейін тамақ ішпей». «Көкшолақта» керісінше композитор үшінші жолдың бірінші бунағын оқшаулайды - «Ей, қыздар!» деген қаратпа сөз уақыт өлшеміне қарай қалған 8 музыкалық-поэтикалық жолдың буындарын теңдестіреді: «қойшысынбай өлеңді айт».

Қазақтың әніне тән - төрт жолды әннің бастамасы екі жолдан бөлуге бейім тұрады. Ал Кенен шығармашылығының бастапқы кезеңінде речетациялық құрылымға да негізделген әндер кездеседі. («Біздің Отан жеңеді», «Тік шырқау»). Мінекей дәл осы әндерде ән жолдарының музыкалық-мәтіндік ырғағы толық сақталған. Бұл бір жағынан ақындық терменің ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Шумақтың екі жартылай бунаққа бөлінуі музыкалық-мәтіндік ырғақтың бірінші және үшінші жолдармен, ал екінші жолдың төртінші жолмен сәйкес болуымен түсіндіріледі. («Көкшолақ», «Ойжайлау», «Бұлбұлға»), немесе ұқсас ырғақтың интонациялардың музыкалық жолдың басында болуы («Көпшілік, тыңда әнімді», «Біздің Отан жеңеді»)

Бұрыннан белгілі болғандай, кәсіби халық әндерінде оларды өзге дәстүрлерден ерекшелеп тұратын өзіне ғана тән музыкалық көркемдік құралдардың жүйесі қалыптасқан. Оның АӘИ, әуен мен мәтіннің

асинхрондылығы, виртуозды әуен және т.б. сипаттарымен қатар, әннің кіріспе бөлігі мен қайырмасының құрылым ерекшелігі де үлкен маңызға ие. Алғашқы Кенен әндерінің басындағы бөлімінің құрылымы алуан түрлі болып келеді:

1. Біртұтас құрылымды кіріспе бөлім:

A + B + A + B  
1 жол 2 жол 3 жол 4 жол

«Ри, қойым», «Көпшілік, тыңда әнімді», «Ойжайлау», «Бұлбұлға», «Қайран ел қайда?» әндерінде А мен В әуендік материалына қарай бір-біріне ұқсас болып келеді.

2. Кіріспе бөлімнің мынадай құрылымы:

A + A1 + B + B1  
1 жол 2 жол 3 жол 4 жол

Мұнда В өзге әуендік материалдан жасалған әрі А-ға қарағанда төменгі регистрде тұрады («Бозторғай»);

3. Мынандай құрылымдағы кіріспе бөлім (запев):

A + A1 + B + A1  
1 жол 2 жол 3 жол 4 жол

«Көкшолақ» әнінде В бөлімі А бөлімінен речитативпен, диапазонның шектелеуімен, төменгі регистрмен қарама қарсы ерекшеленеді. Бұл «Ей, қыздар, қойшысынбай өлеңді айт» деген сөздердің нақты айтылуымен байланысты;

4. Ән кеудесі (шумақ) - Әннің кіріспе бөлімі- «Құрдасыма» әніндегі диапазоны жағынан тар көлемді болуы, бір әуенде тұрақтауы;

5. Екі бөлімді шумақтың кездесуі: Кіріспе бөлім + «Тік шырқау» әніндегі қайырмамен толыққан терме.

**Алғашқы кезеңге жататын әндердің қайырмалары да алуан түрлі болып келеді.** Бұл қайырмалардың жіктелуі де Кенен әндерінің формасын түбегейлі зерттеген А.Муканованың еңбегіне сүйеніп жасалды [25].

А.Байгаскинаның классификациясы бойынша, кәсіби-халық әндеріндегі қайырмалардың 7 түрін ажыратқан [62], Олардың арасында Кененде бар түрлері:

1 **түрі** (Форманың логикалық толық болу талабы - қайырмалық толықтырудың пайда болуы) «Тік шырқау» әнінде - шумақтан кейін және термеден кейін қайырманының толығы, «Көпшілік, тыңда әнімді» шумақтағы толықтыру және кіріспе әуен (распев).

2 **түрі** «Жинақтаушы, қысқа да нұсқа, бір музыкалық құрылымның аясына кіріп кететін») «А,қыздар» әнінде.

3 **түрі** (Шумақтың екінші жолы тұрақсыз дыбыста аяқталуы) «Қайран ел қайда?» әнінде «қайран ел қайда? деген сөз үш мәрте қайталанады.

4 **түрі.** (Шумақтың бүкіл әуені қайырмада қайталанатын әндер. Онда әуендік материалдың екінші мәрте пайда болуы ондағы лексикалық буындардың, сөздердің әуендетуімен жүреді) «Ри, қойым» әнінде. Алайда

шумақтың әуенін қайталау алексиялық сөздерге емес, шумақтық поэтикалық мәтінінің мағыналық жолына түседі.

**5 түрі.** («Әуендік кіріспесі бар екі бөлімді, репризалық форма) Көкшолақ», «Ойжайлау», «Бұлбұлға» әнінде аяқ жағы екі мәрте қайталанған.

**6 түрі.** (қайталауы кейде өз дербес екі бөлікті құрылымға дейін өсе келіп, немесе көлемі жағынан шығарманың негізгі бөлігінен асып түседі) «Бозторғай» әнінде, Екінші бөлім - шумақтан алынған құлақкүй интонациялардағы үлкен әндету.

Егер Арқа әндерінде қайырма негізінен әншінің орындаушылық мүмкіндігін аша түсіп, мағыналық жағынан аса салмақ түсірмесе, яғни қайырмалары алексикалық сөздермен орындалса, **Кененнің әндерінде көп жағдайда 11 буынды немесе 7-8 буынды** болып келеді. Олар мағынасы жағынан маңызы бар, алексикалық сөздерсіз болып келеді.

Шумақ пен қайырманың поэтикалық жолдары мынандай нәрселер енгізілген соң кеңейіп отырады:

1. Әннің атауы екінші және төртінші жолдардан кейін қайталанатын («Ойжайлау», «Көпшілік, тыңда әнімді»);

Шумақтың бірінші жолынан кейін және шумақтан соң («Ри,қойым») немесе қайырмадан соң («Ойжайлау»).

2. Кіріспе және қайырма бөлімдерде әндету: «Бозторғай»- бірінші жолдың екінші бунағынан кейін, төртінші жолдан соң; «Көкшолақ» - шумақтың 1, 2, 4 жолдарынан кейін, қайырмадан кейін; «Көпшілік, тыңда әнімді» - екінші жолдан соң, төртінші жолдың бірінші бунағынан соң, қайырмадағы қосымша бөлімнен соң; «Тік шырқау»- 1-2 жолдардан соң; «Ойжайлау», - қайырмадан кейін; «Қайран ел қайда?» - 1-2 қайырманың бірінші жолынан кейін.

3. Одағай сөздер «Тік шырқау» әнінде (шумақтың екінші жолынан кейін).

Шумақтың көлемін поэтикалық мәтіннің өлең жолдарын қайталау арқылы кеңейту бастапқы кезең әндеріне тән емес.

**Әндердің ладтық ерекшелітеріне келсек,** бастапқы кезеңдегі әндердің басым көпшілігі ионий ладында шығарылған («Ри, қойым», «Бозторғай», «Құрдасыма», «Көпшілік, тыңда әнімді», «Ойжайлау», «Қайран ел қайда?»). Қалған әндердің әуені эолий («Көкшолақ», «Бұлбұлға»), микосолийдий («А,қыздар», «Тік шырқау») және дорийлік («Қызылқайнар») ладтарында шығарылған. **Сонымен қатар, әндердің дәстүрлі түрде төменгі бірінші сатыда аяқталуымен қатар, Кененде жоғары бірінші сатыда аяқталатын да әндері кездеседі** («Көкшолақ», «Көпшілік, тыңда әнімді», «Бұлбұлға»). **Бәлкім бұл үрдіс аталған әндердің концерттік, көтеріңкі көңіл күйімен байланысты** болып келеді.

И.К.Қожабеков өзінің «О тональной централизации лада в казахской народной лирической песне» атты мақаласында былай деп жазған: «...Қазақтың лирикалық халық әндерінің қомақты бөлігін жоғарыда аталған ладтардың II типіне жатқызуға болады» - яғни, остинат орталықтандыруы

ладтарына» (С.С.Скребковтың термині), Бұл бір сатыға бірнеше мәрте екпін түсіру және мелодиялық контурды оған «рондо тәрізді» қайтаруды көздейді [63, 97],

**Кененнің әншілік шығармашылығының екінші кезеңі** (1919-1965 ж.ж.) өзінің музыкалық-стистикалық ерекшеліктеріне қарай қазақтың дәстүрлі мәдениетінің жаңа тұрмысқа, жаңа қоғамдық-тарихи жағдайларға, «кеңестік» деп аталатын музыкалық мәдениетке қалай бейімделгенін анықтауға болатын материал ретінде қарастыруға болады. Бұл кезеңде **дәстүрлі арнау-әндермен қатар** («Балалар», «Төрткенім-ай», «Күләшқа арнау ән», «Келінжан», **өнер туралы** («Шырқа, даусым», «Домбыра», «Әнім қалсын», «Бастау»). **табиғат туралы** («Қордай», «Туған жер», «Қазақстан аймағы»), **Қоштасу әндер** («Қалады-ау»), **жоқтаулар** («Базар-Назар», «Күләшқа»), **бесік жыры** («Бесік жыры») әндермен қатар **жаңа заман, кеңес үкіметі, партия** «Еңбекші елім», «Жас екпін», «Жаңа заң», «Бал құйылды даладан», Жайнады тыңым, жайнады»). Ұлы отан соғысы жайында «Біздің Отан жеңеді», «Жеңіс жылғы шаттық ән» «Ел қуанышы») пайда болды. Олардың өмірге келуі сал-сері, ақын, күйшілердің шығармашылық ерекшеліктерінен заңды түрде шығады. Олар да қоғамдағы жарқын оқиғалар, халық өміріндегі елеулі кезеңдер мен өзекті мәселелер туралы жанынан ән мен күй шығарып, ән мен күйге қосқан, халыққа таратып, үн қосқан.

Кенен әндеріндегі оқиғалардың болуы олардың өмірбаяндық сипатын да көрсетеді. Тіпті жаңа тарихи-мәдени жағдай композитордың дәстүрлі ойлау қабілеті арқылы көрініс табады. Жаңа заман туралы әндерде Кенен патша үкіметінің құлауын құптап, жұмысшы-шаруалардың еркіндік алуы, жұмысшы ұжымдарының құрылуын, еңбекке техникалардың тартылуын, Отанның игілігіне халықтар достығы, партия шапағаты, жаңа ұрпақ, жаңа буын туралы қуана жырлайды.

Кенен ел өміріндегі ең елеулі оқиғалардан шет қалмау, үнемі азаматтық белсенділік танытып келген. **Ұлы Отан соғысы кезінде ол көптеген әнін арнайды** («Біздің Отан жеңеді», «Ел қуанышы», «Жеңіс жылғы шаттық ән»). Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін екі күн өткен соң ол «Біздің Отан жеңеді» атты ән шығарады. Колхоздарды аралап, әскери эшалондарды шығарып салады, жауынгерлердің рухын көтеретін әндер шығарған [31, 57]. Әнде ақын жеңіске деген нық сенімді білдіреді. Қалайда жеңіске жетеміз деген ұстаным оның 1945 жылы шығарған туындыларының барлығына тән болып келеді. Жаңа заман талаптары шығармаларының тақырыбына ғана емес, сонымен қатар олардың құрылымдық ерекшеліктеріне де әсер етпей қоймады. Сондай-ақ, интонациялық, ладтық, ырғақтық дамуында да көрініс тауып жатты.

**1919-1965 жылдар әндеріндегі шумақ пен қайырма арасындағы асинхрондық жоқ деуге болады.** Тек бұл «Базар-Назарға» қатысты емес (қайырманьың бірінші бөлігі шумақпен ортақ ырғақтық және мелодикалық дамудың нәтижесінде бірігіп кетеді. Бұл өз кезегінде шумақтың бірінші

бөлігіне қарағанда төменгі тониканың тұрақтануына әкеп тірейді) және «Біздің Отан жеңеді» (мұнда асинхрондық қайырманың «Біздің Отан жеңеді» деген сөздеріне екпін түсіріп тұрады; ал олардың маңыздылығы әнде төменгі бірінші дыбыс тұрақтануымен бірінші кезекте көрсетілген).

Жалпы Кенен әндерінің ішінде асинхронды тәсіл «Үрия-ай», «Жайнады тыңым, жайнады» т.б. әндерінде кездеседі.

**Ырғағы жағынан екінші кезеңге жататын әндердің ырғақтық сипаты қарапайым, байсалды бола түскен.** Мысалы, Шырқа, даусым», «Жас екпін», «Жаңа заң», «Біздің Отан жеңеді», «Туған жер», «Келінжан», «Жетпіс бес», Бұларға қоса күрделі ырғақтарға негізделген де әндер кездеседі («Домбыра», «Оразжан», «Гигигай», «Еңбекші елім», және т.б.).

Қарастырып отырған әндеріміздің арасындағы өлең жолдарындағы поэтикалық жол **он бір буындық** болып келетіні, бес әнде -7-8 **буынды**, біреуінде - **сегіз буынды**, ал «Күләшқа арнау ән» қазақ әніне тән емес **6-7 буындық** өлшеммен жазылған.

Он бір буындық өлең өлшемімен шығарылған әндер үшін мынандай бөлу тән болып келеді:

1. 3+4+4 («Шырқа, даусым», «Оразжан», «Мен сүйемін халқымды», «Жас екпін», «Жеңіс жылғы шаттық ән», «Бал құйылды даладан»);
2. 7+4 («Базар Назар», «Әнім қалсын», «Жайнады, тыңым, жайнады», «Қордай», «Жетпіс бес», «Келінжан», «Қайран жастық»);
3. 3+8 («Біздің Отан жеңеді»);
4. 3+4+4 – 3+8 «Төрткенім-ай», «Домбыра» әніндегі бірінші, үшінші, төртінші әуенжолдар-«цезурасыз» (45 ,66), Ал екіншісі 3+8 бөлінеді.

Осылайша, Кененнің бір кезеңдегі әндерімен екінші кезеңдегі әндерін салыстырғанда жоғарыда келтірілген үлгілерде барлық өлең жолдарында оларды жекелеуге бейімділік байқалады.

Бірінші әншілік шығармашылықтағыдай, құрылымының келесі түрі кең тараған:

A + B + A + B  
1 жол 2 жол 3жол 4 жол

Бұл жерде А мен В мелодиялық материалға жақын болып келіп, ортақ музыкалық жол құрайды («Әнім қалсын», «Жаңа заң», «Ел қуанышы», «Мен сүйемін халқымды», «Туған жер», . Осы топқа екінші және төртінші жолдардан кейін қайталау енгізілетін келесі әндерді кіргізуге болады. Бұл кезде мынандай болып шығады:

A + B A + B  
1 жол 2 жол қайталау 3 жол 4 жол қайталау

(«Оразжан», «Жас екпін», «Қазақстан аймағы», «Жайнады, тыңым, жайнады»).

«Базар-Назар» әнінде композиция бір әуен жолы мен оның түрлі варианттарының бір жолда баяндалуына негізделгенін айта аламыз, мысалы A +A1 +A2...т.б.

Кенен шығармашылығының екінші кезеңі көбінесе дәстүрлі кәсіби-халық әндерінің стилистикасынан алшақтай түседі. 1919-1965 жылдардағы Кенен

шығармаларының қайырмаларындағы құрылымдық ерекшеліктерді талдауға арналған мысалдарда композитордың 1919-1965 жылдардағы лирикалық әндерге тән спецификалық ерекшеліктер көрсетілген:

1. Негізгі әуеннің түрлері ретінде қайталанған үшінші-төртінші музыкалық-поэтикалық жолдар), «Шырқа, даусым», «Домбыра», «Жас екпін», «Жаңа заң», «Жайнады тыңым, жайнады», «Жетпіс бес», «Келінжан», және т.б.
2. Шумақтағы әуенді жалғастыратын қайырмалар. Дегенмен бірінші тармақтағы қайырмаға қарағанда дербестеу болып келетін: «Туған жер», «Бал құйылды даладан», «Мен сүйемін халқымды».
3. Кіріспе бөлім немесе түгел шумақтың қандай да бір қайталанатын бөлігі: «Еңбекші елім» (қайырма деп сәл өзгеріске ұшыраған шумақтың бірінші және екінші жолдарын айтады), «Күләшқа арнау ән» (қайырманың әуені шумақтың негізгі музыкалық жолының түрі).
4. «Әнім қалсын» әнінің кеудесін қайырманың толықтырылуы, «Біздің Отан жеңеді» шумақтың әуеніндегі речитативті айқындайтын әуен), «Төрткенім-ай» (кіріспе әуенін жалғастыратын лексикалық жол), (әннің атауы- өлең негізі), «Қайран жастық» әніндегідей үлгіде.

Қайырмасы жоқ әндер: «Балалар», біздің қарастырған үлгілеріміздегі алғашқы кезең әндеріндегі сияқты семантикалық жүктемесі бар. Алдыңғы кезеңдегі шығармалардағыдай, әндердің поэтикалық негізін кеңейту былайша болмақ:

1. (қайталау принципі бойынша) ән атауын енгізу: шумақтың екінші және төртінші жолынан кейін («Жаңа заң», «Келінжан», «Оразжан», «Бал құйылды даладан») және қайырмадан кейін («Жас екпін»); шумақтан кейін қайырмаға толықтыру ретінде әрі тұйықтау үшін — «Қайран жастық», «Әнім қалсын», «Төрткенім-ай»; «Балалар» әнінде үшінші және төртінші жолдардан кейін. Қайталау принципі бойынша әннің көңіл-күйі мен жалпы идеясын көрсететін лексикалық сөздер де енгізілуі мүмкін. Мысалы «Жеңіс жылғы шаттық ән». Онда әр шумақтан кейін «шаттан көңілім» деген қайталау, ал «Жайнады тыңым, жайнады» әнінде шумақтың екінші және төртінші жолдарынан кейін «Халық күші қандай-ау», ал «Қордай» әнінде — “туған жер” деген қайталаулар кездеседі.

2. Алесикалық сөздерді енгізу. Бұл әдетте шумақтың екінші және төртінші жолдарынан кейін байқалады. Мысалы: «Базар-Назар» (екінші жолдан кейін), «Қордай», «Әнім қалсын», «Қазақстан аймағы» (шумақтың екінші және төртінші жолдарынан кейін одағай сөз), «Еңбекші елім», «Үрия-ай, дүние-ай» (шумақтың екінші және төртінші жолдарында), «Гигигай» әнінде әннің қайырмасы тұтас алесикалық қайырмадан тұрады.

3. «Біздің Отан жеңеді» өлең бунақтарының қайталануы, «Сынаптай сырғақ дүние-ай» (4-ші жолдың кейінгі бунағын қайталау).

Осылайша 1919-1965 жылдарға жататын Кенен шығармаларында шумақ пен қайырманың көлемін кеңейтетін барлық тәсілдер негізінен кіріспенің екінші және төртінші, сонымен қатар қайырма бөлімнің ең

соңында кездеседі. Бұл өз кезегінде бірінші кезеңге жататын әндерде олардың қолданылуын әртүрлі етеді.

**Композитордың революциядан кейінгі шығармашылығында көрініс тапқан тағы бір сипат -бұл әндетулердің кеңейген түрлерінің болуы. Олар Кененнің алғашқы әндерінің айғақтайтын айрықша белгілер десе болардай.**

Музыкалық әуен мәтінін мейлінше қатаң түрде ұйымдастыра бастау (АӘИ, асинхрондық, көлемін кеңейту және т.б.) әндердің басым бөлігіндегі шумақтың нақты екі шумаққа бөліну принципі көрсетеді. Мұнда шумақтың екіншісі өзінің әуендік мазмұны жағынан біріншісінің тура көшірмесі болып табылады (яғни бірінші, үшінші, төртінші жолдардың музыкалық-мәтіндік ырғағымен толық сәйкес келеді. Мысал келтіре кетейік, «Оразжан», «Әнім қалсын», «Еңбекші елім», «Жас екпін», «Жаңа заң», «Ел қуанышы», «Жеңіс жылғы шаттық ән», «Бал құйылды даладан», «Төрткенім-ай», «Жайнады тыңым, жайнады», «Қордай», «Жетпіс бес»), және т.б.) Әннің ладтық негізі ретінде ионийлік басымдық танытады («Шырқа, даусым», «Жас екпін», «Жаңа заң», «Біздің Отан жеңеді», «Ел қуанышы», «Жайнады тыңым, жайнады», «Еңбекші елім», «Жетпіс бес», «Бастау» және т.б.).

Сондай-ақ, ионийлік ладта I сатысы жоқ әндер де кездеседі («Еңбекші елім», «Балалар», «Төрткенім-ай»), миксолидий ладында («Оразжан», «Әнім қалсын»), мажорлық ладта төменгі VII сатылы («Домбыра»), пентатоникалы ладында «Қордай», «Туған жер»).

**Екінші кезеңге жататын әндердің барлығының үштен бірін алғанда (11 үлгі) жоғары бірінші сатыда (тоникада) аяқталады. Бұл вокалды кәсіби халық лирикалық туындыларының міндетті түрде төменгі бірінші сатыда аяқталуы тиіс деген қағиданың бұзыла бастағанын көрсетеді. Сазгердің алғашқы ән шығармашылығындағыдай ладтың I, V, III және II сатылары тоналдық тұрақ ретінде көрініс табады.**

*Кенен әндерінің тақырыптық және музыкалық-тілдік ерекшеліктерін анықтауға арналған бұл талдау оларға тән жалпы сипаттарын анықтауға мүмкіндік береді:*

Кенен Әзірбайұлы қазақ музыка тарихындағы XIX-XX ғасыр тоғысындағы айтулы тұлғалардың бірі. Композитор шығармашылығының екі бірдей кезеңі оның әндерінің стильдік ерекшеліктерін анықтауға жол ашты.

Революцияға Қазан төңкерісіне дейінгі оның туындылары толығымен Жетісу өңірінің ән және ақындық мәдениеті аясында дүниеге келді.

1917 жылдан кейін Кененнің әндеріне жаңа тарихи жағдайлар, республикада пайда бола бастаған кәсіби композиторлық мектептердің әсері, оркестрлердің (симфониялық, халық аспаптар) құрылуы, Кененнің Мәскеуде өткен түрлі онкүндіктер, слеттерге қатысуы (яғни оның орыс

музыкасымен танысуын да айта кеткен жөн), Мәскеу қаласында Бүкілодақтық композиторлар ұйымдастыру комитеті өткізген бірайлық композиторлар курсына қатысуы сияқты т.б. оның өміріндегі елеулі оқиғалардың барлығы композитор шығармашылығына әсер етіп, өзінен көрініс тауып жатты.

Композитордың әндеріне талдау жасау барысында музыкалық стильде де өзгеріс болғанын аңғарамыз.

Талдауға алынған үлгілерді біз **екі үлкен топқа: 1917 жылға дейін шығарылған әндер және революциядан кейін шығарылған деп бөліп қарастырдық.**

Бірінші топтағы туындылардың тақырыптары кәсіби-халықтық ән және ақындық өнеріне тән болып келеді. Көбісінде композитордың өміріндегі болған оқиғалар көрініс тапқан.

Әрі олардың тікелей өмірбаяндық сипатқа ие болғандықтан Кененнің балалық шағы мен жасөспірім шақтарына қатысты кейбір деректерді толықтыруға мүмкіндік береді. Революциядан кейінгі әндерде дәстүрлі тақырыптармен қоса (арнау-әндер, ән, өнер туралы әндер, табиғат туралы әндер, жоқтау әндер, салттық әндер) кеңес үкіметі, жаңа заманғы соғыс туралы да тақырыптар пайда болады. Заман ағымына сай оқиғаларға үн қосу Кененнің бойынан сал-сері, ақындарға тән қасиеттің болғанын айғақтайды. Оның барлық дерлік туындылары өмірбаяндық болып келеді.

Жаңа жағдайларға қарай, ХХ ғасырдағы дәстүрлі музыканың қызметінде өзгеріс болуы, сонымен қатар композитордың жеке стилінде де өзгеріс болуы заңды:

Шығармашылығының бірінші кезеңіне қарағанда кейінгі әндерде АӘИ қолданылуы күрт азаяды. Егер алғашқы әндерінде олар жеке дара тұрған алуан түрлі, бірінші ғана емес, сондай ақ V, VI, II сатыларда да тұйықталатын құрылымдар болса, революциядан кейінгі үлгілерде АӘИ жоғарғы бірінші сатының ерекшеленуімен танылады. 1919-1965 жылдардағы әндердің басым көпшілігінің әуені октава мен нона аралығы шегінде берілген. Бұл бастапқы шығармаларға қарағанда әуен амбитусының қысқарғанын көрсетеді. Шумақ пен қайырма арасында қолданылып келген өлең сөздері мен әуеннің асинхрондығы кейінгі жылдары Кенен әндеріне тән болудан қала бастайды. Оның орнына бір жол бойындағы бунақтағы өлең мен әуен асинхрондығы кең тарай бастайды.

Бірінші кезеңдегі әндердің ырғақтық ұйымдасуы күрделі болып келеді. Дегенмен бірқатар әндерде әуен ақындардыкіне ұқсас ырғақтық қарапайым әндетуге негізделеді. Ал шығармашылықтың екінші кезеңінде ырғақтық ұйымдасу көбінесе бірсарынды, бір жүйеге келгенін байқаймыз.

Композитор шығармашылығының бүкіл кезеңіне тән сипат бұл онбір бунақты өлеңнен құрылған шумақта ол былайша бөлініп тұратыны байқалады: 7+4, 3+4+4, 3+8, 11+11. Революциядан кейінгі туындыларда



жолдардың өлшемдері мен бөліну тәсілдері Кененге сыртқы жайттардың әсерін, әсіресе орыс мәдениетінің әсер етуімен түсіндіруге болады.

Кенен әндерінің әуен құрылымдары оның бүкіл шығармашылығы бойына үлкен өзгерістерге тап болып отырған. Негізінен бұл А+В+А+В құрылымынан байқалады. Мұнда А мен В музыкалық жақтан ұқсас. Кененнің кейінгі шығармашылығында бөлімдерінің қомақты болып, ән құрылымдарының ерекше болып келуі көзге түседі. Композитордың вокалдық лирикасындағы шумақ сөздері көп жағдайда маңызды семантикалық маңызға ие. Революциядан кейінгі әндердің қорытынды бөліктері шағын бола түсуімен де назар аудартады.

Шумақ пен қайырмадағы поэтикалық жолдар әдетте былайша кеңейеді: ән атауының енгізілуі, кеңейтілген және шағын әндетулер, лексикалық сөздер, поэтикалық мәтіндегі өлең бунақтарының қайталануы (тек бірінші кезең үлгілерінде).

**Қорыта келе, композитор Кенен Әзірбайұлының ән шығармашылығының келесідей ерекшеліктерін анықтадық.** Композитор шығармашылығының ән үлгілерінде лексикалық сөздердің қолданылуы екі кезеңде де өзгермейді. Десек те революциядан кейін дүниеге келген әндерде кең ауқымды әндетулер байқала бермейді.

Композитордың бүкіл ән шығармашылығына тән басты сипат бұл ионий лады. Ол 1919-1965 жылдардағы туындыларда IV саты түсіп қалады, Бастапқы кезеңдегі әндерге эолий мен миксолидий, ал екінші кезеңге — миксолидий және пентатоникалық ладтар тән болып келеді.

Олармен қоса «кеңес» кезеңіне жататын әндерде VI сатысы түсіп қалатын лад, VII сатысы бар мажор лады, сонымен қатар үлкен секста мен квинта диапазоны аралығындағы мажор дыбыстық тізбегі кездеседі. Кененнің шығармаларында қазақтың кәсіби-халықтық әндеріндегі сияқты I, II, V сатылардың функционалдық жүк көп түседі. Сонымен қатар Кененнің лирикалық әндеріне тән сатылар да көзге түсе бастайды. Дәстүрлі кәсіби халық әндері сияқты Кенен әндерінен де төменгі бірінші сатымен аяқталуға бейімділік байқалады. Алайда оның шығармашылығының бірінші кезеңінде әннің жоғарғы бірінші сатымен аяқталуы орындау мәнерінің ерекшелігіне байланысты болса, кейінгі кезеңге жататын әндердің жоғарғы бірінші сатыда аяқталуы жалпы санының үштен бір бөлігіне дейін жеткен. Бұл өз кезегінде композитор үшін әннің дәстүрлі аяқталуы маңызды болмағандығын көрсетеді деп ой қорытуға мүмкіндік береді. Осылайша Кенен Әзірбайұлының әншілік шығармашылығының музыкалық-тілдің ерекшеліктерінің жүйесі қазақтың кәсіби-халық әндерін жасайтын дәстүрлі жағдайлар мен әдістерден алшақтап, өзге музыкалық мәдениеттердің бірқатар стилистикалық сипаттарын өзіне ала бастайды. Бұл пішін түзетін мейлінше қатаң заңдылықтардың пайда болуын көрсетеді. Суырып салу еркіндігі бар ауызша-кәсіби әндерге бұл тән емес құбылыс болатын.

Кенен әндерінің музыкалық ерекшеліктері осымен толыққанды айқындалды деп айту ерте, болашақта композитор әндеріне байланысты музыкалық зерттеу жұмыстары бұдан кең ауқымда қарастырылмақ.

## 3 КЕНЕН ӘНДЕРІН ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҮЙРЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### 3.1 Кенен әндерінің тарихы

Кенен әндерін үйретуде әндерінің тарихынан студентті хабардар етпеу үлкен олқылық. Себебі, Кенен шығармашылығы - оның бүкіл ғұмырының айнасы іспеттес. Оның әндерінің өміршеңдігінің де сыры осында. Кез келген әнін үйрету барысында сол әннің шыққан заманы, тақырыбы көз алдына еріксіз келетіні осының дәлелі. Ұсынылып отырған әндер тарихын жиырма жыл бұрын ұстазым – Төрткен Кененқызынан дәл осы айтылып отырған, яғни, әндердің тарихын баяндай отыра үйреткен әдісімен үйрендім. Қазіргі таңда бірнеше жылдық қалыптасқан ұстаздық тәжірибемде өзім де осы әдісті ұстанамын. Бұл бөлімдегі әндердің тарихы Төрткен Кененқызы құрастырып шығарған «Қосылған қоңыр қазға ән мен үнім» атты еңбегіндегі мағлұматтарға сүйеніп жасалды [35].

**«Ри, қойым».** Кенен Әзірбайұлының алғаш шығарған тырнақалды әні. Болашақ әнші, сазгер тұңғыш шығармашылық адымын осы әннен бастаған.

Қозыны айдап өргізіп сайга барсам,  
Талқан шекер татиды шайнап қалсам.  
Қозы иесі қуады, «қу жетім» деп,  
Тілін алмай кей кезде, бармай қалсам,-

деп жырлаған жас таланттың бұл туындысынан жоқшылық пен қатал қанаудың қорлығын ерте көрген қойшы баланың зарлы үнін естиміз. Бұл әнді естігенде тек Кененнің ғана емес, сол кездегі жалпы кедейлердің өмірі елес береді. Ақынның жас шақтағы бұл шығармасын сол кездің өзінде-ақ халық ықыласпен сүйсіне тыңдап, жоғары бағалауының сыры да осында. Ән автордың өзінің орындауында нотаға түсірілді.

**«Бозторғай».** К.Әзірбайұлының ел арасына кеңінен тарап, атағын шығарған әндерінің бірі. Әнді Кенен, небәрі он бір жасында шығарған. Жас жүрегін жарып шыққан бұл әнінде де автор, ертеден қара кешке дейін бай малының соңында еңіреп жүрген қойшы-қолаңдардың мұң-мұқтажын жырлап, еркіндікті, азаттықты көксеген. Ән сөзі құлаққа қонымды болғандықтан да бірден халық көңілінен шығады. Байларға Кенен қойшы атанғанымен, халық арасында ол «әнші бала» атала бастайды. Ән Кененнің өз орындауында пластинкаға түсірілген. «Бозторға» әнін халық осы күнге дейін сүйіп тыңдайды. Ән автордың өзінің орындауында нотаға түсірілді.

**«Көкшолақ».** Кененнің әкесі Әзірбай өзінің бірнеше жылғы тапқан-таянғанын жинап жүріп, Тоқпақ қаласының (Қырғызстан) базарына барып, бір ат сатып әкеледі. Сатып әкелген жылқысының құйрық, жалы жоқ нағыз көкшолақ екен. Бірақ әке мен бала мінерлік көлігі болғанына қатты қуанады.

Сол жылы Кененнің аулымен қатар жатқан көрші елдің Бибол деген байы бес болыс ел шақырып, үлкен той жасайды. Қой соңында жүрген Кенен

сән-салтанат құрып, тойға кетіп бара жатқан бір топ қыз-келіншек, жігіттерді көріп, делебесі қозады. Қайткенде де осы тойға оның да барғысы келеді. Сөйтіп, бағып жүрген қойын досы Аянбайға тастап, Көкшолағымен тепең қағып, әлгі топты қуып жетеді. Келген бетте қыз-келіншектерге тиісіп, өлең айта келеді. Қыздардың ішінен Шәлипа деген байдың қызы жауап қайырып, екеуі айтыса кетеді. Шәлипа басына шоқпыт-шоқпыт бөрік киген, жыртық тонды қойшыны мазақ етеді.

Әкең бакұс ұстап жүр қазан-аяқ,  
Қойды жөндеп бақсаңшы сандалмай-ақ, —

дейді. Кенен қыздың бұл сөзіне арсынбайды, қайта өршелене түседі. Кенен Шәлипамен айтысқанда өлеңді «Көкшолақ» әнімен айтады. Шәлипа мінген жорғаға ілесе алмай қала берген Көкшолағына ыза болған Кенен, әнінің аяғын:

Жылдам жүрші, Көкшолақ,  
Шапшаң жүрші, Көкшолақ,  
Олай жүрші, Көкшолақ  
Былай жүрші, Көкшолақ.  
Діңкен, құрғыр, Көкшолақ...-

деп келтіреді. Әннің бұл күлкілі-сықақты қайырмасы келе жатқан жұртты таң-тамаша қалдырып, өзіне үйіріп әкетеді. Кенен қызды жеңіп, одан орамал алады. Тойға келген әр елдің әуесқойлары Кененнің «Көкшолағын» ауылдарына айта барады. Міне, сол күннен бастап «Көкшолақ» әні ел арасына тез тарап, Кененнің әншілік қабілеті халыққа белгілі бола бастайды. Бұл ән де автордың өзінің орындауында ертеректе пластинкаға түсірілген нұсқасы бойынша нотаға түсірілді.

**«Құрдасыма», «Аянбайдың жауабы».** Жоғарыда сөз болған Бибол тойына аңсары ауып, барғысы келген Кенен қойын қайда, кімге тастарын білмей қиналады. Ақыры замандас құрбысы (ол да қойшы) Аянбайға келіп, бар сырын айтып жалынады. Міне, бұл әндер осы жолы екі қойшының әзіл аралас шын сырынан туған туындылар. Бұл әндер автордың орындауында нотаға түсірілді.

**«Балуан Шолақпен кездескенде».** Кененнің 15-16 жасында Жетісу жеріне әйгілі Балуан Шолақ келеді. Сол кісіге сәлем бере келгендегі әні. Ән Б.Г. Ерзаковичтен алынды.

**«Көпшілік тыңда әнімді».** (Бұрынғы басылымдарда «Көпшілік көрсін әнімді» деп берілген.) Кененнің жасы 18-ге келгенде қырғыздың манабы Шабден Жанбайұлының асы болады. Шабденнің атын дәріштеп, елге жаюға арналған бұл үлкен асқа қазақтың Жамбыл бастаған сол кездегі белгілі ақындары мен қырғыздың жыршылары түгел шақырылады. Осы дүрмекке ауыл ағасы болыс Еркебай Базарұлының шақыруымен жас Кенен де келді. Асқа келген ақын, жыршылар ішінде Кенен де ән салып, өлең айтып, жүлде алып қайтты. Бұл Кененнің тұңғыш рет көп алдында сынға түсуі еді.

Мен өзім Дулат деген елден келдім,  
Көлқопа, Қордай деген жерден келдім.

Жас бала, жаңа талап мен бір қойшы,  
Тугалы мұндай жиын көрмеп едім,-

деп шырқаған. «Көпшілік, тыңда әнімді» әнін осы жолы айтқан. Осы күннен бастап асқақ үнімен, тартымды өлеңімен көзге түскен Кененнің әншілік, ақындық дарындылығы қазақ, қырғыз арасына кеңінен таныла бастады. Ән автордың өзінің орындауында сақталмаған. Бұл ән қызы Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді.

**«Түйе тыныс».** Халық арасына ақындығымен, әншілігімен белгілі бола бастаған Кенен бұл жылдары ел аралап, ән салып, өлең айтуға машықтана бастады. Өзінің туған жері Мәтібұлақтан бастап заңғар биік Алатаудың жайлауларындағы елдерді аралайды. Осындай бір күнінде әнші-ақын Жауыркезең деген биік жайлауды бетке алып көшкен елге кездеседі. Бұл жерде тау басына көтерілудің қиындығы сондай, көшкен ел тастан қаланған әр текпіршектерге деміл-деміл түйелерін шөгеріп, тынығады екен. Осындай бір дамылдап отырған кезде ақын, шаршаған елдің көңілін көтеріп, ән шырқайды. Әннің «Түйе тыныс» деп аталынуы да сондықтан.

**«Тік шырқау», «Үрия-ай, дүние-ай».** Бұл әндер ақынның жігіт кезінде шығарған әндері. Кенен ел аралап, той-томалақтарда ән салып, өлең айтып, жүрген кездеріндегі туындылары. Ол әннің музыкасы мен сөздерінен де анық байқалады. Бұл әндер автордың өзінің орындауында нотаға түсірілді.

**«А , қыздар», «Ойжайлау», «Қызыл қайнар» , «Жайсаң», «Гигигай».** 1910-1914 жылдары Кенен Алатаудың Қордай тізбегіндегі Ойжайлау, Қызыл қайнар, Жайсаң атты жайлаулардағы елдерді аралап, өлең айтып, әніне қосқан. Бұлар Қордай өңіріндегі жер аттары. Автордың өзінің орындауында нотаға түсірілді.

**«Мөртай сұлу».** Кенен жігіт кезінде Мөртай деген қызға кездесіп, ғашық болады. Мөртай да Кененді сүйеді. Бірақ бұлардың қосылуына сол кездегі қатал заң кесірін тигізеді. Мөртай айттырылған, қалыңмал берген күйеуіне зорлықпен ұзатылады. Сонда да күдер үзбеген Кенен барған жерінен алып қашқысы келіп, бірнеше рет әрекет етеді. Бірақ Мөртай көп кешікпей қайтыс болады. Міне бұл ән сол қосыла алмай, арманда кеткен ғашығы Мөртайға арналып шығарылған.

**«Зұлхияның әні».** Кененнің тұңғышы Талжібектен соң Зұлхия деген қызы дүниеге келген екен. Зұлхия аса көрікті, әрі суырып салма ақын, әнші болып өсіпті. Әкем ол қызын көптің көзіне түсірмей, саған топтың алдына шығып ән салу әлі ертерек деп, жібермей жүріпті. Бір күні әкем үйде жоқта сол ауылда болған бір тойға анасының жанын қоймай сұранып барыпты. Он үшжасқа жаңа толған Зұлхия осы тойда жігіттермен айтысып, бірін де бет қаратпай жеңіп, қатты көзге түскен екен. Үйге келе ауырған жас талант көп ұзамай-ақ төсек тартып жатып қалады. Ол кезде дәрігердің жоқ кезі. Ауыл бақсы-балгерлері ем қонбайтын ауру, көз тиген депті. Оны Зұлхияның өзі де сезіп, әкесінің тілін алмағанына өкініш білдіреді. Теріс қарап, түс киізді сипап, өлең айтып жатып дүние салады. Ән тұңғыш рет Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді.

**«Аттан».** 1916 жылдың оқиғасы Жетісу өңірін де дүр сілкіндірді. Патшаға кісі бермейміз деп, халық бұқарасы көтерілді. Сол көтерілісті Бекболат Әшекеев пен Әли Нұрқожаұлының басқарғаны тарихтан мәлім. Сол жасаққа Қордайдан Кенен де келіп қосылды. Ол Әли бастаған қолдың үгітші ақыны бола жүріп, жігіттерді жігерлі күреске шақырған бірнеше әндер шығарды. Соның бірі осы «Аттан» атты әні. Ән автордың өз орындауында нотаға түсірілді.

**«Қайран елім, қайда».** 1916 жылғы Жетісудағы көтерілісті патша үкіметі қаталдықпен басты. Көтеріліске қатынасқан қазақ жігіттері, қалың халық тау-тасты паналап, қашып-босты. Патшаның жазалаушы отряды қолға түскен басшыларын көрнеу көзге атып, асты. Әли Нұрқожаұлын да айуандықпен өлтірді. Осы бір оқиғалардың басы-қасында болып, көзімен көрген ақын Әлиге арнап, оның атынан «Қайран елім, қайда?» атты әнін шығарған. Ән Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді.

**«Бұлбұлға».** 1916 жылғы көтерілісте Кенен талай айқас, шайқастарға қатысты. Талай-талай жеңістердің куәсі болды. Кейіннен Әли бастаған қолы жеңіліс тапқанда, Кенен де бір топ адаммен қырғыз жеріне өтіп, сондағы достарының арасында біраз уақыт паналаған. Бұл ән Кененнің сол қашып жүргенде, туған жерін, елін сағынып, бұлбұлға мұңын шағып айтқан әні. Ән автордың өз орындауында нотаға түсірілді.

**«Нәсихаға немесе Сүйген жарға».** Бұл әнді Кенен өзімен 55 жыл отасқан аяулы жары Нәсиха Қабылтайқызына арнап шығарған. Ән Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді.

**«Еркебайға».** Еркебай Базарұлы осы Қордай өңірінде туып-өскен, Жаныс-тан шыққан, арғы аталары Сырымбет, Жылқыайдар, бергі атасы Байтүгел. Мына аналарың Нәсиханың туысы болып келеді. Әкесі Базар дүниеден ерте кеткенмен, оның артында қалған екі ұлы Еркебай мен Еркетайды анасы Жаңыл ешкімнен кем қылмай өсіріпті. Әсіресе жас Жаңылдың Бұғылыбазар деген арғыннан шыққан жігітке қосылуы жетім балалардың дұрыс қалыптасып, азды-көпті білім алуына септігі тиіпті. Еркебайдың он жасқа келіп қалған шағында ақ патшаның «әр облыс өз қоластынан орысша оқуға бір бала берсін, киім, тамақ қазынадан» деген бұйрығы шығады. «Қордай болысынан кім орысша оқуға барғысы келеді?» - дегенде, «баламыз шоқынып кетеді» деп бәрі ат-тондарын ала қашады. Сонда Бұғылыбазар: «Мен Еркебай деген баламды жіберемін», - депті. Қысылып тұрған жұрт қуанып кетеді. Сол он жасында кеткен Еркебай 7-8 жылдай Ақмешітте оқып, орыс тілін жете біліп елге қайтады. Орысша білетін бір адамы жоқ Қасқарау елі болысының песірі (хатшысы), оязының тілмашы болады. Жала-дауға ұшыраған, біреуге ақысы кеткен жұрт енді сабылып Еркебайды іздейтін болады.

— Еркебайдың маған істеген жақсылықтары естен еш кетпейді. Мені қой жаюдан құтқарғаны, ат, киім беріп, ас-тойға ертіп барғаны, өнерімді танып, басыма бақ құсын орнатқаны, кейінде өзіме хатшы бола жүріп, ақылшы қамқор болғанын қалай ұмытарсың?! Ең болмаса жерленген

жерін де таппадым, басына қорған да тұрғызылмады. Оған арнап бірер өлең мен ән шығарғанымды өздерің білесіңдер.

Ол туралы айтып та, жазып та жүрдім. Дегенмен де оның өмір жолын менен артық білетін адам жоқтың қасы. Соны толық баяндап Еркебайға арнап ертеректе (енді шама жоқ) көлемді бір поэма жазатын-ақ жөнім бар еді...» — деп үлкен өкінішпен күрсіне еске алатын еді әкем.

**«Октябрь», «Шырқа, даусым».** Жастайынан жоқшылық көрген Кенен Әзірбайұлы Октябрь таңын, бақытты жаңа дәуірді құшағын жайып, қуана қарсы алды.

Жер мен көкті сілкіктіп,  
Он жетінші жыл келді,  
Бостандық таңы арайлап,  
Теңдік деген үн келді,  
Ұлы Октябрь толқынын,  
Ту астында ел көрді-

деп жырлаған бұл ұзақ толғау - ән 1919 жылы дүниеге келген. Бұл басылуында қысқартылып, тек бірнеше шумақтары ғана алынды.

**«Шаңқ етпе».** Кеңес өкіметінің алғашқы күндерінен бастап-ақ Кенен қазақ ауылдарын советтендіру жұмысына белсене араласты. Ол Қордай болыстық революциялық комитетінің председателі болып тағайындалып, қосшылар одағын ұйымдастыруда ерекше көзге түсті. 1921 жылдың июнь айында «Қосшы» одағына ұйымдасқан Жетісу кедейлерінің бірінші облыстық съезі болды. Осы съездің құрметіне арналып, Ұзынағаш селосы маңында салтанатты мәжіліс, үлкен мереке өткізілді. Кенен бұл әнді кедейлердің осындай қуанышты мерекесі үстінде шығарған.

**«Оразжан».** Кенен Жетісуда совет өкіметін орнатуға белсене қатысқан. Жетісудағы көрнекті партия қайраткерлері Тоқаш Бокин, Жұбаныш Бәрібаев, Ораз Жандосовпен тығыз байланысып, жиі кездесіп, істес болған. 1922 жылы Ораз Жандосов Ташкентке қызметке шақырылады. «Оразжан» әнін Кенен осы жолы Оразды Ташкентке шығарып салып, қоштасқан кезде айтқан. Халық арасында «Қош аман бол, Оразжан!» деп аталады. Бұл әнді Жандосов «халық жауы» аталып, жер аударылған оқиғаға байланыстыруға да болады. Бұл ән автордың өз орындауында нотаға түсірілді.

**«Жұбанышқа арнау ән».** Бұл ән 1927 жылы Қазақстанның көрнекті революционер-большевиктерінің бірі Жетісу губерниялық партия комитетінің бірінші секретарі Жұбаныш Бәрібаев мезгілсіз қайтыс болғанда айтылған. Сазгердің орындауында нотаға түсірілді.

**«Базар-Назар».** 1928 жылы Кенен арнаулы тапсырмамен Шу бойындағы көршілес қырғыз жерін аралап жүргенде, үйдегі Базар, Назар деген үйелмелі-сүйелмелі екі бірдей ұлы қайтыс болады. Бұлардың алдында да Зұлхия, Қырғызбай, Тұрсын, Тұрар деген ұл-қыздарынан айрылып запыс болған ақын жанына әсіресе, мына Базар, Назар өлімі қатты батады. Егде тартып, ел ағасы болған шағында кездескен бұл қайғыдан ақын көпке дейін арыла алмайды.

Көктемнің тамаша бір күнінде ақын іштегі шерін тарқатпақ болып, ауыл қасындағы кішігірім бір төбеге шығып, айнала төңірекке көз салады. Қозы-лақты жамыратып кешкі қора-жай, отын-су қамында жүрген ауыл адамдарының қарекетін көріп кешкі ауыл көрінісін тамашалайды. Осы заматта лақтарын іздеп, ана қойға бір, мына қойға бір жүгіріп, дамылсыз маңырап жүрген ақ ешкіге көзі түседі. Бұл көрініс қамкөңіл ақын жүрегін тағы да елжіретіп жібереді. Ақынның көзіне жас? көңіліне ән келеді. Мұңын айтып, зарлап отырған ақын төңірегіне ауылдастары түгел жиналады. Кенен ұзақ уақыт зарлап, жиналғандардың сай- сүйегін сырқыратады, талайлардың көңілін босатады. Халық көңілінен шыққан бұл ән ел арасына тез тарайды. Әннің кейде «Ақ ешкі» деп аталуы да осыдан. «Базар-Назар» әні Кененнің халық арасына кеңінен тараған әндерінің бірі. Ән автордың өз орындауында нотаға түсірілді.

**«Балдай бол».** 1929 жылы ауылдағы жеке меншікті шаруалар өз еріктері- мен колхозға ұйымдаса бастаған кезде шығарылған ән. Ән ақынның ұлы Бақытжанның орындауында нотаға түсірілді.

**«Әнім қалсын».** Жасынан өнер атаулының бәріне жаны құмар Кенен әсіресе, ән жанрына көп маңыз берген адам.

Біле ме түсінбеген әннің парқын,  
Ән үні естіледі оған салқын.  
Жүрсем де сабау қамшы, салт атты боп,  
Таралған ел ішінде әнім қалсын, —

деп шырқаған бұл ән Кененнің 1931 жылғы туындысы. Бірақ бұрынғы жинақтарда бұл ән 1909 жылы шығарылған деп қате көрсетілген. Ән Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді.

**«Еңбекші елім немесе Колхоз әні».** Бұл ән колхоз құрылысының қабырғасы қатып, бұғанасы бекіп, жаңа белестерге көтеріліп, еңбекшілердің молшылыққа кенеле бастаған кезеңі — 1934 жылы шығарылған. Ән Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді.

**«Жас екпін».** Бұл ән 1935 жылы Стахановшылар қозғалысына арналып шығарылған. 1958 жылы автор осы әнге қайта оралып, комсомолдың 40 жылдығына орай, жастарға арнап өлең жазып, оны «Жас екпін» әнімен шырқаған еді. Бұл ән де Төрткеннің орындауында нотаға түсірілген.

**«Қызыл әскер әні».** Айбынды Қызыл Армиямыздың тамаша жеңістеріне талай-талай риза болған ақын, бұл әнін 1935 жылы шығарған. Әннің сөзі бұрынғы шыққан жинақтарда жарияланған. Ән Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді.

**«Жаңа заң».** Шалқыта, салтанатпен биік дауыста орындалатын бұл әнін К.Әзірбаев 1936 жылы Советтік Жаңа Конституция қабылдау кезінде шығарған. Кейінде «Жеке басқа табыну» деген С.Н.Хрущев бастаған айдармен И.В.Сталиннің саясат майданындағы жолының кейбір тұстарының қараланғандығы тарихтан мәлім. Осыған байланысты ақын да «Жаңа заң» әніне қайта оралып, «Жасасын көсем Сталин!» деген сияқты жерлерін өзгерткен еді. Ән автордың өзінің орындауында нотаға түсірілген.



**«Самолет».** 1937 жылы Кенен Әзірбайұлы артистер бригадасы құрамында Қарағанды көмір бассейніне барып, шахтерлермен кездесіп өлең айтып, ән салған. Бұл әнді осы сапарда самолет үстінде шығарған.

**«Екпінділерге».** Ерен еңбектері мен көзге түскен өз ауылдастары жайын- да тебірене, мақтанышпен жырлайды. Ән Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді.

**«Біздің Отан жеңеді», «Сүйгенім-ай, күйгенім-ай», «Шынарым - сыңа- рым»** деген әндері Ұлы Отан соғысы басталған кезде шығарған туындылары. Бұл әндер Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді.

**«Жалғыз қайным», «Қыдырбек сағындым».** Бұл әндер Кененнің әйелі Нәсиханың жалғыз інісі Қыдырбек Қабылтайұлына арналған. Алғашқысы Қыдырбекті майданға шығарып салғанда айтқаны. Соңғысы Қыдырбектен қара қағаз келгенде, өлгеніне сенерін де, сенбесін де білмей қиналған шақтағы туындысы. Әкеміздің бұл ән-өлеңдерін, өмірден ерте әрі арманда кеткен сүйікті нағашымыз Қыдырбек ағаға орнатылған ескерткіштей қабылдап, әрдайым еске аламыз. Әндер Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді.

**«Сағындым-ау Жапарбек».** Кененнің әкесі Әзірбайдың Әбденбай деген інісі болған. Әзірбайдан - Кенен, Әбденбайдан - Іңкәрбек туған. Сол Іңкәрбектің Жапарбек деген ұлы мен Нұртай атты қызы Кененнің қолында өскен. Оның үстіне бұл балалардың әкесі де шешесі де ашаршылық жылдары дүниеден өткен. Екеуі де Кененовтар болып мектепті бітірген. Кененов Жапарбек 10-сыныпты бітірісімен әкеме айтпай, «Осы соғыста ең болмаса 10-15 фашисті жер жастандырмаған жігіт жігіт пе?» - деп жүріп, өзі сұранып майданға кеткен. Сол кеткеннен қайтпады. Не суреті де жоқ. Жапарбекке арналған жалғыз ескерткіш - осы ән. Ән Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді.

**«Мектеп балалары».** Ақын бұл әнін мектеп оқушыларына әрі сүйікті перзенті Төрткеннің мектепке баруына байланысты шығарған. Ән Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді.

**«Қайран , Шөкем».** Шолпанқұл Сейітов Кененнің ауылдасы, ағайындас інісі еді. Ол өткір тілді, суырып салма ақын болған адам. Той жиындарда екеуі бір жүріп, бірге ән шырқап халық құрметіне бірге бөленген. Ауылдастары бұл екеуін ағалы-інілі қос ақын атай бастаған. Бұл ән майданға кеткен сол Шолпанқұлға арнап шығарылған. Әннің сөзі мен нотасы бұрын «Сағындым-ау, Шолпанқұл» деген атпен жарияланған. Кейіннен автор бұл әннің атын «Қайран, Шөкем!» деп өзгертті. Ән автордың өзінің орындауында нотаға түсірілді.

**«Мәскеуде адасқанда».** Жеңіл күлкілі, оқиғалы өлең. Оны ақын 1943 жылы Москвада адасып әбігер болғанда шығарған. Өлеңдегі Исағали — сол жыл- дарда Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі қызметін атқарған Исағали Шәріпов, Есмағанбет - Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Есмағанбет Ысмайылов. Өлеңнің нотасы Төрткеннің орындауында түсірілді.

**«Жамбылға көңіл айту».** 1943 жылы Жамбылдың сүйікті ұлы Алғадай майдан да ерлікпен қаза болады. Ауыр қайғыдан жатып қалған Жамбылды тұрғызу үшін сол кездегі ақын, жазушылар ақылдаса келіп, Кененді алдыртады. Сәбит Мұқановтың біздің үйге келіп, атамды шұғыл алып кеткені менің де есімде сақталған. Сол жолы Кененнің көтеріңкі үнмен тұсына жақындай келіп ұстазының жан-дүниесін тебіреніп айтқан әні. Ән Төрткеннің орындауында түсірілді.

**«Жамбылдың баласын жоқтауы».** Менің көңіл айтқан әнімнен соң Жамбыл, «Ә, Кененім келдің бе?» - деп, басын көтерді, қымыз ішіп, қолына домбырасын алып Алғадайды жоқтады» - деп әкем айтып отырушы еді. Әннің нотасы Төрткеннің айтуында алғаш түсіріліп отыр.

**«Елімнің ерке жастары», «Ел қуанышы», «Жеңіс жылғы шаттық ән»** деген әндер циклі Совет халқының Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтау қуанышы үстінде шығарылған. Әндер Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді.

**«Нұрлы жаз», «Бал құйылды даладан», «Бақытты жастар».** Ұлы Отан соғысынан кейін бейбітшілік орнап, ауыл еңбеккерлері шаруашылықты қайта қалпына келтіру ісіне жұмыла іске кіріскен 1946 жылдың жаз айына арнап шығарған ән. Ән Төрткеннің айтуында нотаға түсірілді.

**«Аулынан ғашық жардың аттанарда».** Әкесінің жастық шағын есіне алған осы өлеңі жан дүниесіне қатты әсер еткен ақынның өнерлі ұлы Бақытжанның ұзақ жылдар толғанып жүріп шығарған бұл әні көпшіліктің көңілінен тез шығып, тез таралып кетті. Ән Бақытжанның орындауында нотаға түсірілді.

**«Батыр Москва».** Бұл әнді Кенен 1947 жылы Москваның 800 жылдық мерекесіне қатысуға барған кезде айтқан. Ән автордың өзінің орындауында нотаға түсірілген.

**«Балалар».** Москваның 800 жылдық мерекесі кезінде Кенен Әзірбайұлы москвалықтармен кездесіп, өлең айтып, ән салған. Бұл ән Москваның мектеп оқушыларымен кездесу үстінде айтылған. Әннің сөзі мен нотасы «Ұлы Отан-ның ұрпақтары» деген атпен бұрын да жарияланған. Кейін автор әннің атын «Балалар» деп өлеңдерін де өзгерткен. Ән автордың өзінің орындауында нотаға түсірілді.

**«Бейбітшілік ұраны».** Бейбіт совет елінің ерлік еңбегін паш етіп жырлаған әні. Бұл әнін Кенен Әзірбайұлы 1951 жылы шығарған. Мұнан кейін әнші-ақынның сырқаттануына байланысты оның творчествосында алты жылдай үзіліс болады. Ән ақынның өзінің орындауында нотаға жазылды.

**«Қытай халқына».** Екі ел арасындағы достық қатынасқа арналған сазгердің бұл әні кезінде халық арасына кең тараған еді. Ән ақынның ұлы Бақытжанның орындауында нотаға түсірілді.

**«Алатау алабында».** К.Әзірбайұлы 1952 - 1957 жылдар аралығында қатты ауырып, үйден шықпай жатып қалды. Оңашада жата-жата жалыққан ақын, кейде домбырасын қолына алып, өткен-кеткендерді ойына түсіріп,

тебірене әңгіме айтатын. Сондай бір күнде осы «Алатау алабында» әнін ақырын ғана айтып, маған үйреткенді. Үйрете отырып, жас кезінде Жалайыр Сүндетбай деген кісі үш жүздің басын қосып үлкен той жасағандығын, сол тойда алты үйге кіргізіп, ән салдырғанын бәрінде де ел үйге сыймай, үйдің үзігін қиып, туырлығын тіліп, ақыры болмаған соң төбенің үстіне шығарып ән салғызғанын сағынышпен есіне түсірген еді. Ән ақынның өз орындауында нотаға түсірілді.

**«Төрткенім-ай».** 1957 жылы Кененнің сырқаттанып жатқан кезінде қызы Төрткеннің ұзатылу тойы болады. Міне бұл ән осы той соңында аттануларына рұқсат сұрай келген қызы Төрткен мен күйеу баласы Тасығанға арнап тебірене айтқан ақынның ұзақ толғауы еді. Ән Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді.

**«Мен сүйемін халқымды».** 1958 жылы партия мен үкіметіміздің қамқорлығы арқасында Кенен Әзірбайұлы сырқатынан айығып, қолына домбыра ұстап, шабыт тізгінін қолына алды. Сөйтіп, Қазақстан әдебиеті мен өнерінің көнекөз қариясы, алты жылға созылған үзілістен кейін домбырасын қайтадан қолына алды. Ән автордың өз орындауында нотаға түсірілді.

**«Жайнады тыңым, жайнады».** Қазақстанда тың игерудің қызу басталған кезінде К.Әзірбаев сырқат еді. Сырқатынан айығысымен елімізде жүргізіліп жатқан осындай мәні зор науқанға үн қосып, тың туралы ән де, өлең де шығарды. Соның бірі «Жайнады тыңым, жайнады» әні. Қазақстанда тың игеру ісіне бүкіл туысқан республикалардың достық көмегін жырлаған бұл ән халық арасына тез тарады. Кейде бұл әнді ақын «Жаңа қала жайнады» деп те орындайтын. Ән ақынның өз орындауында нотаға түсірілді.

**«Күләшқа арнау ән».** Бұл ән 1958 жылы КСРО Халық артисі Күләш Байсейітова мезгілсіз қайтыс болған кезде шығарылған. Ән Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді.

**«Жас малшылар әні».** Бұл әнін Кенен 1958 жылы мал шаруашылығының қызметкерлеріне арнап шығарған. Ән автордың өз орындауында нотаға түсірілді.

**«Халықтан сансыз алғыс партияға»** әнін автор 1958 жылы шығарған. Ән сазгердің өз орындауында нотаға түсірілді.

**«Комсомол әні».** 1958 жылы Ленин комсомолының 40 жылдығына арналып шығарылған ән. Ән ақынның өз орындауында нотаға түсірілді.

**«Жетпіс бес».** 1959 жылы жазда республика мәдени, әдеби жұртшылығы Кенен Әзірбаевтың 75 жасқа толу тойын өткізді. Бұл әнді Кенен сол қуаныш үстінде айтқан. Ән ақынның өз орындауында нотаға түсірілді.

**«Айға ұшқан ақиық».** Бұл 1959 жылы айға тұңғыш рет ғарыш ракетасы ұшырылған кездегі оқиғаға арнап шығарылған ән. Ән автордың өз орындауында нотаға түсірілді.

**«Қос жұлдызды батыр».** 1959 жылдың күзінде К.Әзірбайұлы өзі тұратын Жамбыл облысының аудандарын аралап, өлең айтып, ән салып колхозшылармен кездесті. Осы сапарда ол Жамбыл облысының Көктерек

ауданында тұратын екі рет Еңбек Ері атағын алған атақты шопан Жазылбек Қуанышбаевқа арнап «Қос жұлдызды батыр» атты әнін шығарды. Ән көктеректіктермен кездесу үстінде айтылған. Ән ақынның өз орындауында нотаға түсірілді.

**«Қордай».** Бұл ән 1959 жылы Жамбыл облысының аудандарын аралап жүрген сапарда, Қордай ауданының Чапаев атындағы колхоздың колхозшыларымен кездесу үстінде айтылған. Бұл ән ақынның туған жеріне арналған. Әнде туған өскен жерге деген жүректің жылы лебі сезіледі. Ән Төрткеннің орындауында нотаға жазылды.

**«Бесік жыры».** Сазгердің немерелеріне арнаған әні. Ән Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді.

**«Туған жер».** Туған ел, өскен жерге деген өзінің ыстық ықыласын, зор мақтанышын білдіре жырлаған бұл ән Кененнің 1959 жылғы туындысы. Ән автордың өз орындауында нотаға түсірілді.

**«Жақсы болса жан-жарың».** Бұл өлеңін автор кей жылдары «Ерлі-зайып» деп атаған. Өмірде көп жағдайлар ерлі-зайыптылардың татулығына, әсіресе, әйел адамдардың мінез-құлық, әрекеттеріне байланысты екендігіне көзі жеткен ақынның отбасына арналған ұзақ толғауы. Толғаудың әні Бақытжан Кененұлы Әзірбаевтікі. Ән Бақытжанның орындауында нотаға түсірілді.

**«Келінжан».** Бұл ән 1960 жылы ақынның ұлы Көркемжанның үйлену тойы үстінде айтылған. Ақын егде тартқан шағында тұңғыш рет келін түсіріп, келіннің бетін осы әнімен өзі ашқан. Ән халық арасына «Беташар» деген атпен де тарап кеткен. Ақынның өз орындауында нотаға жазылды.

**«Жаса Қазақстан», «Қазақстан аймағы».** 1960 жылдары Қазақстан Отан-ға миллиардтан астық тапсырып, үлкен абыройға ие болған қуаныш кезінде шығарылған. Ән Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді. «Қазақстан аймағы» А.Серікбаевадан алынды.

**«Арақ, шылым».** Кейбір арақ пен шылымға салынғандарды сынап айт- қаны. 1960 жылы жазылған. Әннің нотасы Төрткеннің айтуында нотаға түсі- рілді.

**«Домбыра».** Ақын домбыраға арнап (1825, 1951, 1960) әр жылдары өлең шығарып отырған. Соларды жинақтап 1961 жылы бір жүйеге келтірген. Ән автордың өз орындауында нотаға түсірілді.

**«Жас кезеңдері».** Өмір жолында жас ерекшеліктеріне қарай адамның өзгеріп отыратынына арналған ұзақ толғау. Қысқартылған нұсқасы ақынның қолжазбасынан алынды.

**«Бес қуаныш».** 1964 жылы ақынның отбасы үшін бақытты жыл болды. Осы жылы Кененнің өзі 80 жасқа толса, ұлы Көркемжан әскери қызметін өтеп қайтты. Кенже ұлы Бақытжан С.М.Киров атындағы Қазақтың Мемлекеттік университетіне түсіп, күйеу баласы Тасыған Москвадан оқуын аяқтап, астанамыз Алматыға қызметке орналасты. Көркемжанның отбасында Қуаныш атты ұл бала дүниеге келді. Бір жылдың ішінде осыншама

қуанышқа ие болған ақынның шат көңілінен «Бес қуаныш» атты ән туды. Ән Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді.

**«Сексенге».** 1964 жылы Кенен Әзірбайұлының 80 жасқа толған торқалы тойы атап өтілді. Осындай үлкен оқиғаға арнап, той үстінде айтылған ән. Ән автордың өз орындауында нотаға түсірілді.

**«Қайран жастық».** Бұл әнін Кенен 1965 жылы шығарған. Әннің сөзі 1967 жылы жарияланған ақынның шығармалар жинағында «Қартайғанда» деген атпен қысқартылып басылған. Бұл басылымында әннің аты мен сөзіне өзгерістер енгізілді. Ақынның өз орындауында нотаға түсірілді.

**«Бастау».** Бұл әнді К.Әзірбайұлы 1917 жылы «Жалпы аппарат» деген атпен:

Аты еді бұл әнімнің «Жалпы аппарат»,  
Тыңдасаң құлағың сап көп жамагат.  
Көрмеген көптен бері елі-жұртым,  
Жүрмісің кәрі, жасың сау-саламат —

деп бастайтын еді. 1958 жылы автор осы туындысына қайта оралып, әннің атын «Бастау» деп атап, өлең сөздеріне де біршама өзгерістер енгізген. Өзінің орындауында нотаға түсірілген.

**«Кейбіреу».** К.Әзірбайұлы адамдардың әр қилы мінез-құлықтарын сынға алған шығармасын 1967 жылы шығарған. Әні тұңғыш рет Төрткен Кененқызының орындауында нотаға түсірілді.

**«Жамбыл жыр».** Жамбылдың 125 жылдық мерейтойына шығарылған көлемді жыр дастаны. Осы дастаннан үзінді беріліп отыр. Төрткеннің айтуы бойынша нотаға түсірілді.

**«Өтеді-ау, жалған».** Бұл ән ұзақ жасап, талай жайларды басынан кешкен ақын Кененнің өмір жайындағы тұжырымдамасынан туған ой-пікірі.

**«Ишам-ай».** 1974 жылы әкемнің енесі Мысбала Күдеріқызы қайтыс болды. Кенен де, балалар да бәріміз ол кісіні Иша деуші едік. Иша деген сөз орыстың «няня» дегені болу керек. Бұл өлең сол әжеме арналған жоқтауы. Әні тұңғыш рет Төрткеннің орындауында нотаға түсіріліп отыр.

**«Қалай танысың».** Кенен бұл термесін 1975 жылы жазған. Терменің әні Бақытжан Кененұлы Әзірбаевтікі. Әннің нотасы Бақытжанның айтуында түсірілді.

**«Сынаптай сырғақ дүние-ай».** Өзі майданға ақ жол тілеп әнмен аттандырған баласы Жапарбектің ағайындас інісі Қапасбектің, ақын шәкірті Шолпанқұлдың тағы да басқа ауыл, аудан бозбалаларының қайтыс болғандығы жайында хабар алып, онсыз да қатты күйзеліс үстінде жүрген ақын жанына, әсіресе, Қыдырбектің (әйелі Нәсиханың жалғыз інісі) өлімі жайлы хабар өте ауыр тиді. Сол жолы 1943 жылы майданнан келген суық хабар үстінде:

Сұр бұлт сұры жаман келді хабар,  
Шынымен сөнді ме екен жалғыз фонарь,  
Жолында Ұлы Отанның құрбан болдың,  
Артында түяқ қалса не арман болар."

Шіркін, көңіл тынсашы-ай,  
Бір қалыпта тұрсашы-ай,  
Сынаптай сырғақ дүние-ай!-

деп толғанған ақынның бұл әні халық арасында кеңінен таралып кеткен еді.

1975 жылдың ақпан айында әкем мені шақырып алып, «Ескерткішім» деген өлеңін жаздыртты да, енді осы өлеңімді «Сынаптай сырғақ дүние-ай» деген әніме салып орындашы деді. Мен орындап бердім, ол кісі риза болып: «Мен біраз әндер шығардым ғой, солардың ішінде осы «Сынаптай сырғақ дүние-ай» әнін ерекше жақсы көретін едім. Алайда, дәл осы ән шығу тарихына байланысты өте сирек орындалады. Бұдан былай «Ескерткішім» деген өлеңімді осы әнмен айтып жүр деген еді. Көп кешікпей (1976 жылдың 12 сәуір күні) өзі де дүниеден өтті. Бұл ән де қызы Төрткеннің орындауында нотаға түсірілді.

**Бұл тарауда Кенен Әзірбайұлының әндерін бір жүйеге келтіріп,** әндердің шығу тарихын келтірдік. Кенен туралы осы күнге дейін шыққан еңбектердің көбісінде («Бозторғай», «Шырқа даусым», «Алатау алабында», «Қосылған қоңыр қазға ән мен үнім») Кенен әндерінің тарихы жазылған. Ғылыми жұмысымыз Кенен әндерінің әдістемесіне арналған соң, студенттерге Кенен әндерін шығу тарихымен үйрету - дәстүрлі ән үйретудің бірден-бір дінгегі. Ән тарихын біле отырып ән орындау орындаушының және тыңдаушының сана сезімін кеңейтеді. Болашақта ғылыми жұмысымыз оқу-әдістемелік құрал ретінде оқу бағдарламасында пайдалануы мүмкін.

### **3.2 Кенен әндерін үйрету әдістемесі**

Әдіс - нақты бір міндетті шешуге арналған әрекетті практикалық не теориялық тұрғыдан игерудің біршама біркелкі тәсілдерінің, операцияларының жиынтығы. Педагогикада білім беру мен тәрбие әдістерін жасау мен оларды жіктеу проблемасы негізгілердің бірі болып табылады.

Білім берудегі әдістеме - білім берудің жекелеген процестеріндегі педагогика қызметтің нақты тәсілдерін, жолдарын, техникаларын сипаттау. Әдістемелік жұмыс - білім беру мекемелерінде оқытушылар мен тәрбиешілердің үздіксіз білім алу жүйесінің бір бөлігі. Әдістемелік жұмыс мектептегі оқу әдістемелік процесті жоғары деңгейге жеткізу мен сол дәрежеде ұстауға бағытталған. Ол оқу жылы бойы жүргізіледі және педагогтердің күнделікті тәжірибесімен шектес орындалады педагогикалық анализдің, теориялық және эксперименталдық зерттеулердің дамуына ықпал етеді.

- Әдістемелік жұмыс мақсаты
- студенттерді оқыту мен тәрбиелеудің ең оңтайлы әдістері мен жолдарын игеру;
  - педагогтің оқу-тәрбие жұмысын жүргізуі мен ұйымдастыруына қатысты жалпы дидактикалық және әдістемелік дайындығының деңгейін көтеру;

- педагогика ұжымның мүшелерінің тәжірибе алмасулары және озық педагогика тәжірибені анықтап, оны насихаттау.

Осы уақытқа дейін дәстүрлі ән үйрету әдістемесі туралы көп еңбек жазылған жоқ, солардың ішінде ең бір үлкен, ғылыми тұрғыдан сауатты жұмыстардың бірі А.Күзеубайдың «Қазақ әншілік дәстүрінің қазіргі заманда таралым мәселелері» атты докторлық диссертациясы. Онда автор балаларды дәстүрлі әнге ертерек баулу туралы айта келе, былай дейді: «...қазіргі кезде балаларды дәстүрлі әнге оқыту, оның арнайы бағдарламасын жазу, тәжірибесі мол орындаушы педагог болуы керек, себебі, орындаушы-педагог балаларды дәстүрлі әнді оқыту жүйесі, оның ішінде, дауыс қою, репертуар таңдау, ән салу әдісін бірізділікке келтіріп, көптеген астары ашылмай жүрген мәселені күрмеуін шешеді» [77, 112].

### **Ән үйрену тәсілінің дәстүрлік сипаттары**

Халық әншілерінің тәжірибесінде ән айудың дәстүрлі әдістерін әншілік мектептердің өзіне тән тәсілдерін ұстазынан шәкірт үйреніп алады. Оның қыры мен сырын толық меңгереді.

Дәстүрлі әнге бет бұрған адам оның ұнтаспаларын көп тыңдағаны жөн. Тыңдау арқылы оның зейін, есте сақтау қабілеттері артады. Дәстүрлі музыканы көп тыңдаған сайын адамның ішкі сана-сезімі, дүниетанымы өзгере бастайды. Мәселен күнде тыңдап жүрген біркелкі ырғақты музыканың орнына күрделі, еркін ырғақтағы музыканы тыңдау – адамның мінезін еркіндікке баулыса, ел ішінде ән-күй үйренудің дәстүрлі «ұстаз-шәкірт» тәсілі қалыптасқан. Бұл тәсіл көптеген түркі халықтарында дамыған. Мұндай әдістеме бірте-бірте қиындай береді де өзінің ең негізгі шыңы әншілік өнерді толық меңгере алатын дәрежеге жетеді. Музыкалық қабілеті аса күшті шәкірттерді ел ішінде «құйма құлақ» деп атайтын болған.

Дәстүрлі ән үйрену тәсілдері:

Халық әншілерінің тәжірибесінде ән айудың дәстүрлі әдістерін әншілік мектептердің өзіне тән тәсілдерін ұстазынан шәкірт үйреніп алады. Оның қыры мен сырын толық меңгереді.

Дәстүрлі әнге бет бұрған адам оның ұнтаспаларын көп тыңдағаны жөн. Тыңдау арқылы оның зейін, есте сақтау қабілеттері артады. Дәстүрлі музыканы көп тыңдаған сайын адамның ішкі сана-сезімі, дүниетанымы өзгере бастайды. Мәселен күнде тыңдап жүрген біркелкі ырғақты тузыканың орнына күрделі, еркін ырғақтағы музыканы тыңдау – адамның мінезін еркіндікке, байса Ел ішінде ән-күй үйренудің дәстүрлі «ұстаз-шәкірт» тәсілі қалыптасқан. Бұл тәсіл көптеген түркі халықтарында дамыған. Мұндай әдістеме бірте-бірте қиындай береді де өзінің ең негізгі шыңы әншілік өнерді толық меңгере алатын дәрежеге жетеді. Музыкалық қабілеті аса күшті шәкірттерді ел ішінде «құйма құлақ» деп атайтын болған.

Шәкіртке қатаң талап қоя білу оны бірінші күннен ұқыптылыққа және тәртіпке баулиды. Сондықтан әр ұстаз өз жұмысында төмендегідей өз репертуары мен дәстүріне сай талап қоя білуі шарт:

1) Аспап сүйемелін жетілдіру, импровизациялық шеберлікті ұштау, аспаптық қайырымдарды меңгеру;

2) Аспаппен дауысты үйлестіре білу, тыныс алу сәттерін ұтымды пайдалануға дағдылану;

3) Дыбыс бояуына мән бере отырып, демді қалай үнемдеп пайдалану тәсілдерін үйрену;

4) Әннің бас-аяғы бірдей шығуына мән беру;

5) Әннің мағынасын түсініп, табиғатын аша білу;

6) Қазақ әнінің дауыс шығарудағы (вокализ) ерекше тұстарын дәл түсіну;

7) Сахна мәдениетіне меңгерту.

Әр ұстаз тәрбие жұмысымен қатар студенттің кәсіпқой біліктілік пен кәсіптік біліктіліктің арта түсуін қадағалауы қажет. Сол себепті ұстаздар өз жұмысында дәстүрлі ән үйрену тәсілдерін қалыптастырып оған сәйкес жұмыс бағытын ұйымдастырғаны ләзім. Ол тәсілдер мыналар:

1) *Ән туралы және әннің аңыз әңгімесін студентке әрі түсінікті әрі қызықты етіп айту. Бұл тәсіл ежелден келе жатқан әдістемелік құрал, әнді үйреткенде бірге айтылады.*

2) *Әнді есту арқылы үйрету. Бұл тәсілдің әдістемелік түрлері өте көп. Солардың бірі: өзі естіп, өзі үйрену, өз қатесін өзі түзеп алу. Мұндай тәсіл үлкен нәтиже береді.*

3) *Ән үйрету тәсілінде ертеден келе жатқан әдістемелік құралдың бірі ән әуенін ауызша ыңылдап айтып беру. Бұл шәкірттің ән сазын көкірегінде сақтауға көмектеседі. Әсіресе әннің дыбыстық сапасының бояуы қанық болады. Халық әндерін үйреткенде оның сазын әндеп отырып түсіндіру, халық педагогикасының ең негізгі әдістемелік құралы.*

4) *домбыра сүйемелін тартып көрсету – ең негізгі тәсілдердің бірі. Мұның әдістемелік жүйесі сан ғасырлық тәжірибенің негізінде қалыптасқан.*

5) *ән жанрының дәстүрлік сипатын үйретудің тәсілдері. Мұның әдістемелік жүйесі ән үйренуде ерекше құбылыс. Оның тармақтары көп.*

6) *әншілік мектептердің қалыптасуына қарай, сол мектепке тән ерекшеліктерін сақтау. Әнді үйренудің белгілі бір қағидаларын сақтайтын әдістемелік жүйе. Бұл да халық педагогикасында ерекше құбылыстардың бірі.*

7) *әнді үйрену үшін оны ана тіліміздің қасиеттерімен байланыстыру тәсілі. Ән жанрының даму жолы халық ауыз әдебиетімен бірдей болғандықтан, сөз сөйлеу, сөйлем құрау, поэзия тілі күйге тікелей әсер етеді. Әннің әуен саз ырғағына сәйкес келетін өлең сөздерді жүйелі түрде әнмен бірге қоса үйретсе ән айту шеберлігі арта түседі. Ана тіліміздің қасиеттерін толық білмейінше күйді дұрыс үйрету мүмкін емес. Әдістемелік құрал өте бай болу үшін фольклорлық ауыз әдебиет үлгілерін жинап отыру керек.*



8) *энге байланысты көнеден келе жатқан атауларды қолдану тәсілдері. Оны орнын тауып қолдана білу керек.*

9) *ең негізгі әдістемелік тәсілдердің бірі – әнді халқымыздың тарихымен байланыстыра үйрету.*

Бұл айтылғандардың басқа сан алуан тәсілдердің әдістемелік жүйесін жасау - өмір талабы. Егерде, біз ән жанры бұзылмай, кейінгі ұрпаққа дұрыс жетсін десек, мұны өзіміздің күнделікті домбыра үйрену тәжірибемізде бұлжымайтын қағидаға айналдыруымыз керек болады.

Қазіргі таңда әншінің дауыс аппараты, вокалдық техникасының принциптері мәселесі терең зерттеуді қажет етеді. Мұндай арнайы зерттеу вокалдық орындаушылықтың заманауи теориялары тұрғысынан талдауды талап етеді. Бұл орайда, ән әуенінің құрылысы мен әншінің дыбыс тазалығы түрінің өзара байланысы терең зерттелуі керек. Асафьевтің анықтамасында: «Әуен құрылысы дегеніміз – музыкадағы әуезділік, біркелкілік және динамика. Ал, дыбыс тазалығы дегеніміз – вокалдылық» - дейді [64].

**3.2.1 Дәстүрлі ән үйретудің әдіс-тәсілдері.** Ұлттық мәдениетіміздің ұзақ жолынан өтіп, бүгінгі күнге дейін жеткен әншілік, әншілік өнерге ғылыми тәжірибелік тұрғыдан келіп, тарихи ұлттық дәстүрлі сипаттарын сақтай отырып, педагогикалық әдістемелік бағдарламасын жасау, талапкер өнерпазға тыңғылықты тәлім, білім беру абыройлы борышымыз. Әнші-термеші, жыршы-жыраулар ауыл-аймақтың шеңберінде ғана қалмай, бүгінгі күннің талаптарына сай жоғары оқу орындарында жан-жақты білім алып, “сегіз қырлы, бір сырлы” дейтіндей елінің еңсесі биік азаматы ретінде танылуы тиіс. Сол үшін де ол тек әнші-орындаушы ғана емес, сан салалы ғылым-біліммен сусындап, заманымыздың қоғамдық-әлеуметтік бағыт-бағдарын бажайлап білетін, рухани байлығымызды еселеп арттыруға қомақты үлесін қосуға ат салысатын шынайы бесаспап болуы қажет.

*Осы орайда дәріс беруші ұстаздар оқу бағдарламасында баса көңіл бөлінетін, терең білімділік пен талғампаздықты қажет ететін мынадай жайларды ескергендері жөн.*

1. *Әнші-кәсіби тұлғалық өнер иесі, зерделі зейінді, білімдар орындаушы, ұлттық тілімізді таза, жақсы меңгерген, өнерге деген ынты-ықиласы мол өнерпаз ретінде танылуы керек. Осы орайда әншілік, жыршы-жыраулық, сал-серілік дәстүрлер мен оның тарихи мән-жайын түсіндіруде, тіл, мәдениет, әдебиет, фольклор, музыка мәселелері мен ән зерттеуші ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынуы тиіс.*

2. *Әншілік өнердің әр түрлі өлкелердегі өзіндік ерекшеліктерін анықтап, дәстүрлі орындаушылық өзгешеліктерін сақтай отырып меңгеру қажет.*

3. *Халық ән-жырларының негізгі арқауы қазақ тілінің және оның фонетикалық заңдылықтарына айрықша мән беріп, қолданыс тәсілдерін мұқият қадағалап отыруға назар салу. Белгілі қазақ әншілерінің орындау тәсілдері мен шеберліктерін, ән иірімдерінің қолданыс ерекшеліктерін салыстырмалы түрде терең талдап түсіндіру.*

*4. Жас орындаушы әр өнерпаз студент-оқушылардың бойындағы қабілетін, деңгейін барлай отырып, мүмкіндігінше сан салалы дәстүрлі өнердің барлық үлгілерімен таныстыра баулу.*

*5. Студенттің ән айту мәнері шеберлігін меңгеруіне дәстүрлі халықтық орындаушылық мектептердің ең озық үлгілерін басшылыққа алу.*

*6. Әншінің халықшыл ұлтжандылығын, азаматтық көзқарасын табиғи түсінік-түйсігімен ұштастыра орнықтыру.*

*7. Студенттің жеке өзіндік шығармашылық белсенділігіне қолдау көрсетіп, мүмкіндік жасап, кәсіби бағыт-бағдар беру.*

*8. Әрбір ұстаз болашақ әншінің бойындағы табиғи қабілетін дөп басып тани біліп, оның өріс алуына жағдай тудырып, қадағалап отыруы дұрыс.*

Әншілік өнерге ден қойған талапкерлердің талғам-танымы әр түрлі болып келеді. Олардың бірі өз ата дәстүрін жалғастырушы ретінде танылса, екіншісі өзінің жеке талаптануымен, ерінбей еңбектенуімен әншілікті игеруге машықтанады. Ал, енді біреуі әр дәстүрге бір еліктеп, тиіп-қашып, олардың ешқайсысын бойына жүйелі түрде сіңіре алмай әуре-сарсаңға түседі.

Бұларды анықтап танып-білу үшін ұстаз талапкер, студент жайлы егжей-тегжейлі мағлұмат алып, зерттеп, оның туған жер, өскен ортасы, өзі шыққан өлкедегі ән айту дәстүрі туралы хабардар болуы керек. Жас әншіні тәрбиелеуде ұстаз, сонымен бірге, оның бойындағы – алғырлық, еңбекқорлық, ұғымталдық, тиянақтылық, ізеттілік, әдептілік, ұқыптылық адами қасиеттеріне де көңіл аударғаны жөн.

Әншілік, жыршылық, ақындық, өнердің сөз өнерімен етене жақындығы белгілі, сол себепті әннің мәтініне айрықша мән бере отырып, ән сөздің үйлесімін табу, әншілік дәстүрдің берік ұстануын, бұзбауын қадағалау. Әншілік, жыршылық мектептердің дәстүрлі қалпын бұзбауға, сөз мәдениетінің дұрыс айтылуына мән беру.

Қазақтың әншілік өнеріндегі вокализ өз ерекшелігімен дараланып тұрады. Ән айтқанда сөз жүйесінің айтайын деген (фразаның) ұзақтығына қарай мелодияның тактіге бөліну мөлшерімен дем алуын бұзбай, өз уақытысында ішіне ауа жұту, яғни кішкентай үзіліс (пауза) жасауы шарт. Ал қазақ ұлттық әнінде, кейде әннің сөзіне трагедиялық махаббаттың сүйіспеншілік оқиғасына байланысты эмоциялық құбылыс, сезімді түсінікті беру үшін, кейде ішкі демің жетіп тұрса да әуені (арнайы) үзіліп, пауза жасап алуға тура келеді. Міне, осы ерекшеліктерді ескере отырып, тыныс алу сәттерін ерекше пайдалана біл деп ескертпелер жасаймыз. Жоғарыдағы айтылған ерекшеліктерді шебер пайдаланбаған жағдайда әннің характері өзгеріп кету қаупі туады.

Дыбыс бояуына мән бере отырып, демді қалай үнемдеп пайдаланады деген сұрақтың жауабы – кең мөлшерде дайындық нәтижесі дейміз. Ең алдымен дыбыс бояуын таза шығару үшін дауыс қою сабағында әншінің есту қабілетін жетілдіру арқылы орындалатын талап. Ол үшін фортепьяно,

домбыра аспаптарының пернелерін басып әр нотаны құлаққа сіңіру, таспадағы жазылған кәсіби әншілердің орындауындағы шығармаларды тыңдау арқылы жетеді. Сол әннің әндік размеріндегі тактілерді толығымен жеткізе айтуы үшін әнші міндетті түрде дем алу (тыныс алу) жаттығуларын жасау арқылы, көп жылдық жұмыс арқылы жететін нәтиже екенін ескертемін.

Дәстүрлі әншілердің әнші болып қалыптасуында домбыра аспабының маңызы зор. Әнші домбырада кіріспе ойнаған кезде оның шебер, әрі дыбыстарды анық ойнауы –тыңдаушыға ерекше серпін береді. Сондай-ақ, әншінің шеберлігі тыңдаушыны тамсандырады. Сол себепті де әнші домбыра сабағына ерекше көп көңіл бөлгені дұрыс.

Болашақ жақсы әнші аспап сүйемеліне де дауыс шығару шеберлігіне де ерекше мән беруі керек. Сөз бен саздың қосарланған өнер екендігін көптеген зерттеушілер айтып кеткен. Солардың бірі Э.Алексеев былай дейді: «Синкреттік мәдениеттің негізгі белгісі көптеген халықтардың дәстүрлі фольклорында бүгін де көрініс тауып жалғасуда, поэзия мен музыка жеке-жеке бөлек өмір сүрмеген, олар тұтас бір дүниенің бөлінбейтін екі жағы болған» [65].

Дәстүрлі кәсіби әндер, қалыптасқан кезеңінен бастап осы заманға дейін, міндетті түрде аспап сүйемелімен орындалған. Қазақтар әнді әртүрлі аспаптармен сүйемелдеген: домбыра, қобыз, сырнай, соңғы кезде үш ішекті домбыра және жетігеннің де сүйемелімен әндер айтылып жүр. Әнді қай аспаппен орындаса да әншілер әннің басында міндетті түрде кіріспе-әуен ойнайды, ол көбінесе қайырма әуенінде құралады. Ән сөздері басталғанда сүйемел міндетті түрде бәсеңдейді, себебі әнші дауысының өзін кейде пианиссимоға басады, ал фортеға жеткізген кезде сүйемелді де қаттырақ ойнайды. Ән мен сүйемелдің ажырамас құбылыс екенін заманымыздың дүлдүл әншісі Бекболат Тілеухан ертеректе жазған зерттеу мақалаларының бірінде айтып кеткен: «Қазақтың кәсіби ән-жыр өнері – бірнеше функциялардың (сөз, әуен, сүйемел) басы тоғысқан синкретті өнер. Ақынның әншілігі, әншінің күйшілігі; немесе керісінше күйшінің әншілігіне қазақтың табиғи қарауы болғандықтан да болар. Вокалды өнердің аспапты музыкаға немесе күйдің ән-жырға әсері де заңды құбылыс» [66, 93].

Қазіргі таңда үлкен сахналарда орындалып жүрген және оқу орындарында оқытылып жүрген негізгі үш әншілік мектеп сүйемелінің өзара айырмашылығы бар. Бұл айырмашылықты әнші де, тыңдаушы да құлағымен естігенімен түсіндіріп бере алмайды. Осы уақытқа дейін де бұл мәселеге көп зерттеушілер назарынан тыс қалып келді. Дегенмен де, дәстүрлі әндердің аспаптық ерекшеліктері мен вокалмен ара-қатынасын 1990 жылдары үңіле зерттеген Дина Амированың еңбектерін, сөз орайы келгенде айтпай кетуге болмас. Зерттеуші, ән тыңдағанда аспап сүйемелінің аудитория үшін қандай қызмет атқаратынын жете түсіндірген: «*Домбровое вступление* очерчивает основной контур образно-выразительного содержания песни, создавая при этом определенный эмоциональный настрой для слушателей и для самого

исполнителя. Кроме того, дальнейшее изложение песенного материала становится логичным, развитием заложенных во вступлении интонационно-тематических, ладо-тональных и ритмических импульсов» [67, 58]. Шын мәнінде де, ән басындағы кіріспе (проигрыш), тыңдаушыны алдын-ала психологиялық тұрғыдан дайындайды деп нақты айта аламыз.

**Кенен әндерін үйрету тәсілдерінің негізі – оның қағыстарында жатыр. Кенен әндерінің қағыстарын меңгерген студент оның ән мектебін толық игерді деп есептеледі.** Кенен әндерінің домбыра сүйемелі көбіне төменгі қағыстарға негізделген. Әндер шертпе қағыспен де, біркелкі ырғақтағы қағыспен де және ішінара тыныстама қағыстары қара қағыс болып келеді. Шертпе қағыспен сүйемелденетін әндер көбінесе күрделі әндерге жатады. Жетісу әндерін, оның ішінде Кенен әндерін стереотипты, қос ішекте квартамен, квинтамен жүретін кіріспе-әуендерінен ажыратуға болады. Бұл тәсіл көп әндерде қолданады, бірақ әсіресе «Гигигай» әнінде анық көрінеді.

Мысал: № 1

## ГИГИГАЙ

А - ра - лап — кел - дім күн - гей,  
 те - ріс - кей - д(і)ау, Бел - гі - сі ө - сер а - уыл ке - ріс - пей - д(і)ау. \_\_\_\_\_  
 Ка - ма - лап ка - лың е - лім о - тыр - ған - да Бер - ме - сем ән - ге шыр - қап  
 ке - ліс - пей - д(і)ау, ги - ги - гай - гай - гоу ги - ги - гай - гай - гоу ги - ги - гай, ау \_\_\_\_\_

Кенен әндері арқа әндеріне қарағанда жүрдек орындалады. Құрылысы жағынан қарапайым болып келеді. Кенен әндерінің сүйемелдегі бірден-бір ерекшелігі әндерінің төмен қағыстан басталуы. Әннің басында, яғни, шумақ алдындағы құлақкүйде, және тыныстама қағыстарында да төмен қағыстар басым орын алады. Бұл сөзіміздің дәлелі әсіресе Кененнің «Базар-Назар» әнінде анық көрінеді:

Мысал: № 2

### БАЗАР-НАЗАР

Кенен Әзірбаев

Орташа, баппен  
орындаған Кенен Әзірбаев



Кенен әндерінің көбісі бесінші сатыдан басталалып жоғарғы бірінші дыбысқа барып тіреледі. Бұл тәсілді музыкатану ғылымында АӘИ - ақындық мелодиялық формула дейді (АМИ), жоғарыда айтып кеткендей зерттеуші С.Елеманова енгізген болатын. Кенен әндерінің ішінде бұл қатарға «Бастау», «Сексенге», «Ойжайлау» т.б. әндер жатады. Ән басталар алдындағы үш төмен қағыс Кенен әндерін сүйемелдеудегі негізгі ерекшелік болап табылады.

Мысал №: 3

### БОЗТОРҒАЙ

Кенен Әзірбаев  
орындаған Кенен Әзірбаев

Орташа, мәнерлі



Жалпы дәстүрлі әншілік мектептердің ән айту айырмашылығы, әндердің аспаптық сүйемел мәселесі толыққанды зерттелді деуге келмейді, тіпті енді ғана зерттеле бастады десе де болады. Бұл тақырып үңілген сайын жаңа қырын таныта беретін күрделі міселелердің бірі. Бұл туралы әнші Б.Тілеухан былай дейді: «Дәстүрлі вокалды-аспапты кәсіби өнердің негізгі бөлігінің бірі боп саналатын домбыра сүйемелінің ерекшеліктері әлі де қыры мен сырын ашуды талап етеді» [66, 91]. Қәсіби әншілік мектептердің өзара

айырмашылықтарын, аспап сүйемел ерекшеліктерін анықтау болашақта жүйеленіп, бір ізге түсері сөзсіз.

**3.2.2 Музыкалық аспапта орындаған ән шақыруларын құлақ күйін меңгерту, дәстүрлі қағыстардың атауын білу.** Үлгі-таңбалы құлақкүйі (ән сүйемелінің қазығы - ең қарапайым, ең негізгі бөлігі. Ән әуенінен көрініс бере, үлгі таңбаға түсу. Желілі құлақ күй. Күрделі құлақ күй. Ән шумақтары арасындағы тыныстама құлақ күй. Шумақтар арасындағы қағыстар. Қағыстың түрлері.

Кәсіби орындаушылық шеберлігі негіздерін тәжірибеде көрсету: шығармалардың мәнін ашу, түрлі стильдердің, жанрлардың, орындаушылық тембрлік дыбыстың орнектік мәнін практика жүзінде қолдану. Жоғары концерттік деңгейдегі мемлекеттік емтихан бағдарламасын дайындау. Мемлекеттік емтихан бағдарламасында Жетісу ән-жырымен қоса, Қазақстанның басқа да өңірдегі әншілік, жыршылық мектептердің шығармалары қамтылуы керек және қазіргі заман сазгерлерінің шығармасын орындау қажет. Сондай-ақ, мемлекеттік емтихан кезінде артистік қабылетін және жеке бойдағы дарын көзін барынша ашып көрсету. Сахнаға қазақтың ұлттық киімімен шығуы керек.

**3.2.3 Студенттің негізгі репертуарын жасақтау мәселелері.** Студентке репертуар таңдауда мұғалім студенттің музыкалық қабілетіне, диапазонына, мінезіне, алғырлығына аса мән бергені жөн. Мінезі салмақты, байсалды студент көңілді, ойнақы әнді нақышына келтіріп орындай алмауы мүмкін. Сондықтан ән таңдаған кезде ұстаз өзінің психологиялық қабілетін іске қосуы тиіс. Репертуардың бірнеше үлгісі жасалған дұрыс. Әртүрлі жанрлардан жасақталған репертуар тізіміндегі шығармалар, техникалық және диапазон тұрғысынан да әркелкі болуы тиіс. Репертуарда тек әндер емес, жыр үлгілері де болғаны дұрыс. 1-2 курста қысқа терме-толғаулар да жеткілікті.

Сонымен бірге студенттің дауыс және орындаушылық мүмкіндіктерін ескере отыра, дәстүрлі орындаушылар арқылы жеткен әндердің әр түрлі нұсқаларын меңгерту керек. Студент Жетісу мектебімен қатар, өзге орындаушылық мектептердің шығармаларын меңгеру арқылы репертуар аясын кеңейту керек. Сонымен бірге өзіндік ізденіс қабілетіне байланысты ел аузында немесе ән жинақтарында сақталған шығармаларды қайта жаңғырта орындау арқылы жеке репертуар қорын жасақтауы тиіс. Кенен әндерінен сабақ беретін ұстаз 1-2 курс студенттеріне репертуарды келесі ұсыныс бойынша таңдағаны дұрыс:

- Шертпе қағысымен орындалатын бір ән (мысалы - «Алатау алабында»)

- Авторлық, диапазоны үлкен емес ән (мысалы - «Қордай» )

- Терме тектес ән, терме немесе жырдан үзінді («Тік шырқау»)

Кенен әндерінің репертуары осылай жасақталғаны дұрыс. Мұндай таңдау арқасында біз студенттің даусының сатылап дамуына әсер етеміз. Жалпы 1-2 курс студенттеріне октава көлемінен асатын шығармаларды

айтқызу керек емес. Себебі осы кезеңде оларды дауыс қалыптасу процесі жүріп жатады. Кейбір, дауысы қойылған, ашық, ерекше талант студенттерге ғана диапазоны кеңірек әндер ұсынуға болады. Әсіресе, қыз балаларда жоғарғы дыбыстарға қызығу, дауыс аппаратына салмақ түсіріп орындаудан, түсініп айтпаудың салдарынан дыбыс тепе-теңдігі жоғалуға әкеп соқтырады. Кенен әндерін жүйелеп, зерттеу нәтижесінде біз оларды екі бөлімге бөлдік. Соның бірінші бөлімін, яғни 1-2 курстарға лайықты бөлімін ұсынамыз:

### РЕПЕРТУАРЛЫҚ ТІЗІМ ҮЛГІЛЕРІ

Кенен әндерінен 1-курста игерілетін репертуарлық тізім үлгісі.

№	Әннің аты	Әннің авторы	Мәтіні, нотасы.
1	Туған жер.	Кенен Әзірбайұлы.	АА
2	Нұрлы жаз.	Кенен Әзірбайұлы.	АА
3	Мен сүйемін халқымды	Кенен Әзірбайұлы.	АА
4	Жетпіс бес.	Кенен Әзірбайұлы.	АА
5	Жамбылға көңіл айтуы.	Кенен Әзірбайұлы.	АА

2-курста игерілетін репертуарлық тізім үлгілері.

№	Әннің аты	Әннің авторы	Мәтіні, нотасы.
1	Қалады-ау.	Кенен Әзірбайұлы.	АА
2	Ойжайлау.	Кенен Әзірбайұлы.	АА
3	Бастау.	Кенен Әзірбайұлы.	АА
4.	Ри, қойым	Кенен Әзірбайұлы.	
5	Домбыра.	Кенен Әзірбайұлы.	АА
6	Еркебайға	Кенен Әзірбайұлы.	АА
7	Қайран жастық.	Кенен Әзірбайұлы.	АА

Жетісу әншілік дәстүрінен сабақ беретін ұстаз 3-4 курс студенттеріне репертуарды келесі ұсыныс бойынша таңдағаны дұрыс:

1. Ел ішіне кең тараған 1 ән (мысалы –Кенен «Бозторғай» )
2. Бір келкі ырғақтағы бір ән (мысалы - «Домбыра»)
3. Шерпе қағысымен орындалатын бір ән (мысалы – «Бал құйылды даладан» )
4. Авторлық, диапазоны үлкен емес ән (мысалы – «Ри, қойым» )
5. Терме тектес ән, терме немесе жырдан үзінді (мысалы – «Қалады-ау»)

Жалпы 3-4 курс студенттеріне октава көлемінен асатын шығармаларды емін еркін айтқызуға болады. Кенен әндерін жүйелеп, зерттеу нәтижесінде

біз оларды екі бөлімге бөлгенімізді жоғарыда айтқан болатынбыз. Соның екінші бөлімін, яғни 3-4 курстарға лайықты бөлімін ұсынамыз:

### РЕПЕРТУАРЛЫҚ ТІЗІМ ҮЛГІЛЕРІ

3-курста игерілетін репертуарлық тізім үлгілері.

№	Әннің аты	Авторы	Мәтіні, нотасы.
1	Сынаптай сырғақ дүние.	Кенен Әзірбайұлы.	АА
2	Біздің отан жеңеді.	Кенен Әзірбайұлы.	АА
3	Жаңа заң	Кенен Әзірбайұлы.	АА
4	Еңбекші елім.	Кенен Әзірбайұлы.	АА
5	Бұлбұлға.	Кенен Әзірбайұлы.	АА

4-курста игерілетін репертуарлық тізім үлгілері.

№	Әннің аты	Авторы	Мәтіні, нотасы.
1	Көпшілік тыңда әнімді.	Кенен Әзірбайұлы.	АА
2	Тік шырқау.	Кенен Әзірбайұлы.	АА
3	Бал құйылды даладан.	Кенен Әзірбайұлы.	АА
4	Алатау алабында.	Кенен Әзірбайұлы.	АА
5	Бозторғай.	Кенен Әзірбайұлы.	АА
6	Базар-Назар.	Кенен Әзірбайұлы.	АА
7	Жамбыл жыр.	Кенен Әзірбайұлы.	АА

**Қорыта келе, бұл бөлімде біз Кенен әндерін үйрету әдістемесінің бірнеше түрін анықтауға тырыстық. Кенен әндерін меңгеру үшін – ең әуелі оның сол қол қағыстарын, екіншіден оң қол аспап сүйемелін, кварта, квинта арақашықтықпен жүретін негізгі тіректерді (бас буындағы ре-ля, си-фа диез, орта буындағы соль-ре, ля-ре) үшіншіден – дауыстың жоғарғы бірінші сатысына бірден баруды меңгеру, төртіншіден - репертуарын, яғни әндерін тарихымен бірге айта білу. Сонымен бірге, бұл бөлімде арнайы музыкалық ЖОО орындарында сабақ беретін ұстаздарға әдістемелік құрал ретінде Кенен әндері күрделірек формасы жағынан, оқыту бағдарламасының кестесімен есептесе отырып, курста үйретілетін әдіс-тәсілдерге жан-жақты әдістемелік нұсқау жасалынды. Өз көп жылғы ұстаздық тәжірибемізден туындаған әдістемелер жиынтығы ғылыми айналымға тұңғыш рет енгізіліп отыр. Бұл педагогикалық бағыттағы нұсқаулықтар жас буын ұстаздарға әдістемелік көмекші құрал бола алады және Жетісу ән мәдениетін дәстүрден ауытқымай жалғастыруға маңызды қолқабыс болады, деген ойдамыз.**



### 3.3 Төрткен Кененқызы-композитордың ән мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізуші

Төрткен Кененқызы – асылдың сынығы, Кенен мен бүгінгі күннің арасындағы алтын көпір. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді атам қазақ. Төрткен апа, ең алдымен, бәріміз бұрыннан білетіндей, Кенендей өнер шебері өзі баулып, тәрбиелеген, үйреткен еңбегін адалынан ақтап келе жатқан перзенті. Өз әлінше әнін шырқап, өлеңін өрістетті, кітаптарын шығаруға атсалысты. Сонысымен қасиетті шаңырақтан өсіп-өнгенін танытып келеді.

Жыр жампозы, дана Кененнің өзі «Төрткенімді бермеймін тоғыз ұлға, Қырсығымды кескен төл басым» деп бағалап, төбесіне көтерген Төрткен апа жасынан зерек, құймақұлақ, домбыра үніне үйірсек болып өседі. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деп жатамыз. Бірақ неге екені белгісіз, Төрткен титтей кезінен шешесінен гөрі әкесіне жақын болды. Оның шуақты мейірімі мен ыстық ықыласына бөлене жүріп, өзінің жүріс-тұрысымен де, сөйлеген сөзімен де әкесіне ұқсап баққысы келді» [68] «...Кішкентайынан әкесі Кененмен бірге ел ішін аралап, оларға ән сыйлап, тақпақ айтып өскен елгезек қыз көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленді. Алатаудың ақиығы Кененді ел қалай күтсе, тілі бал, қылығы тәтті, өнері сүйкімді Төрткенді де солай күтті» [69]. Кененнің ән мұрасын былай қойғанда, өмір мен өнер жолындағы қилы тағдырын, әр шығармасының қалай туғанын, одан қала берді, адамдық, азаматтық келбетін шынайы қалпында, жан-жақты, егжей-тегжейлі Төрткен апамыздың айтуынан, жазуынан көбірек білеміз. «Атам ән мен өлең шығарғанда тыныштықты қалайтын, табиғатты тамашалап атпен жүргенді ұнататын. – Маған самолеттің дауысынан шыбынның ызылына шейінгі дыбыстардың бәрі де ән тудырады, – деп отырушы еді» [70] - деп жазады Төрткен апа. Әке жолы, әке мұрасы, әке аманаты Төрткеннің өмірінің мақсат-мұратына, мәніне айналған. Төрткен Кененді елге молынан жеткізіп, перзенттік парызын ақтады, елге де қызмет етті, енді Төрткеннің өзінің өмірін қазаққа үлгі-өнеге ететін уақыт та туды. Әрине, өмірің Кенендей тұлғадан бастау алып, соның өнерімен өріліп тұрса, Төрткеннің басқаша болуға қақысы да жоқ еді. Төрткен апаны білетіндер оны «Кенен атаның маңдайына біткен жұлдызы, қыз да болса құндызы» деп бағалайды. «...Ол кезде Төрткеннің жас кезі, Құдай сақтасын, әкесінің нелер бір биік әндерін бірінен соң бірін шырқағанда, газжап, тапжылмай тыңдадық. Кенекең торығып отырып қалды да: «Құдайым маған осы қызды ұл зып бермегені-ай! Төрткендей менің әндерімді бұзбай айтатын адам жоқ...» деп армандап бетінен сүйді. Төрткенді аса жақсы көретін еді» [34, 153] - деп жазады белгілі қоғам қайраткері, ғалым Мырзатай Жолдасбеков.

Төрткенді Кенен «күндіз мойнынан, түнде қойнынан тастамай» тәрбиелеп, құлағының құрышын өзінің және қазақтың қара өлеңі мен қоңыр әнімен қандырып өсірді. Қазақтың әрлі-бергі тарихынан да сыр шертіп, ой-

өрісін кеңейтті. Бұл, біздің ойымызша, Төрткеннің бір бағы болса, екінші бағы – төрінен кісі үзілмеген Кенен атаның қасиетті дастарханынан кімдер келіп, дәм татпады десеңші?! Қазақтың кіл игі жақсылары Кененнің төрін суытпай, кейде жеке-дара, кейде жиналып алып, қазақтың ұзын-сонар тарихынан небір әңгімелер айтып, сыр шертісетін. Бұл – Төрткеннің Төрткен болып қалыптасуына үлкен үлес қосқан дер ек.

Осындай кездесулер туралы Төрткеннің өзі де кезінде көп жазды. «Балуан Шолақ пен Кенен» [70], «Әкемнің Әуезові» [70], «Сағынып күтіп жүрем Сәбеңімді» [70], «Кенен мен Бауыржан» [70], «Кенен мен Нұрғиса» [70], т.б. мақалалары – осының дәлелі.

Төрткен апаның анасы Насиха да текті жердің қызы, Кененмен 55 жыл отасқан, 9 бала тәрбиелеп өсірген ана, жар, қазақтың нағыз бәйбішесі бола білген жан. «...Терең ойлы, аз сөзді, аспайтын-саспайтын, әкемнің жазушы інісі *Ғ.Мүсіреповті «кербез қайным», өзі сері, жүрген жері ойын-күлкі ақын Т.Жароковты «ерек қайным», аңқылдаған ақкөңіл, арманшыл ақын Х.Ерғалиевті «аусар қайным», сазгер Ерзаковичті «орыс қайным», өзімен қатарлас С.Мұқановты «Сәбең» деп құрметтеуші еді. Қашан келсе де, бұл кісілердің сыбағалары сақтаулы, құрақ ұшып құрметтеп, сыйлаудан жалыққан емес-ті» [34] - деп жазады анасы туралы Төрткен апа. Анасы, әкесі туралы жазғандарын оқып отырып, Төрткен Кененқызындай тұлғаның, ұстаздың алдынан дәріс алған біз қазақтың осы бір киелі шаңырағына қандай бір қатысымыздың болғанына қуанамыз. Ұрпақ пен ұрпақтың арасын қосып тұрған көзге көрінбес нәзік алтын жіптің бір саласы жоғарыда аты аталған қазақтың марқасқаларынан, Кенен шаңырағынан бастау алып, біз, шәкірттері арқылы көпке тарап, ғасырларға кететінін үнсіз топшылаймыз, сапалы ұрпақ тәрбиелеу деген ұлы мақсаттың мүддесі үшін осы жіптің үзілмеуін тілейміз.*

1967 жылы Жамбыл облысынан Алматыға көшіп келгеннен кейін Төрткен апамызға Кенендей әкесінің мол мұрасын ел арасына насихаттауға, әке аманатын адалынан атқаруға жаңа мүмкіндіктер ашылады. Бірте-бірте әндерін сахна, радио, теледидар арқылы орындап, халыққа жеткізген, шығармаларының баспасөз беттерінде жариялануына үнемі атсалысқан. Радио, теледидарға жиі шақырылып, өзі де халық арасына танымал бола бастайды. Кененнің «Келінжан» деген әнін эфирден орындап, ол халықтың көңілінен шығады. Тіпті көпшіліктің сұрауы бойынша осы әнді теледидар арқылы үйретуге тура келгенін өзі жыр қылып айтады.

Төрткен апа әке шығармаларын өз аузынан орыс әрпімен жазып отырған (Кенен тек төте жазумен жазған). Негізі, Төрткен апаның өзінің айтуында, Кененнің жүзден астам әнді нотасыз-ақ есінде сақтағандығы, оған қоса көптеген халық әндерін, басқа да композиторлардың шығармаларын шатастырмай орындап, елге жеткізуге мұрындық болғандығы таң қалдырмай қоймайды. Өз жазбаларында Кенен атасынан ән үйренгенін Төрткен апамыз былайша жеткізеді: «...Өлеңдерім, дастан-поэмаларым біршама болса да жарияланып, жарық көрді. Ал енді әндерімнің «Бозторғай», «Көкшолақ», «Базар-Назар» сияқты бірнешеуі болмаса, көбін әлі ел естіген жоқ. Нота

*білмеген соң, бәрі тек есімде сақтаулы. Кім білсін, олай-бұлай болып кетсем, ең болмаса сен біліп қалсын деп жатқаным зой» деп бір жаңа ән шығарса алдымен маған үйретуші еді. Мен де әкемнің ән сарыны құлағымға сіңгені соншама, тез қағып алатынымын, дереу домбыраға салып, өзіне қайта айтып бергенде, жаны жай тауып, ризашылығын білдіруші еді. Мен де әкем сияқты нота білмеймін, музыкалық білім алуға еш мүмкіндігім болмады, тек үйренгендерімді есіме сақтадым, кейбірін магнитофонға жазып қойып жүрдім» [72].*

Елге танымал боп келе жатқан шағында тамағынан операцияға түсіп, ән айту қиынға айналады. Сондағы Төрткен апаның уайымы өзінің денсаулығы емес, әке аманатының жарты жолда қалары, елге жеткізгенінен гөрі жеткізбегенінің көп екендігі болады. Өзі «атам» деп атаған Кененнің ақылымен өнертанудың майталманы Б.Ерзаковичке барып, Кенен шығармаларының көбін тек өзі ғана білетінін, соларды нотаға түсіруге көмектесуін өтінеді. Ақыры Ерзаковичтің қамқорлығымен күніне екі-үш әнді ыңылдап айтып жүріп, нотаға түсіріп, осы әндерді және одан да ертеректегі әндерін қосып, 1976 жылы «Бозторғай» деген әндер жинағын жарыққа шығартады. Оған дейін кітап шығарып көрмеген Төрткен үшін бұл жұмыс оңайға түспейді. Әрі жинақтың сапасы төмен әрі өзі тым аз данамен шығады. Сонда да болса, Төрткен апа бұл туралы өзі былай деп жазады: *«Өз басым осыған да қуандым, әйтеуір әкемнің әндерінің түпнұсқасы шықты зой, ендігісін тағы көре жатармыз деп біраз тыншыдым» [73].* Төрткеннің әкесінің мол мұрасын тасқа басқызып, ел есінде қалдыруға, болашақ ұрпақтың да несібесіне айналдыруға үлес қосқаны тек бұл емес. 1984 жылы Кененнің 100 жылдығына арнап шығарылған екі томдықтың редакция алқасында болды. 2000 жылы «Екі Кенен тумайды» естеліктер жинағын, 2005 жылы ақынның 120 жылдық мерейтойына арнап «Кенен ата» кітабын шығаруға атсалысты. «Елорда» баспасынан шыққан «Аңыздар сыры» кітабы да – осылардың қатарында. Кененнің орындауындағы, өзі орындаған әндердің ұнтаспаларын да жарыққа шығарып, тыңдармандарына жеткізді. Кененнің аз да болса саз күйлеріне жоқшы болды.

1998 жылы Ж.Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжіне Төрткен апа сабақ беруге шақырылды. Төрткен апа осы уақытқа мүлдем жетпей қалған Кененнің 50-60-қа жуық әнін үйретті. Әрбір әнді, олардың әр иірімін, әр нақышын қалт жібермей тыңдап, ең алдымен, Төрткен апамыздың орындауында көкейге түйіп алуға тырыстық. *«...Әке аманаты. Ақынның, әншінің қызы. Осы бір сөздер Төрткен апайға жүктелген жауапкершілік салмағын ауырлатпаса, жеңілдетпейді. Оған ол еш қынжылған емес...».* *«...Колледжде оқытушы бола жүріп, «Кенен», «Кенен ата» атты естеліктерді өз авторлығымен шығарды».* *«...Әкесінің әнін халық арасына таратып қана қоймай, оның жұртқа белгісіз шығармаларын нотаға түсіруге де ықпал етті. Бүгінде Кенен Әзірбайұлының жүзден аса әндерін тікелей осы Төрткен апайдың айтуы бойынша нотаға түсірілді» [72].* Кенен жайлы халыққа беймәлім болған мәліметтерді, Кененнің ән шығару

тәсілдерін ақынның өз аузынан үйренген перзенті Төрткеннен біздің үйренуіміз – қазақ өнері үшін де, біз, яғни шәкірттері үшін де зор олжа, таптырмас мүмкіндік.

Өнер қонған ордада ардақты әкесі Кенен мен ақылдың кені анасы Нәсиханың тәрбиесінен тәлім алған Төрткен Кененқызының бар ғұмыры өскелең еліміздің өсер ұрпағына өнегелі жолдың озық үлгісі іспеттес. Еңбек пен өнерді қатар ұштастыра жүріп, қарапайым халық арасында өнерімен жарқырап көрініп, әке арманын алыстарға ән қанатымен самғатып келе жатыр. Осындай өнер кенішінің, Кенендей асылдың көзі, алтынның сынығы – Төрткен апамыздың ортамызда болғандығы – біздің үлкен несібеміз. *«Иә, ол әртіс деген ресми атақ алмаса да, ауыл-аймағы, ел-жұрты, қызметтес жолдастары оны «Бұл Кенекеннің сүйікті қызы әніші Төрткен дейді. Оған бұдан асқан атақ, абыройдың қажеті де жоқ».* [72]

2000 жылдан бастап ҚР Мәдениет министрі мен Жамбыл облысының әкімі екі жылда бір рет Кенен Әзірбаевтың музыкалық шығармаларына арналған «Шырқа, даусым!» атты республикалық байқау өткізіп тұру керек деген шешім шығарған. Содан бері Тараз қаласында бұл байқау өз уақытында тұрақты өткізіліп келеді. Осы байқаудың өтуіне ұсыныс жасап, ұйымдастырып жүрген де – Төрткен апамыз. Ең бастысы – әр байқауға Төрткен апа өзі қатысып, шәкірттерінің Кенен әндерін халыққа өз нақышында жеткізуіне тікелей мұрындық болып жүр. *«Байқау сайын сапа да артып келеді....Бұл бір жағынан менің Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжінің халық бөлімінде Кенен әндерінен сабақ берген сегіз жылғы еңбегімнің жемісі деп те айта аламын...»* [74] деп жазды байқауға баға берген Төрткен Кененқызы.

Төрткен апа – қазақ тілі мен әдебиетінің маманы. Қырық жылға жуық білім беру саласында еңбек етумен қатар, көркемөнерді жанына серік еткен адам. Қандай жерде жұмыс істесе де, ұжым арасында өнер шараларын ұйымдастырып, өзі де халық алдына шығып, ән айтқан, жастарға үлгі-өнеге болған, үлкендерден үнемі бата алған кезі аз болмаған. Әкесі Кененнің әндерімен қоса, Абайдың, Майраның, халық әндерін орындап, талай сахнаның сәнін кіргізгеніне көрермендері куә. *«Қызының өнерге деген талпынысын алғаш боп байқаған әкесі: «Қызым, «Алтын пышақ қында жатпас» деген бар, күй білмесең де домбыраңды тарта бер, тарта бер. Егер бойыңда шынымен бірдеңе болса, әйтеуір сыртқа бір шығады» деуші еді. Болашақты көздейтін әке баланың бетін ешқашан қаққан емес».* [72]

Қалай болғанда да, Төрткен Кененқызы Кенен әндерінің тек насихаттаушысы ғана емес, ең алдымен, жалпы Жетісу ән-жыр дәстүрін қалыптастыруда да өзінің үлесін қосып жүрген ұлағатты ұстаз деп білемін.

*«Менің сендерден өтінерім – Кененнің әндеріне қылау түсіруге, бұзып айтуға болмайды. Біз өзі бір көңілшек, не болса соған еліктегіш халықпыз ғой. Кеңес заманында бәріміз Құдайды ұмытып, молданың сақалын қырқып, мешіттерді құрттық. Ал енді тәуелсіздік келгенде түгел молда болып шыға келдік. Сонда әлгі шала молдалар сияқты Кененнің әндерін бұзып айтатын*

*әншілерден сақтаныңыздар дер едім. Кенен әндерінің тұнығынан, тереңінен тартып айтатын Төрткеннің барында үйреніп қалу керек» [34] - деген Мырзатай аға Жолдасбековтің сөздері бізге үлкен жауапкершілік жүктейді.*

Бір өзі қазақтың тұтас бір жыр мектебіне айналған Кенен шығармаларындағы автордың қолтаңбасын, өзіндік ерекшелігін өзгертпей, айна-қатесіз сақтаудағы Төрткеннің рөліне баға жетпейді. Ортамызда жүрген, көзі тірі құндылық десе болғандай. Кенен жайлы, Төрткен туралы жазылған еңбектерде мұның дәлелін көп кездестіруге болады. Мысалы, жазушы Марал Сқақбаев «Тәкен сал мен Әлмен ақын» деген мақаласында *«Кенен Әзірбаевтың «Ойжайлау» деген атақты әнін өз қызы Төрткеннен артық шырқайтын әзір ешкім жоқ. Төрткен орындағанда бұл әннің қайырмасындағы ырғақ иірімдерінен тек Кенен үнін, Кенен мәнерін сезінесіз, өзгемен шатыстырмас нағыз өрнекті айқын аңғарасыз» [74]* деп жазды.

Төрткен апа маған, басқа да шәкірттеріне, жалпы айналасына әке аманатын адал атқарған перзент, шәкірт тәрбиелеген ұстаз есебінде ғана емес, екі қыз, екі ұл тәрбиелеп өсірген ардақты ана ретінде де үлгі-өнеге тұтар, өмір жолымызда жарық түсірер шамшырақ іспеттес. Бұл күнде ұл-қыздарынан өрбіген бір әулет немере-шөбереге аяулы әже болып отырған Төрткен Кенеқызының өмірі кім-кімге де үлгі болғандай.

Зейнетке шыққаннан кейін де Төрткен Кенеқызының қол қусырып отырған сәті сирек. Колледжде ұстаздық еткенінен бөлек, қоғамдық жұмыстардың қайнаған ортасында жүрді. Өзі тұрған Алматы облысы Іле ауданында Төрткен апа араласпаған рухани, мәдени іс-шара болмайтын десе артық айтқандық емес. *«Аудан орталығы «Энергетический» деп аталушы еді, оның «Өтеген батыр кенті» аталуына да, осы орталықта ашылған «Мұқалғали Мақатаев» атындағы қазақ орта мектебінің және «Қуат» қазақ балабақшасының ашылуына да, ауданымызда Наурыз сияқты көптеген мерекелердің өз дәрежесінде өтуіне, тағы да толып жатқан істерге атсалысып жүргені. Сондықтан да аудан еңбеккерлері оны 1999 жылы Іле аудандық мәслихатының депутаты етіп сайлады. Ал 2001 жылы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай «Іле ауданының құрметті азаматы» атағы берілді».[75]*

Осы ауданда «Ардагерлер» ансамблін ұйымдастырып, оның өз уақытында «Халық ансамблі» атағына лайықты деп табылуына сіңірген Төрткен Кенеқызының еңбегі өз алдына бір төбе. 2006-2013 жылдар аралығында Аудандық ардагерлер қоғамының төрайымы болып та еңбек етті. Аудандық газеттің штаттан тыс тілшісі. Ұзақ жылдар бойы аудандағы ономастикалық комитеттің де құрамында болды. Осылайша әке аманатынан басталған перзенттік парызы Төрткенді қоғам қайраткері деңгейіне дейін жеткізді.

Биыл Төрткен Кенеқызы 82 жаста. Шындығында да, ана сүтін арда емген, қазақтың біртуар талантты ұлы Кенен Әзірбайұлының есімі мен өлмес мұрасы оның дәстүрін жалғастыратын өнерлі ізбасарларының орындауында уақыт өткен сайын жаңарып, жарқырай бермек. Осы топтың бастауында

тұрған Төрткен Кененқызының шоқтығы биік, жұлдызы жоғары.

### Қорытынды

Қазақ әні ұлтымыздың ғасырлар көшінен шаң баспай келе жатқан халық рухының тарихтан тіл қатқан тірі куәгері іспетті. Күнделікті тұрмысқа, салт-дәстүрге байланысты туған ғұрыптық әндер, қара өлеңінен тартып, елдің аңсар мұратын, қуанышын, қайғысын, жан сезімін өрнектеп, формалық, мазмұндық тұрғыдан кемелденіп, кәсіби тұғырға жеткен дәстүрлі ән өнері ұлттық музыка мәдениетінің алтын дінгегі, ықылымнан бүгінге жеткен сарқылмас қайнар көзі секілді.

Орыстың тамаша ғалымы Г.Потаниннің «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді», - деген пікірін қазақтың осындай даралығына көз жеткізгеннен кейін айтқан болар [76].

Сан ғасырлық тарихы бар қазақтың музыка өнері осы күнгі мәдени сатыға биіктегенге дейін ауызша таралып жеткені белгілі. Халық музыкасының бізге соншама жақын болып кеткендігінен болар, көне ғасырдан жеткен ән- күй, жыр -толғауларымыздың авторларына көбіне мән берместен «халық әні», «халық күйі» деген үйреншікті атау тағып айта беретін болдық. Дегенмен де әрбір шығарманың өзіне тән әуені, өзіне тән мазмұны бар. Әннің интонациясы өлеңнің мән мазмұнымен қабысып, бірінжбірі толықтырғанда бір тұтас дүние пайда болады. Шеберлік дегеннің өзі- орындаған шығармасының ішкі-сыртқы сипатын, музыкалық табиғатын аша білуі. Әрбір әннің өз айтар ойы мен түрліше идеясы болады. Ән соншалықты ғажап болғанымен, оның тыңдаушыға сол дәрежесінде жетуі орындаушының шеберлігіне байланысты.

Табиғи, тарихи тіпті саяси ерекшеліктеріне орай, әрбір өлкенің өзіндік құндылықтары қалыптасатыны белгілі. Осы тұрғыдан қарағанда Жетісу өңірінің тарихы азаттық үшін күрескен, ел мен жер үшін шайқасқан батырлар ерлігі мен өрлігіне арналған рухани жәдігерлер мен мол мәдени мұраға толы.

Талай ақын-жыршылардың шығармасына арқау болған Жетісу жері- шөбі шүйгін, табиғаты сұлу өлке.

Қазақ музыкасы үнемі біркелкі, бір арнамен дамымағаны белгілі. Байтақ жер, ұшы-қиырсыз кең даланы мекендеген қазақ халқы әдемі әннің тамаша түрлері мен үлгілерін тудырған. Қазақ музыкасы әр өлкеде өзінше дараланады. Оңтүстік пен Жетісу өңірінің әндері көбінесе формасы жағынан қысқа қарапайым, ширақ, ал мелодиясы жағынан жүрдек, көңілді, шымыр, қысқа да ұтқыр. Батыста екпінді, шапшаң, эпикалық серпінді, асқақ лирикалы болып келеді. Ал, Орталық Қазақстанда баяу, ерекше сазға бөлейтін назды болып келеді. Бұған дәлелді қазақтың екі мыңнан астам әні мен күйін алғаш нотаға түсіріп, ел аузынан жазып алған А.В.Затаевичтің еңбектерінен табуға болады [46].

Қазақ халқы ән өнері жағынан қашаннан да кенде халық емес. Ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігімен өзектес болған ән, уақыт сұрыптауынан өтіп, сан түрлі жанрларға бөлінді. Әншілік мәдениетіміздегі қай жанрды

алсақ та өзіндік әдемілігімен, тартымдылығымен ерекшеленеді. Қазақ әндерінің ішінде теңіздей шалқыған, өзінің шексіздігімен, шетсіздігімен, тақырыбының кеңдігімен, мазмұндылығымен ерекшеленетін өнер – кәсіби ән өнері. Халықтық өнеріміздің сарқылмас байлығы, қайнар көзі болған дәстүрлі ән - барша қазақтың сүйіп орындайтын әні.

Халық назарынан бір сәт те қалыс болмаған кәсіби әндер бүгінгі таңда да өз қалпын сақтап, оның насихатталуы мен орындаушылығы толассыз дамып келуде. Біздердің ата-бабаларымыз, аға буын ұрпақтар осы әндерді айтып, тәлім алып, кейінгіге жалғап өсті. Қоғамдық тіршілікке, ұлттық тәрбиеге берері мол өнерді дамытып, қыр-сырын ашып, келешекке аман жеткізу парызымыз. Дәстүрлі кәсіби ән өнері еліміздің көптеген оқу орындарында көп жылдардан бері арнайы мамандық ретінде оқытылып келе жатса да олардың методикалық-педагогикалық аспектілері осы уақытқа дейін зерттелмеген.

Диссертация қазақтың кәсіби әншілік дәстүрінде ерекше орын алатын тұлға, оның ішінде Жетісудағы әншілік дәстүрдің негізін қалаған Кенен Әзірбайұлының шығармашылығына, әндерінің тарихы, сақталуы, үйретілуі сияқты ұлттық көріністерді зерттеуге арналған. Әнші, ақын, композитор Кенен Әзірбайұлының шығармашылығы қазақтың музыкатану саласында осы күнге дейін түбегейлі зерттелмеген, түйіні шешілмеген тақырып болатын.

Нәтижесінде диссертациялық зерттеуде төмендегіше міндеттер толық орындалды. Олар:

1. Кенен Әзірбайұлы өмір сүрген дәуірдің қоғамдық саяси-әлеуметтік сипатын саралай отыра, оның жекелей ғұмырнамасы мен шығармашылығына баға берілді;
2. Әнші туралы музыкалық-тарихи мағлұматтарды, архивтік деректерді, жеке адамдардың мұрағаттарын жинастырып, оларды жан-жақты сараптау жұмыстары жүргізілді;
3. Әншілік, ақындық өнерін игерудегі, жетілдірудегі суырып салма шеберлігі мен әнші ретінде кәсіпқойлық деңгейіне музыкалық тұрғыдан сипаттама беріп, шығармаларына ғылыми жүйелік негізде жан-жақты талдау нәтижесінде сазгер әндерінің тұтас музыкалық көркем тіл ерекшеліктері айқындалды. Әншінің XIX ғасырдағы Жетісу әншілік өнерінің қалыптасуына қосқан үлесі көрсетілді;
4. Жетісу ән дәстүрі және Кенен әндерінің дербес стилі оқыту бағдарламаларындағы күзіреттілікті арттыруға және әннің аймақтық айрықша қасиеттерін сақтауда елеулі орындаушылық тәсілдері жан-жақты ғылыми сарапталды.

Зерттеу жұмысымыздың *бірінші бөлімі* – «Жетісу әншілік мектебі және Кенен Әзірбайұлы шығармашылығы» деп аталып, бұл бөлім екі тараудан тұрады, оның «Жетісу әншілік мектебінің дамуындағы алғышарттар» деп аталатын бірінші тарауында Жетісу өңірінің әншілік және жыршылық мектебінің ірі өкілдерінің шығармашылықтары туралы мәлімет бердік. Екінші «Кенен

Әзірбайұлының шығармашылық болмысының қалыптасуы» деген тарауында әнші, ақын, композитор Кенен өмірі мен шығармашылығын жан-жақты, әдебиетшілер және музыка зерттеушілердің еңбектеріне сүйеніп жаздық. Жұмысымыздың *екінші бөлімі* – «Кенен Әзірбайұлы ән мектебінің айрықша көркем тілі» деп аталып, екі тараудан тұрады. Оның «Кенен әндерінің құрылымдық топтары» деп аталатын тарауында Кененнің бірнеше әндеріне талдау жасап, әндерін үш топқа бөліп қарастырдық. «Кенен әндеріне тән жеке қолтаңбалық жүйе (ырғақ, ладтық жүйе)» деген екінші тарауында Кенен әндерінің ырғақ және лад мәселесіне тоқталдық. Бірде екілі мақалаларда болмаса Кенен әндеріне байланысты бұл тақырыптар музыкатану саласында бұрын соңды зерттелмеген. Диссертациямыздың *үшінші бөлімі* - «Кенен әндерін оқу орындарында үйрету мәселелері» деп аталып, бұл бөлімді үш тарауға бөлдік. «Кенен әндерінің тарихы» деп аталатын тарауда осы күнге дейін нотаға түскен, айтылып жүрген, әртүрлі жинақтарда жарық көрген Кенен атамыздың әндерінің тарихын ұсындық. «Кенен әндерін үйрету әдістемесі» деп аталатын тарауда автордың арнаулы музыкалық оқу орындарында көп жылдан бері сабақ беріп, жинаған тәжірибесімен, Кенен әндерін студенттерге үйрету әдістерімен бөлістік. «Төрткен Кененқызы – композитордың ән мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізуші» деп аталатын үшінші тарауда, Кенен атамыздың қызы, Кенен мұрасын осы күнге жеткізушілердің бірі және бірегейі Төрткен Кененқызы туралы жаздық. Кенен мұрасын жинақтап, олардың нотаға түсуіне септігін тигізіп, бірнеше кітаптарының жарыққа шығуына себеп болғанын айтпағанда, соңғы жиырма жылда Төрткен апамыз Кенен атамыздың ел естімеген, шықпай қалған әндерін Ж.Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжінің Жетісу ән мектебінде оқитын студенттерге барып үйреткен. Диссертация жаңалығы ретінде саналатын *қосымшадағы* Кененнің жиырма әні сол кезде Төрткен апаның өзінен алынды. Әндер дәстүрлі «қолдан алу» әдісімен үйретілді. Диссертациялық жұмыстың соңына пайдаланған әдебиеттер тізімі, және қосымша берілген.

Бұл еңбегімізге негіз болып отырған қазақтың кәсіби әншілік өнеріндегі елеулі өнер иесі, «екі ғасыр жаршысы» атанған Кенен Әзірбайұлының шығармашылығы бұрын соңды көп зерттелмеген тақырып. Сондықтан да біздің жасаған еңбегіміз, кең ауқымды өнегелі өнеріміздің қыр-сырына қанығу үшін жасалған алғашқы қадам. Кенен әндерінің құрылымдық, ладтық, ырғақтық ерекшеліктері, үйретілуі, репертуар мәселесі, әндерінің тарихы мәселесі әлі де көп еңбектенуді қажет етеді.

Қорыта келе, зерттеудің ғылыми болжамы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында дәлелденді және жүргізілген зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес нәтижелер алынды.

Әрине, біздің зерттеуімізде қойылған мәселе толық, жан-жақты қарастырылды деген кесімді жауап айта алмаймыз. Зерттеу жұмысы күрделі де ауқымды болғандықтан, алдағы уақытта музыкатану, педагогика, өнертану



саласында әлі де болса өзекті мәселелер қатарынан көрініс табады деп ойлаймыз.

Диссертациялық жұмыс нәтижесі болашақта Қазақстан Республикасындағы мәдениет, музыка өнері мен музыкатану ғылымы саласында құнды еңбектердің қатарында болып, музыкалық білім саласына оң септігін тигізбек.

Кенен әндері осы күнге Төрткен Кененқызы арқылы жетсе, бұл әншілік дәстүрді қазіргі таңда Төрткен Кененқызының төл шәкірті Шолпан Даржанова, Ержан Қосбармақов, Рамазан Стамғазиев, Дүйсенбек Өмірәлиев, Ақан Әбдуәлі, Тілеулес Құрманғалиев, Ардақ Балажанова, Жазгүл Даңылбаева, Ерболат Шалдыбеков т.б. әнші жыршылар насихаттауда.

Қазақтың дәстүрлі ән өнерін бүгінгі жаһандану заманда түрлі эстрадалық ағымдардың кері әсерінен сақтау, мол мұра мен бай қазынамыздың ұлттық бояуын бұзбай, дәстүрлі нақышын, тазалығын сақтап келешек ұрпаққа жеткізу әрбір өнер адамының мақсаты, міндеті.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Алекторов А. Киргизская песня. – Оренбургский листок. – 1890 г., №18.
2. Абай.Энциклопедия. – Алматы: Атамұра,1995. – 720 б.
3. Әуезов М. Әр жылдар ойлары.- Алматы: Ана тілі, 1959. – 371 б.
4. Муканов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 23 б.
5. Ысмаилов Е. Жамбыл және халық ақындары. – Алматы: Санат, 1996.- 240 б.
6. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы, 1975. – 464 б.
7. Бегалин С. Сахара сандуғаштары. – Алматы: Қазақстан, 1976. – 165 б.
8. Бақбергенов С. Бозтоғай. Повесть. – Алматы: Өнер, 1981. – 96 б.
9. Сеитов С. Өмір өрнектері. – Алматы: Жазушы, 1969. – 316б.
10. Сыдықов Т. Толғандырар тағдырлар. – Алматы: Қазақстан, 1977. –139 б.
- 11.Тәжібаев Ә. Жылдар,ойлар (Естеліктер мен толғаныстар). – Алматы: Жазушы, 1976. – 472 б.
12. Төрекұлов Н. Жамбыл мен Кенен (творчестволық этюдтер). – Алматы: Жалын, 1978. – 128 б.
13. Жолдасбеков М., Төрекұлов Н., Тоқсан толғау. – Алматы: Өнер, 1992.
14. Негимов С. Өнерпаздық өрнектері. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 88 б.
15. Кененова Т., Серікбаева А. «Бозторғай».- Алматы: Жалын, 1977. – 176б.
16. Өтен А. Кенен Әзірбаевтың әдеби шығармашылығы. канд. дисс. Алматы, 2008
17. Ерзакович Б. Песенная культура казахского народа. – Алма-Ата, 1966.
- 18.Темирбекова А. Казахские народные песни. – Алматы, 1972.
19. Ерзакович. Б., Серікбаева А. Азербайбаев К. Шырқа, даусым. – А.,1984.
20. Нұғыманова Ә. Қазақтың әншілік дәстүрі. – Алматы, 2009.
21. Қоспақов З. Сыр тартсақ тарихынан әншіліктің. – Алматы, 1996. – 168б.
22. Елеманова С. Казахская музыкальная литература. – Алматы: Өнер, - 1993. - 208б.
23. Бердибай А. «Музыкально-поэтическая структура казахских традиционных песен» докт. дисс. – Алматы, 2017.
24. Сабилова А. Ежелгі дәуірдегі қазақ музыкасы. – Алматы, 2016. – 216 б.
25. Муканова А. К вопросу о стилевых особенностях песен Кенена Азербайбаева. Методическое пособие.- Алматы, 2004. – 24с.
26. Утешева А. «Созтызание акынов» (Посвящается к 100 летию К.Азербайбаева). «Ленинская смена» 1984, 21 июня.
27. Бәбіжан Б. «Жетісу әншілік мектебінің қалыптастырушысы – Кенен Әзірбайұлы» Хабаршы, 2009 №2.
28. Н.Төрекұлов пен Б.Әзірбаевтың құрастыруымен «Кенен Әзірбаев» атты екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы, 1984.
29. Кенен Әзірбаев. Шырқа даусым. Әндер. Құр. Б.Қыдырбекова.1984.
30. Әзірбаев К. Аңыздар сыры. – Алматы: Өнер, 2000.
31. Кененова Т.«Екі Кенен тумайды» естеліктер жинағы. – Алматы, 2001.

32. Кененұлы Б. «Әке рухымен сырласу». – Астана: Елорда, - 2004, – 320б.
33. Төрткен Кененқызы. «Кенен ата» естелік-эссе. – Алматы: Қазығұрт, 2005.
34. Кененқызы Төрткен «Дүлділ еді, бұлбұл еді Кенекен». - Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009. – 240б.
35. Төрткен Кененқызы «Қосылған қоңыр қазға ән мен үнім». – Қазығұрт баспасы 2013.
36. Көпшілік тыңда, әнімді. Құр. Е. Қосбармақов. – Алматы, 2008.
37. Қосбармақов Е. «Алатау алабында». – Алматы, 2008
38. Шолпан Даржанова. «Алатау әуендері». – Алматы, 2017.
39. Жетісу энциклопедиясы. – Алматы, 1998.
40. Құлан аян Құлмамбет. – Алматы: Ғылым, 1998.
41. Медеубекұлы С., Мүптекеев Б. Жетісу әуендері. – А.: Өнер, 1998.
42. Шәпиев М. «Сары бидәй әні қалай туған» мақала «Парасат» журналы
43. Әбдуәли А., Әбуғазы М. Жетісу ақындарының жыр сарындары. – Атамұра баспасы, 2008.
44. Қалдыбаев Ә. «Сауытбек сал» – Егемен Қазақстан, 1996.
45. Қосбасаров. Ә. «Жер жаннаты Жетісу. – Алматы, 1968.
46. Затаевич А. «Қазақ халқының 1000 әні». – Орынбор, 1925.
47. «Еңбек туы» Жамбыл облыстық газеті, 1 сәуір, 1984.
48. Бәбіжан Б., Даржанова Ш. Жетісу ән дәстүрінің негізін қалаушы Кенен Әзірбаев шығармашылығының қалыптасуы және зерттелуі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Өнер сериясы 3(58). – Астана, 2018. – Б. 267-270.
49. Елеманова С.А. О генезисе, эволюции и стиле казахской традиционной песенной культуры. // «Астана-арқау» Халықаралық конференциясының мақалалар жинағы. – Астана, 2010.
50. Готовицкий М.В. О характере киргизских песен. Записи Туркестанского отдела Императорского общества любителей естествознания и этнографии. – Ташкент, 1879. 1-том.
51. Сейдімбеков А. Қазақтың күй өнері. – Астана: Күлтегін, 2002. – 831б.
52. Елеманова С.А., Казахское традиционное песенное искусство. – А.: Дайк-пресс, 2000.
53. Джумалиева Т.К. Творчество казахских акынов в контексте единого культурного пространства // Казахская музыка в контексте культур. – Алматы, 2002.
54. Каракулов Б. Ладовые функции домбрового сопровождения в казахских народных вокально-инструментальных жанрах. В кн. Традиции и новаторство. Тезисы межреспубликанской научно-теоретической конференции. – Алма-Ата, Минвуз, 1980.
55. Амирова Д. «К вопросу взаимодействия вокального и инструментального начал в казахских народно-профессиональных лирических песнях». В кн.: Национальное и интернациональное в музыкальном искусстве. Материалы межреспубликанской конференции. Алма-Ата, 1983. Ахметова М. Традиции казахской песенной культуры. – Алма-Ата, 1984. – С. 20-24.

56. Ахметова М.М. Қазақтың халық әндерінің музыкалық ерекшеліктері // Қазақстанның музыка мәдениеті. – Алматы, 1957.
57. Амирова Д. «О казахском народно-профессиональном песенном исполнительстве»
58. Елеманова С. Профессионализм устной традиции в песенной культуре казахов. – Автореф. дис...канд. иск. – Л., 1984.
59. Елеманова С. Методологические предпосылки изучения профессионализма устной традиции. В кн.. Вопросы истории и теории музыки Казахстана. – Алма-Ата, 1984.
60. Бәбіжан Б. Қазақтың жүз қара өлеңі. – Алматы: Сорос-Қазақстан қоры, 2002–256б.
61. Рахмадиев Е. Тас бұлақтай таза өнер. Кенен Әзірбаевтың композиторлық, әншілік, шығармашылығы туралы. //Қазақ әдебиеті. – 1984. – 22 июнь, – 5б.
62. Байгаскина А.Е. Ритмика казахской традиционной песни. – Алматы, 2003. – 207 с.
63. Кожабеков И. О тональной централизации лада в казахской народной лирической песне // Вопросы истории и теории музыки Казахстана. – Алматы, 1984. – С. 97-119.
64. Асафьев Б. Три статьи о казахской музыке // Музыкальная культура Казахстана. – Алматы, 1955.
65. Алексеев Э.Е. Фольклор в контексте современной культуры. Рассуждения о судьбах народной песни. - М.: Советский композитор, 1988. – 238с.
66. Тілеухан Б.Қ. Қазақтың кәсіби вокалды өнерінің кейбір ерекшеліктері // Дәстүрлі ән өнері. Халық әні кафедрасының құрылғанына 20 жыл толуына арналған әдістемелік құрал. Алматы, 2008.
67. Амирова Д. Инструментальные предпосылки песенного мелоса в народно-профессиональной традиции казахов. В кн. А.В.Затаевич и проблемы современного этномузыкознания (Материалы Всесоюзной научно-теоретической конференции), А., 1991.
68. Роза Айдарбекова. «Іле таңы» газеті, – 04 ақпан 2011.
69. Төрткен Кененқызы. «Ақ жол» газеті, – 11 тамыз 2015.
70. Жұрынова Б. «Өнегелі өмір өрнектері». «Дулат» баспасы. – 2016, – Б. 99-100.
71. Ержан Қосбармақов. «Егемен Қазақстан» газеті. – 2006, 15 наурыз.
72. «Жас Алаш» газеті. – 2004, 29 мамыр.
73. «Егемен Қазақстан» газеті, – 1997, 26 қыркүйек.
74. «Жетісу» газеті, 2010. 28 тамыз.
75. «Іле таңы» газеті, 2010. 29 қазан. «Жетісу» газеті, 2010. 3 шілде.
76. Потанин Г.Н. Европа и Азия в кадетском корпусе. – Сибирская жизнь. 1976. №18.
77. Күзеубай А. «Қазақ әншілік дәстүрінің қазіргі заманда таралым мәселелері» докторлық диссертациясы, Алматы, 2016.
78. Стамғазиев Р.Ө., «Жетісу өңірінің дәстүрлі ән өнері (Хантәңірі аймағы бойынша)» магистрлік диссертациясы, Алматы, 2014.
79. «Жетісу» газеті, 2006. 7 наурыз.

80. «Үкілім-ай» халықаралық журналы. 2006. №2 саны
81. «Қазақ әдебиеті», 1989. 16 маусым.
82. Даржанова Ш. Кененнің жұлдызы // Қазақ КСР – нің Халық әртісі Гүлжиһан Ғалиеваның өмірі мен қайталанбас мол рухани мұрасын дәріптеуге арналған «Қазақ эстрада өнері және кәсіптік білім саласындағы жаңа технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Алматы, 2017. – Б. 96-102.
83. Жолдасбеков М. Жүз жыл жырлаған жүрек. – Алматы, Өнер, 1992.
84. Жәйшібекова К. Жетісудың жезтаңдай ақындары. – Алматы, Өнер, 1996.
85. Төрткен Кененқызы. «Ақ жол» газеті, 11 тамыз 2015 жыл. Әзірбаев К.